

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСПП
БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТІНІҢ
КАСПИЙ ӨНІРІ «БОЛАШАҚ» КОЛЛЕДЖІ**



Манғыстау облыстық
ТжКББ



Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «АБАЙ МҰРАСЫ –
ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ҚАЗЫНАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

04 Мамыр, 2020

**МАТЕРИАЛЫ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «АБАЙ МҰРАСЫ – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ҚАЗЫНАСЫ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 175-ЛЕТИЮ АБАЯ КУНАНБАЕВА**

04 Мая, 2020

Ақтау 2020

ӘОЖ 821.0 (574)

КБЖ 83.3 (5Қаз)

А 13

«Абай мұрасы - әлемдік мәдениет қазынасы »: Абай Құнанбаевтың 175жылдығына орай сырттай өткізілген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы = «Абай мұрасы-әлемдік мәдениет қазынасы» Сборник материалов заочного республиканский научно-практической конференции посвященный к 175 летию Абая Кунанбаева –Ақтау,2020,-112б

ISBN 978-601-332-832-4

Бұл жинақ Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай мұрасы-әлемдік мәдениет қазынасы» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалары негізінде дайындалды.

«Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеялары»,«Абай Құнанбаевтың рухани мұраларының қазіргі заман жастарының тәрбиесіне әсері», «Абай әлеміне саяхат (Абай шығармаларын талдау)» бөлімдерінің жұмысы қамтылды. Абай мұрасына қызығушылық танытқан барлық оқырмандарға пайдалы болуы мүмкін.

Сборник статей подготовлен на основе докладов Республиканской научно-практической конференции. «Абай мұрасы-әлемдік мәдениет қазынасы», посвященный 175-летию Абая Кунанбаева. Программа конференции включила работу секций. «Основные идеи педагогического наследия Абая», «Влияние духовного наследия Абая Кунанбаева на воспитание современной молодежи», «Путешествие в мир Абая(анализпроизведений)».Издание может быть полезно кто интересуется наследием Абая.

ӘОЖ 821.0 (574)

КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-332-835-5



9 786013 328355

ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ колледжі»2020

Маңғыстау облыстық техникалық және кәсіптік
білім берудің оқу-әдістемелік кабинетінің
Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай
«Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы»
тақырыбында республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу туралы
24 сәуір 2020 жылғы бұйрығы №24 НҚ

Материалдар жинағы 2020 жылдың 04 мамырында Ақтау қаласында Маңғыстау облыстық техникалық және кәсіптік білім берудің оқу-әдістемелік кабинеті, ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжінің» ұйымдастыруымен сырттай өткен Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалары негізінде дайындалды. Конференция бағдарламасында «Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеялары», «Абай Құнанбаевтың рухани мұраларының қазіргі заман жастарының тәрбиесіне әсері», «Абай әлеміне саяхат (Абай шығармаларын талдау)» бөлімдерінің жұмысы қамтылды.

Баяндамашылар Абай мұрасына замануи көзқарасты, оның әлемдік мәдениеттегі орнын, шығармашылығын, Ұлы ақын мұрасын насихаттау, білім беруде өзекті мәселелерін шешу жолдарын қарастыру бойынша зерттеу нәтижелерін ұсынды. Бұл басылым жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларына, ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға және Абай мұрасына қызығушылық танытқан барлық оқырмандарға пайдалы болуы мүмкін.

Сборник статей подготовлен на основе докладов Республиканской научно-практической конференции «Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы», посвященная 175-летию Абая Кунанбаева, заочно состоявшейся 04 мая 2020 года в городе Актау. Программа конференции включала работу секций «Основные идеи педагогического наследия Абая», «Влияние духовного наследия Абая Кунанбаева на воспитание современной молодежи», «Путешествие в мир Абая (анализ произведений)». Докладчики представили результаты исследований по обсуждению современного взгляда на наследие Абая, его место в мировой культуре, новый взгляд на творчество поэта, использование педагогических идей Абая в решении актуальных проблем образования. Издание может быть полезно преподавателям вузов и колледжей, ученым, докторантам, магистрантам и всем, кто интересуется наследием Абая.

Ұйымдастыру комитеті

Орг. Комитет

СЕКЦИЯ №1

**АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ
ИДЕЯЛАРЫ**

ОСНОВНЫЕ ИДЕИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ АБАЯ

АБАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Мырзабай А., магистр

Ғылыми жетекшісі: профессор Көкшеева З.Т

Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Андатпа: мақалада Абай шығармаларындағы психологияның негізгі мәселесі-жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясының мәні мен маңызы әңгіме болады.

Тірек сөздер: Абай мұралары, қағидалары, қара сөздері, психологиялық көзқарастары

Ақын творчествосында психологияның негізгі мәселесі-жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясы мен қоғамдық ұлттық психологияның жекелеген мәселелері де (адамның жеке басына және жас деңгейіне байланысты ерекшеліктер, әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеу жайлы оқу мен үйретудің психологиялық негіздері, ұлттық мінез-құлық, т.б.) көрініс тапқан. Ол бұларды талдап-талқылағанда адамның психологиялық өмірінің қыры мен сырына жаратылыстық-ғылыми тұрғыда түсініктеме бере қоймайды.

Алайда, Абай тұжырымдарының ауқымы мен тереңдігі оның әлем психологтарының еңбектерімен таныс болғандығын айқын дәлелдейді. Нақтырақ айтсақ оның, психологиялық көзқарастары Аристотель, әл-Фараби көзқарастарымен астарласып жатады. Оның таным процесіне байланысты материалистік - түсініктері аллаға сену мен жанның мәңгілігі туралы ұғымдармен араласып отырады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдындағы келер заман» т.б. өлеңдерінде ойшыл ақын адамның тәні ғана өледі, ал жаны ешқашан да өлмейді деп тұжырымдайды[1].

Абай психологиялық көзқарастары жалпы және педагогикалық психология мәселелерімен ғана шектелмейді. Ақын туған халқының әлеуметтік жағдайымен, оның әртүрлі топтарының мінез-құлықтарына да ерекше зейін қояды. Ол жұртының мінез-құлқын, көңіл-күйін, іс-әрекеттерін, күйініш-сүйінішін, талап-талғамын, салт-санасын жақсы білді. Оның шығармаларынан мінез-құлықтары сан алуан адамдардың (бай, болыс, атқамінер, т.б.) психологиялық бейнесі тамаша көрініс тапқан. Ақын осынау әлеуметтік топтардың барлығына толыққанды, көркем бейнелі сипаттама беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың әлеуметтік-психологиялық мәнін де ашып көрсетеді. Ол көшпелі халықтың өмірінің ұсақ-түйектеріне дейін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрыптарының өзіндік

ерекшеліктерін зерттеп, қазақтың рухани мәдениетіне қатысты деректерді жан-жақты пайдаланды.

Абай жасаған қазақ қауымының түрлі топтарының өкілдері жайлы психологиялық сипаттаманы шын мәнісіндегі өміршең де әділ тұжырым деп бағалауымыз абзал.

Абай адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын ғылыми материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Сезіну және түйсіну мәселелерін де дәл осы бағытта талдайды. Ақын сыртқы дүниенің адамның сезім мүшелеріне әр түрлі сипатта әсер ететінін айта келіп: «Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән-ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтың қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік?» - деп көрсетеді. Алайда сезім мүшелерінің (көз, құлақ, мұрын, т.б.) мимен байланысты дейтін ғылыми түсінікке ол бара қоймайды. Бірақ түйсіну, қабылдаудың басқа да танымдық құбылыстарымен, дәлірек айтқанда, ойлау елестету, ұғым сияқты түсініктерімен байланысты екенін ашып айтады. Осыған байланысты Абай «Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі», - деп жазады. Ақын:

«Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей,

Шу дегенде құлағың тосаңсиды,

Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей,

Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,

Және айта бер дейді жұрт тыным бермей,- деген жолдарда «түйсік» деген ұғымды арнайы айтпағанмен психологиялық құбылыстың мәніне көңіл аударады. Ол түйсік пен қабылдау адамның жиған – терген тәжірибесіне байланысты, сөзді дұрыс қабылдап, меңгеріп алмай келесі сөзді түсіну қиын деп дұрыс тұжырымдайды[2].

Ақын шығармаларынан тек адамға ғана тән жан қуаттарының негіздері - сөз бен қиял хақындағы пікірлерін жиі кездестіруге болады. Абай:

«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек», -

деп терең ойлай білетін, қиялы ұшқыр, кең, ақылды адамдарды жоғары бағалайды. Ақын: «...Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар. Оның бірі-мұлахаза (ойласу, пікір алысу) ..., екіншісі – берік мұхафаза (сақтау, қорғау) ... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» - деп жазды. Абай жан қуаттарын адамдардың бір-бірімен жәй түсінісуі ғана емес, сонымен қатар олардың көңіл-күйіне, бүкіл психологиясына әсер ететін күшті құрал ретінде түйсінеді.

Адамның ішкі жан - дүниесін оның үш қырымен (ақыл, сезім, қайрат) тұтастыра қарастыратын Абай адам өмірінде, таным мен күнделікті тіршілікте, сезімнің аса маңызды қызмет атқаратынын көрсете келіп, кісінің рухани дамуы үшін ең алдымен жан-дүниесі бай, сезімтал болуы

кажет дейді. Ақын адамның адамгершілік, имандылық, моральдық, эстетикалық сезімдеріне айрықша мән береді. Осындай сезімдерді бойға дарытуда адам жаман мінездерден арылып, өзін-өзі тәрбиелеу керек деп есептейді. «...Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, иә біреудің орынсыз сөзіне, иә бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады», - деп ескертеді.

Ақын қағидаларында қоршаған әлемді тану үшін адамға алдымен - «не көрдің, естідің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып...» алу; екінші - «...бір нәрсені естіп, көріп білдің, қош келді, қазір соған ұқсағандарды тексерерсің. Түгел ұқсаған ба? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін бойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтенен хабарласып білмей, тыншытпайды», - деп көрсетеді. Абай сезім мүшелерінің шындықты танудағы қызметін былайша түсіндіреді. «Адамның қуаты, өмірі бірқалыпта тұрмайды. әрбір мақұлыққа құдай тағала бірқалыпта тұрмақты берген жоқ», - деп, табиғат қана емес, адам да үнемі өзгеріп отыратындығына ерекше көңіл аударады.

Абай адам мен жануарларды салыстырып келіп: Абай адам мен жануарларды салыстырып келіп: «қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық, шеберліктің үдесінен шығар қисыны бар?» - адамның хайуанаттан басты айырмашылығы қоғамға қызмет етуінде деп түсіндірді. Ол жастарды білім - ғылымға шақыра отырып, тек қажырлықтаң, құштарлықтың арқасында ғана ғылымға қол жеткізуге болатынын айтады[3].

Абайдың психологиялық мәселелеріне байланысты бізге жеткен пікірлері, оның қазақ тарихында тұңғыш рет психологиялық ұғымдар жасауға талаптанып, бұл ғылымға қазақ тілінің аса бай сөздік қорынан бірқатар түсініктер (қылық, қуат, мінез, көңіл, қасірет, қуаныш, құмарлық, күлкі, ықылас, талап, зерде, үрей, жалқаулық, табалаушылық, күншілдік т.б.) енгізіп, осы жолда қазақ фольклорындағы психологиялық түсініктерді өңдеп, әрлеп, нақтылап, орнықтырып қана қоймай, сонымен қатар көшпелілердің психологиялық әлемі туралы өзіндік көзқарас жүйесін қалыптастырғанына келіп тіреледі.

Абай адамның жан-дүниесіне қатысты түрлі ұғымдар мен түсініктердің мінін айшықты тілмен әсерлі етіп жеткізіп, өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының қалың бұқарасы арасына психологиялық білімнің таралуына қолайлы жағдай жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т.Тәжібаев. Абайдың психологиялық көзқарастары. Алматы 1997.
2. Құнанбаев А. Өлеңдер мен поэмалар, шығармаларының II томдық толық жинағы Алматы 1987
3. Қарасаев Ғ. Абайдың қара сөздері //Қазақстан мектебі 1995

А. ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР

Өтеген З.Б., информатика пәні оқытушысы

Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Қоғамның тарихи даму кезеңінде өткен дәуірден бізге жеткен мәдени, әдеби мұралардың өсіп келе жатқан жас буынды оқыту мен тәрбиелеуге септігін тигізетін мүмкіндіктерін сарқа зерттеп, тәлім-тәрбие ісінде қолдану бүгінгі күн талабы. Өйткені, жан-жақтан қаулап арам шөптей басып келе жатқан құнсыз дүниелердің жастар өміріне дендеп еніп бара жатқанын көріп отырмыз. Қазіргі кезде оқыту теориясына қатысты, әсіресе, соның ішінде оқыту әдістеріне байланысты "жаңа технология", "белсенді әдістер" деген секілді бір қарағанда жаңа сипаттағы ұғымдар пайда болды. Ал, олардың көпшілігі, компьютерлік технология, аудио-видео технологияларынан басқалары, кәдімгі ертеден бері қарай қолданып келе жатқан әдістер мен тәсілдердің түрліше топтастырылуы мен талдануы. Бұл ретте, ақын шығармаларындағы дидактикалық идеяларды да тың сипатта талдап, жаңаша көзқараспен зерделесек осы "жаңа технология мен белсенді әдістерді" байыта түспек.

Абай шығармаларында оның өмір тәжірибелерінен туындаған, кейінгілерге өнеге болатындай осындай дидактикалық мәндегі туындылар, пікірлер, тылсырымдар, ереже, қағидалар мол. Олар өлең түрінде берілгендіктен сөздердің ұйқасы, мазмұндылығы, меңгеруге қолайлы, шынайы өмірден алынғандықтан нанымды, кейбір өлең ырғақтары тіпті иландырып еліктетіп әкетеді.

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу. Ақын, ойшыл ұлы ұстаз – Абай халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы - сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады. Еңбекті Абай, басқада қазақ ағартушылары сияқты - байлықтың, молшылықтың көзі - деп санады. Оған жазған мына бір шумақ өлеңін келтіруге болады.

"Қартайдық, қайғы ойладың ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан,
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман - деп, өз кезіндегі еңбек етпейтін жастардың осындай жағымсыз мінездерін сынады.

Тек еңбек, еңбек құмарлық халықты өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты - еңбек ғана биікке шығарады – деген Абай даналығы бұл күнде де күшін жойған жоқ.

Абай Құнанбаев шығармаларындағы педагогикалық ойлардың өзегін «біл», "оқы", "үйрен", "ізден", "ұқ" тұжырымдары құрайды және ол өлеңдерінен бастау алып, қара сөздерінде айқындала түседі. Ақынның "біл" тұжырымның басты идеясы "білген, білген-ақ сан қылса," – дегенге саяды. Осыдан барып "білген деген не?" сұрағы туындайды.

Осыған орай "Мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл.. біреу білмес сен білсең, білгеніңнің бәрі тұл... шын сөз қайсы біле алмай, әр нәрседен құр қалма...", "Орыс тілі, жазуы-білсем деген таласы...аз білгенін көпсінсе... талап қыл артық білуге" - мұндағы "біл" дидактиканың білім беру мақсатына меңзейді. Ақынның "біл" тұжырымы адамның өнері мен білімінің уәзіні, өлшеуіші, себебі ақын адамның бірінен бірінің артықшылығын өнері, білімінен байқауға болады...дейді. "Сегіз аяқ" өлеңінде, "сөйлеймін десең өзің біл...білгенге маржан, білмеске арзан" сөздің бағасы тындаушылардың білімі, ұғынып, түсінуіне байланысты, естіген сөздің байыбына бара алмаса "білмейді" деп бағаланады. Себебі, не істесе де, қалай істесе де білімді адам жолын табады деген.

Ғұлама ұстаз Абайдың таным үрдісіне қатысты пікірлері 43-қара сөзінде мынандай үш түрлі ұғым төңірегінде даму тапқан: "подвижный элемент" - біз бұны қозғаушы қуат-энергия деп ұғындық; одан кейінгісі "сила притягательная однородного" - сараптау деп, ал "впечатлительность сердца" - әсерлену немесе сыртқы ықпалдан туындайтын көңілде қалатын із, тап деп ұғындық. Осыларды талдаудан бұрын "қуат" сөзіне ақын берген мәнділікті ұғыну керек секілді. Қазіргі күні қуат дегенді энергия деп пайдаланып жүрміз. Абайдың "қуаттың ішінде үш артық қуат бар., ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты" деген пайымдауларын зерделей келе, қуат деп адамның психикасы немесе ішкі жан дүниесін қимылға келтіретін, түрткі беретін тұлғаның өз бойындағы күштерін айтуға болады.

Таным үрдісі ақыл-ой қызметімен сезім мүшелері арқылы ғана іске асады . Өйткені, мұнда адамның ішкі жан-дүниесінің алатын орны бар. Жан-дүние деген поэзияға жақын сөзді ғылым тіліне аударсақ, ол психиканың қызметі болып табылады. Ақыл, ой-қызметінің сапасы мен мүмкіндіктерін көрсетеді. Білім алу, білім беруді ұйымдастыру ғылыми білім арқылы дүниені тану үрдісі десек жаңылмаспыз. Өз кезегінде есеп алу осы үрдістің дұрыс, бұрысын, мақсат, міндеттерін айқындап алуға көмектеседі.

Таным үрдісіндегі ақыл қызметі, ондағы ерік, күш қайраттың орны, сезіммен осы алғашқы екеуінің байланысы, Абайдың 17-қара сөзінде қарастырылады. 17-қара сөзін жазу тәсілі мен стилінің өзі дидактикалық талаптардың түсінікті, анық, айқын, бірізді, қысқа да нұсқа дегендеріне сәйкес келеді. Мұнда алдымен ғұлама ұстаздың осы сөзді жазудағы мақсатын, адам болмысының аса маңызды сипаты болып табылатын ақыл, біз психологияда ерік күші, ырық деп жүрген қайрат және сезім үшеуінің өмірдегі мәнін айқындап алуға мүмкіндік туғызатыны анық.

Таным үрдісі жайлы тақырыпты оқытуда оның негізі танып білу философиясы немесе гносеология екенін айта келіп, оның кезендеріне тоқталу

арқылы оқу үрдісіндегі көрінісі зерделенеді. Осыған орай оның кезеңдері қарастырылады:

Бірінші кезеңі нақты пайымдау - сезім мүшелері арқылы сыртқы дүниемен қарым-қатынасқа ену, олардың әртүрлі қасиеттерін бір мезетте түйсіну, сезінуден басталады. Осыған байланысты ұстаз Абайдың 43-қара сөзінде "көзбен көріп, құлақпен есітіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады" деген.

Таным процесінің екінші кезеңі – дерексіз ойлау. Түйсіну және қабылдау арқылы алған деректерді "сынап, орынды-орынсызын бәрінде бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылыш, қарап табады," – делінген 43-қара сөзінде, бұл заңдар мен заңдылықтардың қалыптасу барысын көрсетеді.

Ал, үшінші кезеңде әлгі табылған заңдар мен заңдылықтар немесе шығарылған қорытындыны іс жүзінде, практикада қолдану Абайша былай берілген: "адамның ғылыми білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады", -деген 38-қара сөзінде.

Оқытушы мен оқушының іс-әрекетін ұйымдастырудағы Абайдың танымдық пікірлері

Ақын шығармаларындағы таным сатылары	Оқытушының таным іс-әрекетін ұйымдастыруы	Оқушының танымдық іс-әрекеті

Мақсаттылық – дидактиканың тағы бір мәселесі. Білім алу, оқып үйрену алдымен, алдына ізгі мақсат қою арқылы іске асатыны белгілі. Бұл өз кезегінде әркімнің өз алдына қойған жеке мақсаты, соған кіретін білім алудағы жеке мақсаты болса, оны жүзеге асыратын білім алу үрдісіндегі ұстаздар тарапынан қойылатын оқытудың мақсаты, әр сабақтың мақсаты, әркімнің дербес іс-әрекетінің мақсаты болып бөлшектенеді. Осылардың барлығының іске асуына тірек болатын ниет пен талап керек. Демек, алдымен мақсатты қойып, сол мақсатты жүзеге асыруға ниет ету керек екені айқындалды.

32-қара сөзінде білім алып, ғылымға ұмтылудың қажеттенулер мен ішкі жан-дүниесінің сұрау талаптарына тоқталады. Ұстаз Абай білім, ғылым үйренбекке "талап қылушыларға оның өзінің біраз шарттары бар" дей отырып, оны білмей іздегенмен табылмайтынын айтады. Сол шарттар мыналар:

1. Білім-ғылым табылса дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемеу басқаша айтқанда риясыз;
2. Әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат болады;
3. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады;

4. Әрбір естігенінді, көргенінді, көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Ақын шығармаларының әдебиет, тіл, тарих, музыка, физика, химия, т.б. пәндерді оқытуда олардың мазмұнына сәйкес тұстары мұғалімнің мүкіндіктерше байланысты әр түрлі деңгейде қолданыс тапқаны және оның шығармаларының тәлім-тәрбиелік мақсатта балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін жүйелі болмаса да қолданылып келе жатқаны анықталды.

Қорытындылай келе Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі зерттей келе төмендегідей тұжырым мен жасауға болады:

өлең, поэзия арқылы тәрбиелеу мен білім беру халқымыздың дәстүрге айналған жолы десек қателеспейміз. Ақын, жыраулардың ел аралап көпшілік алдында жыр дастандар орындауының өзі тәрбие мен білімді уағыздаудың ұрымтал түрлерінің бірі болғаны белгілі. Бұл үрдіс ертеден келе жатқан, әсіресе, көшпенділер арасында кең тараған тәсіл. Ақын шығармаларындағы басты дидактикалық тұжырым "оқы" болса, мұндағы мақсат білу, ой табу. Бұл қалай пайда болады? дегенде ақын кітаптан ерінбей оқу арқылы, ғылым іздеу арқылы келеді, сондықтан оқыған біледі, оқымаса ол надан деген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері.
2. Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. -Алматы, 1973.
3. Жақыпов А. Өнеге өрісі -А., Мектеп, 1975.
4. Педагогика (Под ред. Ю.К. Бабанского. – М., 1988)
5. Сабақ беру тиімділігін арттыру/Құрастырған Б. Сманов. -А, 1989.
6. Төлеубеков А. Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. -Алматы, 1991 ж.
7. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. /Құрастырған Ж Нұржанова. - Алматы, 1991.

СЕКЦИЯ №2

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ**

**ВЛИЯНИЕ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ АБАЯ КУНАНБАЕВА НА
ВОСПИТАНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ**

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Ағатаева Балдырған Жетімекқызы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні
оқытушысы

Маңғыстау облыстық Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді. «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол, халқыңа қызмет ет, еліңнің көсегесін көгерт» деген имандылық ережесін әр кезеңнің жас ұрпағы бұдан былай санасына Абай санасының нәрлі бұлағынан сіңіретін болады. Азаматтықтың үлкен жолындағы өзінің алдынан көлденең тартылған әрбір сұраққа ол тиісті жауапты ең алдымен Абай мұрасынан іздеп, Абай даналығынан табатын болады. [3, 3]

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма.

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті. Біз Абайды қазір қараңғы жұмбақ ретінде емес, қазақ әдебиетінің шам-шырағы ретінде қабылдаймыз. Біз үшін Абай өткен күннің ғана ақыны емес, халықтың алға қарай қажырлы ұмтылуында ақын онымен бірге болды – ал мұндай ақын өлмек емес, өйткені оның шығармаларына уақыт шек қоя алмайды. [1, 10] Абай бұрынғы ауылдың ғасырлар бойғы ескіліктерін, енжарлық пен жалқаулықты қайта түйреумен бірге, ақылы бар, бойында күші бар адамға қажетті қасиет ретінде еңбекті сүюшілікті жырлайды. Халықтың еңбек етіп, өз правосы үшін күресуі ғана дала кедейіне тәуелсіздік әпереді, білімге, аянбай оқуға ұмтылу ғана жас ұрпақтың қолын жақсы өмірге жеткізеді. [1, 17]

Қазақ халқының ой-санасында соны бағыт ұстанып, қазақ елін прогреске жетектеген ойшыл ақын «Түзетпедік едім заманды» деп, өз танымының тұрғысынан жас ұрпақтың жаңа өкілін дәуір талабының деңгейінде тәрбиелеуді мақсат тұтып, белсене әрекет еткен. Осы мүдде тұрғысынан Абай адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін алғаш рет «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде саралап, көп нәрсенің төркініне назар аудартады. Ұлы ақын жас

ұрпақтың адам болу талабының тұңғыш қадамы неден басталу керек деген сұраққа: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деп жауап береді. [2, 337]

“Қазақтың бас ақыны Ұлы Абайдың өлген күнінен қаншама алыстасақ, рухына соншама жақындаймыз. Халқымыз үнемі бұл күйде тұра бермес, ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артар. Халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...” деген екен Міржақып Дулатов. Мінеки, бүгінде ұлы ақынға – 175 жыл.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бүкіл өмірін елінің көкірек көзі – сауатын ашып, жетелеуге арналған ұлы Абайдың еңбегін бағалағанда алдыңғы орында оның бүкіл халықтық ұстазы болғандығы тұрса заңды деп білемін. Өйткені күні бүгінге дейін жасөспірімнен ересектерге дейін, оқушылардан ғалымдарға дейін оның шәкірттері болып, мұрасынан сусындауының өзі соның бір айғағы.

Ұлы ұстаздың ағартушылық көзқарасының алтын діңгегі – адам тәрбиесі, содан туындайтын бүкіл халық тәрбиесі. Әрбір жас адам ақыл-ойдың, мидың, жүрек пен сезімнің күшін пайдаланып, өз елінің «кетігін» бітейтін «кірпіш» болса деп армандады. Сонда адам мұраты мен халық мүддесін ұштастыратын жастар тәрбиесіндегі басты нұсқа қандай десек, ұлы ақын: «ақыл сенбейтін іске сенбе, ондай іске кіріспе, әуелі білім, ғылым өнер жолын таңдап алып, «естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деп жол сілтейді.

Ұлы ұстаз жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептейді. Ал кемелдікке жетудің тура жолы – адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады. Тәрбиенің қалған түрлері – адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, дене тәрбиесі, бәрі де осындай мұсылмандыққа ден қойған жасты бойына тез үйіріледі деп пайымдайды. Абай қоғамның тәрбиесі жеке адамнан басталатынын көрсетеді. Өйткені «адам түзелмей заман түзелмейді» деп ашық айтып, тобырдың ішінде тұлға жүрмесе мәнінен айырылатынын меңзеп, «не болды өңкей нөл» деп налыды. [2, 337]

Абай туындыларында басты орында еңбек тәрбиесі тұрады. Ол еңбекпен келген табыстың адал да дұрыс жолға бастайтынына кәміл сенеді, ал еңбекпен, саналы оймен, ақылмен істелген іс қана нәтижелі болады деп санайды. Оны:

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап, - деп жырлайды.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде ақын балаларын оқытуды өзгелерге үлгі етіп ұсынады. Осында айтылатын ұстаз ойының бүкіл мақсаты бүгінгі заман жастарына да тікелей қатысы бар десем артық айтылғандық емес.

Ақын өз шығармаларында адамды біртұтас тұлға ретінде қарастырады. Оның ішкі рухани дүниесінің, жүрек - сезім, сана - ақыл-ой, қайрат ерік күшінен тұратындығын көрсетеді. Мәселен, ол «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Сол себепті тәрбиелік іс-шаралар ең алдымен осы үшеуін дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруды нысана етіп алса, бұл процесс адамның табиғатына сәйкес және күнделікті тұрмысқа да іске асар еді.

Наданға арзан, ақылды құлаққа ілмек.

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек, - дейді Абай.

Ол жастарға пайдалы кәсіппен шұғылдануға кеңес береді, мұндай кәсіптің материалдық жағынан да, рухани жағынан да адамға берер игілігі көп деп біледі. Қастаншыл, жікшіл болма, бос белбеу іссіздіктен, қамсыздықтан бойынды қашыр, ерінбей еңбек істе – міне ұлы ағартушының айтқандары осындай. Осы жөніндегі ойын ол «Сегіз аяқ» деген өлеңінде былай баяндайды:

...Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде...
Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын,
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың;
Өтірік шағым болды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой...

Абайша айтқанда да, еңбек сүйгіштік – адамгершілік қасиет, сол себепті адам болғысы келетін жанның бәрі де адал еңбек істеулері керек. Тек еңбек қана адамды адам етеді, материалдық молшылық жасайды, рухани қайрат береді.

Абай былай дейді: «Егер еңбек етпесең – онда сен телмірумен өтесің, қарыныңды да, көңіліңді де жұбата алмайсың. Тек еңбек қана саған абырой мен құрмет әпереді. Еңбекте кірлі жұмыс жоқ, несімен болса да бой тартпа».

Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмассың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, мал бұйырмас.
Асаған, ұрттағанға өз жұбанар,
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар.

Әр алуан қолөнершілік, егіншілік пен оқу, білім алу – осының бәрін Абай нағыз пайдалы еңбек деп санайды. Осылармен шұғылдануға жастарды шақырады да.

«Жасөспірім замандас қапа қылды» (1894) деген өлеңінде ақын жастардың бір бөлігінде сабыр, ар жоқ, аял жоқ, өнерлі іске икем жоқ деп мазаланады. «Жамандық, жақсылықпен оған бір бәс», - дейді ол. Олардың пайдалы еңбекке қабілетсіз, білімге ынтасыз екенін, еңбек емес, еппен тұрғысы келетінін айтады.

Ол қорқақты шенейді, олар әдетте жалқау, дәрменсіз болады дейді. Қорқақтық – қайратсыздық белгісі. Батыл, ер болу үшін, дейді ол, күшті қайрат пен берік мінез керек.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет шапқан кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Ерліктен бәрі – тапқырлық та, батылдық та, сабыр да шығады», - дейді Абай.

Сабырлы, табанды болу – ер, мақсатшыл адамның сапасы. Абай қазақ жастарын қиын кезеңде, ғылым жолында кездескен алғашқы сәтсіздік үстінде күдер үзбе, талаптың сұңқарын мініп, тас қияға өрле, мұратыңа жетпей тынба деп баулиды.

Ал «Бірің қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөздері шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарттары. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек, әрине. Ендеше, Абай сөздерін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық.

Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Абайдай ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзде» көздеген мақсаты – адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіңдіру еді. [2, 420]

Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,
Шешен өлсе артында сөзі қалар.
Сұм дүние сылаң етіп көптен өтер,
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.
Тоқтамас дүниенің дөңгелегі,

Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер, - деп Мағжан Жұмабаев «Алтын хакім Абайға» өлеңінде айтқандай Абай сөзі бүгінде жаңғырып тұр. [2, 140]

«Абай – қазақ халқының рухани көсемі» деп жазды тұңғыш елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Абай расында халқымыздың рухани көсемі. Абай қашан да қазақ халқының рухани ұлы көшінің басында. Абай сөзі, Абай әндері

мәңгі жаңғыра, жаңара бермек. Абайды құрметтеу – өзіңді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлтыңды қастерлеу деген сөз. Мұның бәрі де Абайға емес, бүгінгі өзімізге, жалпы қазаққа, келешекке керек әңгіме.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайдың тіл үйрену туралы тұжырымдарына да ерекше тоқталған: «Қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз".

«Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді". Яғни, осы айтылғандар жастарға тікелей қатысты.

Қазақтың талантты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров та өлең сүйгіш жастарға айтар ақылын:

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқы ал көңілге, - деп тұжырымдайды. [3, 6]

Ойымды Абай Құнанбаевтың мына бір өлең жолдарымен қорытындыласам:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, табанды шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек,
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден ерек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек. Бүгінгінің жастары білімге бай ақылды, еңбек сүйгіш қайратты, мейірімге толы жүректі болса, болашақ тізгіні – жастарда. Абай жаққан шырақты көкейлеріне тоқып, қондырар болса, олар – ең мықтылар.

Менің ұсынысым:* Bookcrossing жобасын көпшілікке насихаттап, сол жоба негізінде оқушылар/студенттер өздері оқыған, білетін Абай өлеңдерін кітапша етіп таратса;

* Абай Құнанбайұлының өмірі мен өлеңін насихаттайтын интеллектуалдық ойындар жиі ұйымдастырылып, оқырманға стимул ретінде сыйлықтар ұсынылса;

* Дебат лагері сияқты Абайдың қара сөздері негізінде оқушылар/студенттер лагерін ұйымдастырса.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Өлең – сөздің патшасы (шығармаларының бір томдық жинағы), 2006. – 543 бет
2. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. 2-бас. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 432 бет
3. Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 400 бет.
4. Абай. Самғау салмағы. Николай Анастасьев. Орыс тілінен аударған Ж. Ысмағұлов. Астана: Аударма, 2010. – 472 бет.
5. Абай. Қара сөз. Книга слов. – Алматы: Атамұра,

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Алтыбаева Н.Б., арнайы пәндер оқытушысы
ЖШС Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Абай – қазақтың классик әдебиетінің атасы,
қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі.

Мұхтар Әуезов

Абай Құнанбаевты «Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында «Қазақтың бас ақыны» деп бағалаған. Шынында да, Абай – қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ суреткер ақын. Салалы қолдың бес саусағы бірдей болмайтындай, жігіттердің барлығы бірдей емес. Алайда арзан ойын мен тойға, бос күлкіге құмар жігіттер де жоқ емес. Осы орайда ақын жігіттерге дабыл қаға отырып, тереңнен ой қозғайды.

Арзан, жалған күлкі, жігіт бойына қаншалықты мін?

Арсыз күлкі, жеңіл ойын жігіттің тұлғалық бейнесіне, өміріне тигізер әсері де баршылық екенін былай деп тілге тиек етеді:

«...Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша...»

Сөз мәнісін бірерліккей біреу бар...» - деген жолдардан үлкеннің өнегесі мен айтылған ақылын әркім әр түрлі тыңдап, қабылдайтыны туралы айтылады.

Бүгінгі күннің жігіттері сөз мәнісін терең түсініп, мән бере бермейді. Сөзді тереңнен түсіну үшін айтылған уақытында дұрыс тыңдау керек.

«Керек іс бозбалаға - талаптылық,

Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық» деген жолдарына мән беріп қарасақ, жігіт бойында таудай талап болса, осы қасиет бармақтай болса да бақытқа жетелейді.

Арзан күлкі мен жеңіл ойынға алданып, құр босқа уақыт өткізу үлкен ақымақтық, керісінше, өнер үйреніп, оқу білім меңгеріп, жан-жағына пайдасын тигізетін жігіттердің ұтары көп екенін тілге тиек етеді. Жігіттің тұлғасына жібек мінез, жақсы қылық жарасымды деп ой тастайды.

Бүгінгі күндегі бозбала жігіттердің бойындағы қасиет қандай?

Ақын шығармасындағы жігіттің тұлғасына сай келетін басты қасиеттің бірі - татулық және адал дос болу. Ол туралы:

«...Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!» -

десе, -

«...Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес» -

деп тіршіліктің тұтқасы татулық екенін ескертеді. Дәл қазіргі уақыттың жігіттеріне де керек қасиет - татулық пен адамдық. Бірақ кейбір жігіттеріміз осы қасиеттерді өз бойына дамытып, өмірлеріне қолдана алмай жүр. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда адамның тұлғасын қалыптастыратын басты қасиет - татулық, бір-біріне қай жерде болса да, тілеулес бола білу керек. Уақыт тұлпарын тек жақсылық пен игі істерді бастаумен қамшылап отырса, нағыз ер азаматтар бейнесін көре аламыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы да өзінің «Жастарға» өлеңінде жастарды Абай арқылы түзегісі келді.

Соқтықпалы, соқпақсыз заманда жастарды үлгі - өнеге алуға, салауатты және сауатты болуға тәрбиелеудің бірден-бір көзі Абай және ақын өнегесі деп түсінген.

Заманның қызыл түлкідей құбылып, қулық пен сұмдыққа толы тұсында жастардың кері бағытқа кетпеуін қатты уайымдап жол сілтеуші ақын, сол заманның бет түзер айнасы Абай тәлімі деп түсінуде.

Абай бойынан қандай қасиеттер пір тұтады?

«Білімді сол кісіден іздемелік,
Әдетті іздеп біз келдік сізге делік ...

деп арнайы келгенін:

Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге делік» - деп

ақынға қолқа сала отырып, өнер мен білімнің кенін ашуға көмектесуін сұрау арқылы көрсетеді.

Босқа уақыт өткізбей тіршілік етудің негізгі көзімен айналысу керек деп ойландыра отырып:

«Осыған қазақ бар ма жанасарлық,
Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық» - деп айтып өтеді.

Ақыл мен өнер – адамның жетектеуші факторы десек, басқарушы факторы – ғылым екенін айқындап бергені де көрініс береді.

Ғылым арқылы өнер отын жағуды ерте қолға алып, іске асыру керек екенін айтады. Ол туралы:

«Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық»

дей келе:

«Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!» -

деп барлық істің негізі - білім мен жақсы әдет, ақыл екенін тағы ойға салады.

Ақылдың кені Абай деп тануының негізі неде?

Абайды ақылдың кені, ғылымның негізгі шырақшысы деп түсінген. «Ақыл, білім осындай ар жақтарлық, айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық» деген ойы арқылы айла мен өтіріктің қисынсыз екенін айтып көрсете отырып:

«Үзіп-жұлып ұятсыз атанбай-ақ,
Ақылменен жол табалық ел бастарлық» -

деп қараңғы қазақ еліне жол бастаушы жастар екенін айта кетеді.

«Жұрт алмаса, ақылын біз аларлық

Өзгедей надан емес адасарлық деп» - надандықтың елдерге назды үнін білдіреді.

Ақын жүрегін ақтығы мен кеңдігін, адалдығын жастар үлгі етуден еш жалықпайды. Ұлттың көшбастаушысы жастар екені айдан анық нәрсе. Болашақ сол жастардың қолында екені баршамызға мәлім. Сондықтан ақынның қарлыққан жан айқайы мен арқау өлеңі негізінде өз ортасындағы жастарды тек білімге шақырады.

Қорыта келгенде, кемелді келешектің айқын мақсатын анықтаушы жастар екенін ақын анық көрсетеді. Осы жолға жетудің негізі – білім алу. Білім мен ғылым жастардың өмірінің негізі, тіршілігінің күретамыры деп түсіндіреді.

Жігіт - ер азамат! Жігіт - біздің қорғанымыз, ертеңгі асқар тауымыз деп түсінеміз. Сондықтан өмірдің мәнісін өзекті ету, жақсылықта жайлы мінезді болу әр жігіттің өз қолында деп түсінемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әділханов Т. Абай өлеңдерінің білімділік, тәрбиелілік мәні, Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994.
2. Дайырова Ә., Құрманәлиева Г. Абайдың тәлімгерлік тағылымы. Алматы, 1996ж.
3. Жарықбаев Ж.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі –Алматы: “Санат”,
4. Қалиев С. XV–XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. – Алматы: “Рауан”,
5. Назарбаев Н. «Абай и наше время». Абай, наследники на перепутье» Алматы, 1995г.

6. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Санат 1995ж.
7. Бітібаева Қ. Абай шығармашыларын оқыту. Алматы: Атамұра, 2003.
8. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. А, 2006ж.
9. Майтанов Б. Абай. Тарих, тұлға, уақыт. Алматы: «Аруна» баспасы, 2010

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Андалиева Гулбаршын Сабитовна, оқытушы
Маңғыстау облысы Х. Узбеккалиев атындағы политехникалық
колледжі

Абай Құнанбаев - ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, либералды ислам негізінде орыс және еуропалық мәдениетпен жақындастыру рухындағы мәдениетті реформалаушы. **Абай-өткеннің ұлы гуманистерінің бірі. Адамдардың ақыл – ойы мен сезіміне әсер ету, қоғамды ақындық сөз құралымен жанарту, адамның қадір-қасиетіне терең құрмет-бұл Абай-гуманистке тән.**

Абай өлеңдерінің басым көпшілігін жастар тәрбиесіне арнады. Заманының қиыншылығына қарамастан ұлы ойшыл ақын ағартушы-демократ өз үмітін жастарға, өз ұлтының болашағының бар екеніне сенімін үзбеді.

Егер өткен жүзжылдықта қалыптасқан Абайдың педагогикалық көзқарастарына қарасақ, онда педагогикалық теория мен практиканың негізгі жалпыадамзаттық мәселелері көрсетілген. Олардың кейбіреулері: "тек білімді адам ғана өмір сүреді, тек қана білімді ғасыр ғана қозғалады, тек жүрегінде шамшырағы бар адам- білетін адам ...".

Абай арнайы пәлсафалық және педагогикалық еңбектер жазбағанымен, Абайдың барлық жастарға арналған жалынды тәлімгерлік шығармалары еңбекші қара халық даналығына, қазақ халқынан шыққан зиялылары-ақындар мен композиторлары ұнамды- этикалық көзқарастарына, шығыс пен батыстың қоғамдық ойшылдар жетістіктерімен үндесетіні көрінеді. Егер, Абайдың өткен жүзжылдықта қалыптасқан педагогикалық көзқарастарына жүгінсек, онда педагогикалық теория мен практиканың негізгі жалпыадамзаттық мәселелері көрініс тапқан.

Абайдың діни ілімге қарсы өмір процесінде адамгершілік қағидалар мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру туралы ойының бүгінгі күні өзекті болып отыр. Абайдың ойынша, адам қандай да бір дайын қасиеттерімен туылмайды. Мейірімділіктің барлық ұғымдары, мінез-құлықтың барлық ережелері оның өмірі мен қызметі барысында пайда болады. Ол жастарды көркем мінезді болуға шақырады. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та

бар қалан», - деп халқымыздың ұлы ақыны, ойшылы, сазгері, қара сөздің қас шебері Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» атты дүниенің табалдырығын аттағаннан кейін өз орнын табуға тырысу керек екенін басып айтты., яғни өседі, өнеді, «еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші, қалаған мамандықтарының қызығын көреді.

Абай әлеуметтік жағдайына қарамастан, адамдардың барлығы тең деді. Бұл жөнінде Абайдың 34- қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі - дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің - бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың - бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың - бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің. Ал ендеше өзіңнің күштілігіңді дәлелдеудің еш қажеттілігі жоқ екенін айтты, біреуден біреудің артықшылығы жоқтығы озығармаларында баса назар аудартады. Керісінше өзара сыйластық, жауласпай, қызғаныш болмауы керек .» делінген. Абайдың және басқа да ойшылдардың түсінігінше, адамзат басты назар аударатын тұлға болды.

Осылайша, ғұламаһи Абай өзінің түгелге дерлік өлеңдерінде оқу-ғылым, өнер-білім, талаптылық-талапсыздық, еңбекшілдік-еріншектік, арлылық-арсыздық сияқты қадау-қадау жайттарға өте көп тоқталған. Сондай өлең-жырларында әбден сараланған,— адам бойында ұшырасатын жақсылықтар мен жамандықтарды, енді, кезегі келген тұста қара сөздерінде одан ары дамыта, тереңдете толғайды. Өзінше бір жаңаша әдіс-амал, ою-өрнек тауып, философиялық жөнменен қорытқандай болады. Және де бір қайран қаларлығы, ойшыл Абайдың өлеңдерінде де, қара сөздерінде де оқу-ғылым туралы білдірген ой-толғаныстарының құнар-нәрі қазіргі тәуелсіз жаңа заманымызда өрісі кеңіп, өлшеусіз өсе түспесе, мысқалдай да кеміген жоқ. Өзіміз куәсі болып отырғандай, бүгінде ұл-қыздарымыз Европа шарлап, мұхит асып — Америка, Австралия, Жапония, Үнді, Араб мемлекеттерінде оқып жатыр. Ендігі жерде сол үміт еткен өскіндеріміз Абай атамыз айтқандай, барған елдерінің жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қайтса құба-құп. «Бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ қарғып түсем деп» мертігіп, қирап жатпауы керек. Өз қағынын өзі жеріп, ата-ана тілінен, ұлттық ділі мен исламдық дінінен безіп, сыртқа қарап ұлып тұрмасын деңіз. Өйткені, жан дүниенің, ақыл-естің мертігуінен, кемістігінен асқан зардапты, апатты қасірет болмайды! Сондықтан, оқу қуған жастарымыздың кемеңгер Абай аманаттаған қадір-қасиет, адамшылық үдесінен шыққаны абзал дейміз.

Абай сонымен қатар ұнамсыз қасиеттерді де сынға алып отырды:

Заман ақыр жастары

Заман ақыр жастары,

Қосылмас ешбір бастары.

Біріне бірі қастыққа

Қойнына тыққан тастары.

Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны.
Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер.
Күлмендеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері.

Өзінің ең жоғарғы этикалық идеясы: «Адам бол!», деген сөзімен жастарға үн тастады. Оның түсінігінде адам ақыл және ой, еңбек және білім, достық пен махаббат астасып жатуы тиіс. Ол өз замандастарына Ай мен күн- көктің сәні, тоғай мен жеміс-таудың сәні, ал, адам- жердің сәні екенін айтып түсіндіруден танбады.

Жастар тәрбиесінде отбасының маңызды екенін атап өтті. Алғашқы және ең басты тәрбие ата-ана тәрбиесі екенінне басты назар аударды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас .
2. Янушкевич Адольф. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар. (Орыс тілінен аударған – Мұқаш Сәрсекеев). – Алматы: Жалын.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы: Көркем әдебиет.
4. Абай Құнанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». – М.: Русский раритет, – 426 с. 3 Құнанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. – Семипалатинск.

ЖАСТАРҒА ҮГІТ

**Арсланбаева Ажар Айтбаевна, қазақ тілі мен әдебиеті пәні
оқытушысы**

Маңғыстау туризм колледжі

Абайдың жастарды оқу-білімге шақыруы қазіргі заманда өзекті ме?

Абай Құнанбайұлын зерттеуші ғалымдардың оны "халық ұстазы" деп тануы бекерден-бекер емес деп ойлаймын. Шынында, ақынның шығармашылық мұралары - халықтың рухани қазынасы, тәлім-тәрбие өзегі. Ақын бар ойын ел болашағы, жастарға арнаған еді. Негізінен жастарды

халқына адал қызмет ететін нағыз азамат - «толық адам» етіп тәрбиелеуді мақсат тұтты. Көпшілігіміз білетін:

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба.

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге,- деген жолдарының өзінде-ақ оқу-білімге ынтығу керектігі айтылады. Абайдың шығармаларында жастарды оқу-білімге шақыру қазір де өзекті, тіпті қай уақытта да өзектілігін жоғалтпайды деп білемін. Ия, қазіргі таңда сол кездегідей халық надан емес. Алайда, бір күнін босқа өткізіп жатқан жастар жетерлік. Ондай жандарға ақынның:

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан,- деген өлең жолдарымен үгіт жасағың келеді. Сонымен қатар, өзін түгелімен ғылымға арнап, бірнеше тіл біліп, елімізде ғана емес, шет елде белгілі боп жүрген жас өрендер де жоқ емес. Соларға қарап өзін де бір марқайып қаласың.

Абай: «Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған...» -деп тұжырымдайды. Абайдың бұл ойынан оның тағы бір әлеуметтік көрегендігін көреміз. Ол бірыңғай мал шаруашылығымен айналысып келген қазақтың қарапайым мамандығын сипаты мен мазмұны жағынан өзгертуді қалады. Осыған байланысты адамдардың әлеуметтік өміріндегі енердің алатын орнына да лайықты бағасын берді. Оның да еңбекпен келетін ырыс екенін түсіндіре келіп, «алдау қоспай, адал еңбегін сауған қолөнері - қазақтың әулиесі сол» деп адал еңбек етіп, қолөнермен айналысқан кісіні ете жоғары бағалайды. Өйткені қолөнер қызметінің жемісі сол адамның өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, көпшіліктің кәдесіне жарайды, олардың бір-бірімен қатынас жасау факторына айналады, қоғамдық тілекті қанағаттандырады. Сонымен қатар қол өнерін игеру еңбек мазмұнының әлеуметтік қырын да өзгертеді. Қолөнердің осындай мәнін түсінген және өз халқының мінез-құлқын, еңбекке деген ықыласын, табиғатынан аз нәрсені қанағат ететін пиғылын терең білетін кемеңгер Абай құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады, олар бұл ісімді ол ісімнен арттырайын, түзден өнер іздеп, өнерімді асыра түсейін деп талпынбайды деп қауіптенеді. Ондай еңбектің кертартпалық сипатын көрсете отырып, оның талапсыздықтан туатын себебін де ашады. Сондықтан, еңбектің қай түрін болсын, әсіресе адамның шеберлігін қажет ететін өнер сияқты түрімен ерінбей-жалықпай айналысу қажеттігін нықтап айтады. Өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік мінін қатал сынай отырып, Абай оны жөндеудің жолдарын да мегзеп отырды. Ол еңбек адамның өзіне ғана емес, басқаға да пайдалы, өйткені индивид өз тілегін қанағаттандыра отырып, басқалардың да талабын қанағаттандыруға қатысады деп қорытындылайды. Оның мінез-құлқына, жеке басындағы қасиеттеріне, кісінің шығармашылық күшіне зор мән беріп, оның оңды қасиеттерінің жаңа әлеуметтік нормаларын белгілейді. «Ғылым таппай мақтанба...», «Интернатта оқып жүр...», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық...» деген өлеңдері

мен Он бесінші, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Отыз алтыншы, Отыз жетінші, Отыз тоғызыншы ғақлия сөздерінде әлеуметтік өмірде қандай нәрседен қашық болып, қандай мінез-құлық, адамдық қасиеттерге асық болу қажеттігін ескертеді.

«Заман ақыр жастары...» — Абайдың 1891ж. жазған өлеңі. Өлеңде Абайдың өз тұсындағы қазақ жастарына берген сипаттамасы, мінездемесі өрнектелген. Кезінде ақын қоғам дамуындағы жастар роліне, күш-жігеріне ерекше мән беріп, оларды оқытып, тәрбиелеуге зор көңіл бөлген. Сондықтан ақын өлеңдерінде жастар тақырыбы кең жырланып, мол орын алған. Туынды солардың іс- қылығына, тіршілік сыңайына реніш білдіре, сынай жазылған. Жанры жағынан өлеңді сол кездегі қазақ жастарының жинақталған образын жасаған сатиралық портреттік суреттеме деуге болады. Абай мұнда салмақпен, зіл тастай отырып, жастар арасындағы өршіген алауыздықты, өзара өшпенділікті, мәнсіз керісті, яғни бірліктің жоқтығын бір түйіп тастайды. Одан соң жастардың не боларын білмей жүргенін, еңбекке икемсіздігін, дау-дамай, айтыс- таласқа тым төселіп алғандығын сынайды. Ел қамы, жұрт жоғы үшін әлеумет ісіне араласудың орнына, топанға тойып, өреге сүйкенген сиырдай әркімге бір ұрынатынын беттеріне басады. Ақын мұндай жастардың ішкі психологиясына, мінез дағдысына үңіледі, өтірік күліп тұратынын, қалжыңбас, қылжақ келетінін, ауыздарына «ақ ит кіріп, көк ит шығып» жататынын ашына айтады.

Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Ақиық ақын, қазақ халқының мақтанышы Абай Құнанбаевтың "Заман ақыр жастары" туындысын оқыған сәтте, бір жағынан Абай атамыздың сөз шеберлігі мен көріпкелдігіне қойныма қуанышым сыймады, екінші жағынан қазіргі жастардың жүріс-тұрысына, өздерін ұстау мәдениетіне назар аударсақ, Абай атамыздың заман ақыр жастары өз арамызда да бар секілді... Әрине, бұл қуанарлықтай жағдай емес...

Жастар, жағдайымыз мүшкіл, расында да "өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ" демекші, осылардан алыс болайықшы. Әрбіріміз өзімізден бастайық, жанымыздағы жолдасымызға дұрыс жол сілтейік! Біз, қазақ елінің болашағымыз, осыны ұмытпайық!

Мектеп жасындағы оқушылар қалай оқып, не істеп жүр, бос уақыттарын қайтып өткізуде? Өкінішке орай, Абайдың «Артық білім кітапта», - дегеніндей, көпшілігі кітапханаларда емес, интернет клубтарда, спорт кешендерінде емес, ойық-сауық орталықтарында жүргенін көреміз. Бұл жерде кінәлі кім деген заңды сұрақ туары даусыз.

Қазіргінің жастары төл тарихымызды, әдебиетімізді білмейді, білейін деген ниеті де жоқ, не білейін деп те оқымайды, оқыса түсініп парқына жетпейді, түсінгеннің өзінде бойына сіңіріп, аталарындай болмаса да ұқсап бағу жоқ.

Мағжан Жұмабаев та өз заманындағы, келер болашақ жастарға сенген болу керек. «Мен жастарға сенемін» атты өлең жолдарында «Жаннан қымбат оларға ар», «Иман күшті оларда», «Алаш айбынды ұраны, Қасиетті құраны, Алаштың олар құрбаны» деген тіркестер келеді. Осы Мағжан айтқан қасиеттерді бүгінгі жастардың бойынан таба аламыз ба?! Жастардың бәріне бірдей топырақ шашпаймыз әрине. Баршылық, бірақ басым көпшілігі Абай айтқандай:

Ақыр заман жастары,
Қосылмас еш бастары...
Күлмендеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері – деп, қазіргі заман жастарын айтқандай-ақ.

Тоқсан ауыз сөзіміздің, тобықтай түйінін Абай айтпақшы, «Көп сөйлеп созбайын, әдептен озбайын» дей отырып, Қасиетті Құранымызда «Білмесеңдер, білім иелерінен сұрандар» деп айтылғандай, жоғарыдағы айтылған ұлт болашағы үшін жанын пида еткен жандардың өсиет сөздерін оқып, өмірімізге жолбасшы етуіміз қажет. Ел болашағы – жастар болса, ел, жұрт болып тәрбиеге шынайы көңіл бөлейік. Жастарымыздың тәрбие мен білімнен қалыс қалғаны имандылықтың алыс болғаны, Абай мен жастардың арасында байланыстың үзілгендігі – оқымағындығы. Егер жастарымыз үшін ұлттық құндылықтар, яғни төл дәстүрлі дініміз, тіліміз, әдебиетіміз, тарихымыз, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз ескінің қалдығы болса, онда...

Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайдан барып оңайын? – ның кейпін киіп қалмайық, ағайын...

ӘДЕБИЕТТЕР

Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, [ISBN 5-7667-2949-9](https://doi.org/10.26907/2542-4552.2019.1.100-107)

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАҒАТЫ


Басшықызы Д., техника ғылымдарының магистрі

Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Андатпа. Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз

үшін өткізілмек. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Түйінді сөздер: Абай Құнанбайұлы, ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлтшыл.



1 – сурет. Абай Құнанбайұлы

Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін.

Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз.

Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды.

Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Қазіргі таңда Абай Құнанбайұлының 175 жыл мерей тойына еңбектерін 10 шет тіліне және түркі тілдеріне аудару және басып шығару, Абайдың өмірі, шығармашылығы, мұрасы және қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы 3 деректі-қойылымдық фильм түсіру, Ғылыми қоғамдастықтың, жастардың, қоғамдық ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, ТҮРКСОЙ, ТүркПА,

ЮНЕСКО халықаралық ұйымдарының және басқа да ұйымдардың қатысуымен ғылыми-практикалық конференциялар сериясын ұйымдастыру, Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу, ҚХА ҒСК және этномәдени бірлестіктер өкілдерінің Абайдың туған жеріне экспедиция, мектеп оқушылары арасында Абай шығармашылығын білуге арналған жалпыреспубликалық олимпиада мен тақырыптық конкурстар өткізу, жеңімпаздар мен лауреаттарға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде және Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқуға арналған 50 білім грантын бөлу, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтын құру, «Ұлы Абай-халық жүрегінде» атты Абайдың туындылары бойынша жалпыхалықтық диктант өткізу жоспарға енгізілген.

Абай Құнанбайұлының біздерге беріп кеткен асыл мұрасы қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің халқымен мәңгі – бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абайдай данышпан перзентті дүниеге әкелген қазақ халқы ата – бабаларының арманы болып келген ел тәуелсіздігін көзінің қарашығындай сақтайтындығына, қорғайтынына сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елемесова А.С., - Абай мұраларындағы рухани-имандылық тәрбие идеялары 2000 ж.
2. «Абай» энциклопедиясы. –Алматы, «Атамұра» 1995 ж.
3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері, - Алматы 1996 ж.

АБАЙ МҰРАСЫ – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ҚАЗЫНАСЫ

Бекқали Мәдина Қожахметқызы,

тарих пәнінің оқытушысы

Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі

Абай Құнанбаев мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі.

Егер Абай мен Шәкәрім қазақ халқының өткен заманындағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқар шыңы болса, бұл күдіретті бейнені романист қаламымен қайта тірілткен Мұхтар Әуезовтің өзі жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды. Зеңгір аспандағы бір-бірімен біте қайнасқан ұлттың аса көрнекті үш алып тұлғасының, былайша ғажайып түрде тұтасып және тілдесіп кетуі – бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихындағы, көркем ойдағы өзіндік бір ерекше құбылыс.

Ойшыл ақын жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде гуманизм, отаншылдық және интернационализм принциптеріне достықты, әділеттілік пен мейірімділікті негізгі қазық етіп алды. Абайдың ұлттар достығы, интернационалдық тәрбие жайлы ойлары өз халқына деген сүйіспеншілік сезімінен туындады.

Көршілес халықтардың озық дәстүрлеріне, жетістіктеріне үңіле қарап, соларды үлгі-өнеге тұтты. Озық ойлы ақыл-ой иелерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, жақсы тәлім-тәрбие үлгілерін батыл насихаттады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты - адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат - «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Ақын жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына баса назар аударды, жас ұрпаққа үміт артты, олардың жүрек сезімін оятып, өзінің көкейкесті мақсат-мұраттарына жұмылдыруға ұмтылды. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге ден қоюы, алда тұрған мақсаттарына жету жолында табандылық көрсетуі қажеттігі сияқты асыл қасиеттерді уағыздау - Абайдың бүкіл ақындық қызметінің негізгі де үзілмейтін идеялық- тақырыптық желілерінің бірі. Абай мектепте оқып жүрген қазақ балаларына үміттеніп қарап, елдің болашағы осылар деп қуанды. Елдің мешеулігін, халықтың қараңғылығын, надандықты әшкерелеп, жаңа өмірге бастар жол оқу-ағарту, адамның рухани жағынан азат болуы деп түсінді. «Адамның білімі, өнері - адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі - жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе: «Дүние де өзі, малда өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», - деген тұжырым ұсынады.

Абай оқу-ағарту ісінің дамуына кедергі жасап келе жатқан ескілік пен надандықты, қатаң жазалау тәртібіне негізделген түсініксіз тілдегі діни оқуды әшкере етті. Молдалардың діни қағидаларды жалаң, жаттанды әдіспен түсіндіріп, баланың сана- сезіміне, ақыл-ойына, өмір мен дүниені танып білуіне сенім тудыра алмайтынын, олардың діни оқудың толық мағынасын өз мәнінде жеткізбей жүргендерін қатты сынға алып, шынайы білімді меңгерудің әдіс-тәсілін терең ғылыми тұрғыда көрсетіп берді. «Отыз екінші сөзінде»: ... білім- ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет біл... білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттен...» деп, білімге ұмтылу, оқыған азаматқа еліктеу, іздену, талаптану сияқты қасиеттерді бойға дарыту арқылы оқып-білген сайын дүниені тани түсетінін, бұл таным ғалымдық жолды қалыптастыратынын атап өтті.

Ойшыл ақын адамдар арасындағы адалдық пен сезім тазалығына негізделген шынайы достық пен жолдастықты жоғары бағалады. Достық бағзы заманнан бері адамзатпен бірге жасалып келе жатқан жасампаз ұғымдардың қатарына жатады. Ол туралы әр ұрпақ заман шындығы мен талабына орай ой қорытты. Абай Ғ.Дауани-дың достықтың табиғаты мен негізгі өлшемі жайлы айтқан пайымдауларын жүйелі тұжырымдармен байытып, достықтың мәнін кең тұрғыдан терең түсіндіріп берді. «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, Етек басты көп кердім елден бірақ...» - деп, өзі ескерткендей, заманында достық пен қастықты, әділдік пен қиянатты басынан мол кешіріп, өмір талқысы ой салған Абай өзі қастерлеп, ардақтаған достық пен жолдастықты келер ұрпаққа өсиет етіп жеткізуді азаматтық борышым деп білді. Ақын әділетсіздік жайлаған феодалдық қоғамдағы достықтың өлшемі малы үшін, күні үшін жағымпазданып, екіжүзділік жасау деп түсінетін жалған достықты жеріне жеткізе сынады. «Жаман тату казады өзіңе ор, Оған сенсең, бір күні боларсың кор...» - деп, жалған достықтың бет пердесін әшкерелеп, жастарды жағымсыз жалған қылықтан сақтандырады. Ақын нағыз адал, шынайы достықтың құдіретті күшіне терең талдау жасайды. «Жолдастық, сұхбаттастық- бір үлкен іс, Оның қадірін жетесіз адам білмес. Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас, Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес...», - деп, құрбы-құрдас, дос-жолдас болып жүріп, көзі жоқ жерде жолдасын жамандап, келеке ететін екіжүзді залымдарды сынға алып, оларға адал достық пен шынайы жолдастықты қарама-қарсы қояды.

Жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әр түрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды. Ақын жастарды бойындағы күш-қуатын пайдалы еңбекке жұмсауға шақырды. Өз заманындағы еңбекке салғырт көзқарастың зардабын дәлелдеп, адам бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуында еңбектің атқаратын шешуші қызметіне талдау жасады. Жастардың айналысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндеді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады. Жастарға жеке басыңның қамын күйттеп кетпей, халқыңның жарқын болашағы үшін еңбек ет: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», - деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндеді, құлық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...»- деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Ол қалың қазақ жұртшылығын адал, қарапайым еңбекті қадірлей білуге, ерекше құрметтеуге және оны бағалай білуге үндеді. Жастардың әрбірінің айналысар

кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстық, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады.

Абай жастарды еңбекке баулуда күнделікті отбасы тәрбиесіне, ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән берді. Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескертіп, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке, мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес екенін атап көрсетті. Сондықтан, баланы ұлағатты азамат - «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін, ата-аналарының өздерінің сол дәрежеге сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті. «Басында әке айтпаса ақыл жарлық, Ағайын табылмаса ой саларлық. Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?» - деп, ойын-сауықты қызықтап, өмірді белгілі бір мақсатсыз, бойкүйездікке салынып босқа өткізудің соңы өкінішке алып келетінін, қалайда ата-ананың ақылына көңіл бөліп, басшылыққа алуы керектігін еске салады. Ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері - оның адамгершілігі, еңбексүйгіштігі, отбасы, жарына адал болуы деп есептеді. Әкенің отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішін нұрландырып тұрса, Ері ақылды, қатыны мінезді боп, тату болса, үстіндегі үй райысқа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиелене алатынын атап өтті. Керісінше, ақын өз отбасынан суынып, ел көзіп, қыдырымпаздыққа салынған, өз үйінің шырқын бұзған, бала тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады.

Абай бала келешегіне қамқоршы ұстазы – әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орнын да ерекше бағалады. Өз анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің құшағында болып, қос мейірім бұлағынан сусындап өсуі оның ана қасиетін биік тұғырдан тануына игі әсер етті. Аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те пәк адамгершілік асыл қасиетті ерекше қастерледі. Ананы өз баласының алғашқы, ең аяулы тәрбиешісі деп білді. Қыз баланың тәрбиесіндегі ана тәлімінің ықпалына Абай педагогикалық тұрғыдан жан-жақты талдау жасап, өрелі тұжырымдар айтты. Ол қыз балаларды жұбайлық өмірге балғын шақтан әзірлеу керектігіне назар аударады. Қыз күнінде ұқыпты, жинақы болып жүріп, тұрмыс құрған соң берекесі кетіп, салақ әйел атануы, әсіресе қаракетсіз өскен бай қыздарының жастайынан еңбекке етене баулынбағанынан деп білді. Сондықтан аналарға қыз бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрді басшылыққа алуды ұсынды. Халық тәрбиесінде абзал аналар ес біле бастаған қыз балаларына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен. Осындай аналарды Абай қатты құрметтеп, қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертті. «Жасаулы деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар Ата-ананың қызынан ғапыл қалма», - деп, жар таңдағанда тәрбиелі, жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағалай біл, өмірлік жолдас ет деген аса құнды

пікір айтты. Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған қыз балаларды болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеді. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың ақылды, білімді болуына ерекше мән берді. Ол өз қызы Күлбаданды қала мектебінде оқытумен қатар, қазақ қыздарының сауатты болуын қолдады. Ең болмағанда хат танып, оқу-жазуды игеруі керектігін ескертті, маңайындағы адамдардың қыз балаларының сауатын аштыртып, өлең-жыр көшіртіп, ән мен музыкаға баулыды.

«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме! Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!», - деп тұрмыс құрар жастарға қалындықты көркі мен сымбатына ғана қарап бағаламай, оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан дүниесіне, ақыл-парасатына, көргенділігі мен тәрбиелілігіне көңіл бөлу керектігін ерекше атап көрсетті. Абай болашақ отау құрушы жастарға жұбайлық өмірдің елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге алдын ала әзірлеу керектігін ескертті. Некелескен жастардың бір-бірімен, отбасының басқа мүшелерімен, жора-жолдас, туған- туысқандарымен сыпайы қарым-қатынаста болуы, олардың елге құрметті, саналы азамат дәрежесіне жетуі өздерінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетті. Ақын некелік өмірдің табиғи тірегі мен құқықтық негізі - жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі деп білді. Абайдың түсінігінде тең құқылық - махаббат бостандығы. Сол бостандықтың жүзеге асуы - олардың некелесуі деп қарады. Сондықтан ол өзінің көптеген өлеңдерінде осы тұжырымын жария етті.

Қорыта келе, Абайды зерттеуші ғалымдар ұлы ақынды халық ұстазы деп біледі. Ақынның шығармашылық қызметі – халықтың рухани қазынасы. Ұстаздық, ойшыл ақынның пікірінше, жастарды ізгілікке, адамгершілікке үйретушілік. Абай халықтың болашағы жастарды адамгершіліктің игі қасиеттеріне тәрбиелеуші үлкендерден ұстаздық шеберлікке лайық қабілет болуын талап етті. Бұл ойын ақын: «Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға...» - деп тұжырымдады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қ.Бітібаев Абай шығармаларын оқыту. Алматы.Атамұра.2003 ж
- 2.Н.Назарбаев. «Абай и наше время». Абай, наследники на перепутье.
- 3.М.Әуезов. Абай Құнанбаев.Алматы: Санат1995 ж.
- 4.Б.Майтанов. Абай.Тарих, тұлға, уақыт. Алматы: Аруана баспасы 2010 ж
- 5.Интернет желісі.

ЭКОНОМИКА САЛАСЫН АБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК АРНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ

Капаева Г.Б., экономикалық пәндер оқытушысы
ЖШС Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Халықтың ұлы ақыны Абай Қазақстанның ұзақ жылдарға созылған Ресейге қосылуының аяқталуына байланысты сол жылдары елімізде әлеуметтік және экономикалық, сонымен қатар саяси өмірінде маңызды өзгерістер орын алып жатқан кезеңде өмір сүрген ұлы дана.

Абай шығармаларындағы экономикалық мәселелерге қатысты ойларды зерттеудің өзіндік маңыздылығы бар. Оның шығармаларының мазмұны халық тағдырымен астарлас, солардың мұң-мұқтажымен өрбиді.

Жалпы Абай ақынның шығармаларында, өлеңдерінде, қара сөздерінде сауда, пайда, мал, еңбек, сату, базар және тағы да басқа экономикалық терминдер көп кездеседі. Атап айтсам, «Пайда ойлама, ар ойла» өлеңінде:

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге – бұл өлең жолдарында жастарды көп білуге, ізденуге, бір нәрсемен шектеліп қалмай, талпынуға шақырады. Ал экономикалық сөздікте: пайда деп отырғанымыз- меншік капиталдың негізгі көзі,- делінген.

Сол көзді ұлы Абай білім алу арқылы өзіңе де, айналаңдағыларға көмектесуден таба аласың дейді. Абай өмір сүрген дәуірде қарапайым қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, дүние-мүлік жинауы мал шаруашылығымен тығыз байланыста болғандықтан, баюдың, жаңа өмірге қадам басудың, тоқшылыққа ұмтылудың амалы тек малмен ғана айналысу деген сол тұста ой әрбір оқымаған қазақтың арманына айналған. Дегенмен ұлы дана Абай мал бағу арқылы ғана баюға деген тұжырымды қазақтың халқының бойынан көргісі келмеді. Сондықтан да, ұлы ойшыл әр адамға өлеңдерімен ой салады:

Аз ақшаға жалданып,

Өнбес іске алданып,

Жол таба алмай жүруге.

Алыс та болса іздеп тап,

Кореннойға кіруге,

«Талапты ерге нұр жауар»,

Жүріп өмір сүруге.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбекте деп келесі өлеңің арнаған: Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған мақсат емес,

Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Адамгершілік, кісілік туралы, Абайдың ағалық, ұстаздық ниетін келесі өлең шумағынан білеміз:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, күлерлік

Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.

Абайдың пікірінше елімізде егеншіліктің, сауданың, қол өнердің, оқу-ағарту ісінің дамуына қолайлы жағдай тудырған капиталистік қатынастар жаппай отырықшылыққа көшуді де жетелдетуі қажет. Ол сондықтан да кәсіпкерлер қызметін қолдай отырып, жастарды солардың қарамағына барып жұмыс істеуге шақырады. Қазақтың ел болуын Абай жас ұрпақты білім жолына тартуға деп түсінеді.

Сонымен қатар Абай жастарды қол өнермен айналысуға шақырды.

Абайдың досы, ғалым әрі зор қайрат иесі Михаэлис 1878 жылы Семейде тұңғыш ғылыми мекеме – Статистикалық комитетті құрып, комитеттің тұңғыш ғылыми хатшысы болып тағайындалады. Комитет секретары Е.П. Михаэлистің ұсынысымен Абай 1886 ж Семей Статистикалық комитетінің толық мүшесі болып сайланады. Ол осында қызмет атқаратын орыс зерттеушілерімен қоян-қолтық араласып, экономика, статистика және социология мәселелеріне ден қойды. Оған қазақтың әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін зерттеумен шұғылдануды жүктейді. Соның ақыры – С.С. Гросс, А.Л. Блек және А.А. Леонтьев жазған «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов» деп аталатын көлемді де құнды еңбектің жазылуын ақын өз үлесін қосады.

Статистикаға баға беріп кетсек:

Статистика – латынның статус деген сөзі, заттың, нәрсенің, құбылыстың жай-күйі деген мағынасын білдіреді.

	XIX ғасырдағы статистика	XX ғасырдағы статистика	XXI ғасырдағы статистика
Халық санағы	1897 ж	1920ж	2009ж

Статистиканың ең бірінші қызметті халық санағын өткізу болып табылады, 1897 жылы халық сауатсыз болған, 1920 ж халық сауатын ашып бастаған, ал 2009 жылы халық түгел сауатты, ғылыми – техникалық прогресс дамыған кез.

Қазіргі таңда, сабақ барысында тапсырмалар бергенде Абайдың шығармаларымен байланыстырамын.

Тапсырма №1. Қазақстан статистиканың тарихы

Тапсырма № 2. Қазақстанда жұмысқа жарамды адам саңы

Тапсырма № 3. Жұмыс жасамайтын адамдардың себебі неде?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Семей облыстық статистикалық комитеті // Абай.-Алматы: «Атамұра», 1995.-514 б.
2. Семей кеше және бүгін : библиографиялық құрал. / Құрастырған
- 3.Мағауина.- Семей: Талант, 2010.- 78 б.
3. Төлеуғазықызы З. Туған жер тұнған шежіре // Семей таңы. - 2007. - 24 мамыр. - С. 3

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗАРАСТАРЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫНА ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Профессор Көкшеева З.Т.

*Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қаласы,*

Аңдатпа: мақалада Абайдың педагогикалық және психологиялық көзқарастарын студенттердің өзіндік жұмыс мазмұнына енгізу арқылы жастардың танымдық әрекеттерін дамытып, зерделеу жүйесін шыңдап, өз пікірін дәлелдеп, өзгелермен пікір таластыруға төселдіріп, ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға болатындығы жайлы баяндалады.

Тірек сөздер: Абай мұралары, педагогикалық және психологиялық көзқарас, студенттер, өзіндік жұмыс

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) — ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жанартуды көздеген реформатор. Абай адам өмірін мағыналы етуді, нұрлы ақыл, адал еңбекке сүйеніп өмір сүруді, жамандық жасамауды, адамгершілікті, имандылықты ұрпағына өсиет етті, адамның рухани азаттығын жырлады. Сондықтан да ұлы жазушы М.Әуезов Абайды: "Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі", – деп бағалады. Қазақ халқының философ ұлы Абай шығармаларын филология, философия, педагогика ғылымы саласының мамандары жан-жақты зерттегені анық[1].

Ақынның мұраларын мәселен, әдебиет саласында М.Әуезов, М.Ғабдуллин, М.Мырзахметов, А.Қыраубаева, А.Көбесов сында ғалымдар зерттесе, философтардың Ғ.Есім, Ж.Әбділдин, М.Орынбеков, Б.Бейсембаев т.б. өз еңбектерінде қарастырса, И.Р.Халитова, А.Нілдібаев т.б. ғалымдар Абайдың педагогикалық көзқарастарына қатысты жинақтаған материалдарда, оны оқыту мен тәрбиелеуде қолдануға қатысты бағыттарын белгілеп көрсетеді. Абайдың психологиялық көзқарастарын психология ғылымы саласында Ш.Әлжанов, Т.Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаевтар зерттеулер жүргізген[2]. Психолог Т.Тәжібаевтың тұжырымдауынша “...Абай тек қана асқан кеменгер ойшыл ақын ғана емес, сонымен қатар ірі философ, психологиялық білімдер жүйесін насихаттаумен айналысқан ғұлама. Ол

ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады...” деп түйіндейді[3]. Сондай-ақ, “Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс”, -деген Елбасының ойлы пікірін тірек ете отыра, жас ұрпақтың санасына халқымыздың ұлы тұлғаларын олардың жеке тұлғаны үйлесімді қалыптастырудағы ой пайымдаулары мен психологиялық, педагогикалық көзқарастырын ғылыми негіздеп, оны оқу үрдісінде жүйелі түрде сабақтастыра отырып жеткізу - білім беру жүйесінің алдындағы жауапты міндеттердің бірі[4]. Адам баласы «...көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», - дейді Абай. Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Профессор Ғ.Қарасаевтың Абайдың қара сөздеріндегі халықты білімге, ғылымға үндеуінің маңызын көрсеткен “Абайдың қара сөздері” деген мақаласында ол жастар арасында бұрыннан келе жатқан, қазіргі күні әр түрлі ақпарат құралдарынан үздіксіз насихаттау салдарынан шет елдерден жұғып отырған жаман мінез құлықтарды жою үшін, қабілеттерінің көзін ашып, өз басы, өз халқының пайдасына жарату үшін шарт түзу қажет екендігін көрсеткен. Ғалым “... жастарымыз өз мүмкіндіктерін заман талабына сай толық көрсете алмауда” - дей отырып “бұл жұмыста бала бақшадан бастап мектептерде, арнаулы орта, жоғары оқу орындарында ақынның өсиетін, ілімін арнайы бағдарлама бойынша тұрақты оқыту қажет” дейді. Осы мақсатта жүргізілетін жоғары оқу орны студенттерінің өзіндік жұмысы әрі күрделі, әрі жан-жақты, ол оның танымдық іс-әрекетінің барлық жағдайын қамтиды. Студент жоғары оқу орнында оқып жүріп жүрген кезден-ақ өз білімін көтеріп алдағы кәсіптік еңбегіне дайындалуы қажет, ол үшін оның өзіндік жұмысы олардан мейлінше дербестікті, өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді. Студенттердің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың аса маңызды жолдарының бірі, жас тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады[5].

СӨЖ студенттің өзі даярланып жүрген пәні бойынша теориялық білімін кеңейтеді, тереңдетеді, шығармашылық, кәсіби, ғылыми ойлау қабілетін дамытады. СӨЖ болашақ маманның өз кәсібінің қыр-сырын жан-жақты меңгеруін, күрделі мәселелерді өз бетімен шеше алуға талпыныс жасауын, практикалық дағдыларының дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде әдіскер-ғалымдар студенттердің өз бетіндік жұмысын үш қырынан, яғни мазмұндық, мотивтік, оперативтік тұрғыдан қарап ұйымдастыру тиімді екендігін айтады.

Мазмұндық аспект: факт, анықтама, қорытынды, ереже, пайымдауларды іріктеу, оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді мұқият таңдап саралау;

Мотивтік аспект: студенттердің тұрақты және ғылыми-танымдық қызығушылығын, ерік-жігерін тәрбиелеу, олардың жеке дара ерекшелігін, білім деңгейін ескеру, оқу үрдісінде дәстүрлі емес дәрістерді жиі оқу, пікірсайыс, диспут, педагогтік ынтымақтастық, іскерлік ойындарды, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану т.б.

Оперативтік аспект: өз бетінше орындалатын тапсырма, жаттығулардың біртіндеп, өз кезегімен күрделеніп отыруын қамтамасыз ету, белгілі бір тақырып бойынша реферат жазу, бақылау жұмыстарын орындау, психологиялық ойындар мен тапсырмаларды ұйымдастыру, есептер шығару, берілген материалдарды ауызша баяндау сияқты түрлі әрекеттер жүргізуге машықтандыру т.б.

Студенттердің психологиялық біліктілігін жетілдіру тек лекция, семинар сабақтарымен шектелмей, олардың өз бетінше дербес ізденімпаздығын арттырып отыруға бағдарлануы қажет.

Мұндай талаптардың студенттердің өзіндік жұмысын барынша тиімді етіп ұйымдастыруда пайдасы өте зор. Сонымен бірге, психологиялық ой-пікірлерге, ғұлама ғалымдардың еңбектерін оқып-үйреніп, оларды конспектілеп, аннотация мен тезистер дайындауға, яғни ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізуге төселдіру т.б[6]. Мысалы, ұлы Абайдың шығармаларын студенттердің өзіндік жұмыстарының (СӨЖ) мазмұнына енгізсек, олардың ғұлама - ұстаз жайлы білімдерін жетілдіру, болашақ ұстаздардың “ұлы ұстаз” тағылымын ұстануларына мүмкіндік туар еді деп ойлаймыз. Осы орайда студенттердің өзіндік жұмысына төмендегідей тақырыптарды ұсынуға болады:

1. Абай шығармаларының психологиялық тұрғыда зерттеліну жағдайлары;
2. Абайдың өлеңдері мен поэмаларының психологиялық маңызы.
3. Абайдың қара сөздерін психологиялық тұрғыда талдау
4. Абай шығармаларындағы “толық адам” яғни жеке тұлғаны қалыптастырудың сипаты.
5. Орыс және батыс классиктерінен аудармаларына психологиялық талдау.

Өзіндік жұмыстың мұндай түрлерін қолдану олардың логикалық зерделеу жүйесін шыңдайды, өз пікірін дәлелдей алуға, өзгелермен пікір таластыруға төселдіреді. Абай шығармаларын оқыта отыра, жастардың танымдық әрекеттерін дамытып, ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік жасауға болады. Ақынның творчествосын зерттеген абайтанушы, тілтанушы ғалымдар тарапынан оның шығармалары қазақтың сөз байлығының қоры екендігі дәлелденген. Осындай байлықтың бағасын біліп, қадірін түсініп, оны жастарды жан – дүниесі таза, көзі ашық, көкірегі ояу, жан-жақты суатты адам деңгейіне көтеруде пайдалана білу – кейінгіге міндет, парыз. Осы орайда Абайдың шығармаларын жоғары оқу орындарында студенттердің оқып үйренуіне мүмкіндік жасау жалпы білім беретін мектептерде алған ақынның мұралары туралы білімдерін тереңдету, жетілдіру, рухани адамгершілік және психологиялық тұрғыда өзін-өзі,

өзгені танып, баға беруде, жақсы мен жаманды, т.с.с. адам бойында көрініс беретін сан алуан жағымды, жағымсыз қылықтардан аулақ болуға бағыт – бағдар беруде теңдесі жоқ құрал деп түсінуге болады. Сонда ғана, білім үздіксіздігімен мәнді, яғни адам өмір бақи оқи отыра, ізденістерімен өсіп, жетіліп, дамып, Абайша айтатын болсақ, “толық адам” деңгейіне көтеріледі.

Осы орайда болашақ педагог маман студенттерді ақын шығармасы арқылы олардың сана сезімін, іс-әрекетін, жағымды мінез-құлқын ұйымдастырып, қалыптастыруға бағыттау қажет деп ойлаймыз. Олай дейтініміз, ұлы Абай шығармаларының мәні мен маңызы қанша ғасыр өтсе де тот баспайтын, мән-мағынасын жоймайтын құндылығымен бағалы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М.О. «Абай Құнанбаев». Монографиялық зерттеулер., Алматы. 1995
2. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. Алматы, 1998
3. Тәжібаев Т. Абайдың психологиялық көзқарастары Алматы, Жазушы. 1977
4. Назарбаев Н.Ә. Абай тойы (Ұлы Абайдың 150 жылдығындағы сөзінен)
5. Қарасаев Ғ. Абайдың қара сөздері //Қазақстан мектебі 1995
6. Халитова И.Р.А.Құнанбаев мұрасын оқу процесіне ендіру мәселелері.Алматы-2005

АБАЙ МҰРАСЫ –ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Құрманғазыева Меруерт Құрманғазықызы,
филлология ғылымдарының магистранты, оқытушы
«Көлік колледжі» КМҚК Семей қ.

Кемеңгер ақын - ұлы Абай атамыздың жақұт жырлары мен ғибратқа толы қара сөздері – күллі әдебиет тарихында бұрын-соңды болмаған соны құбылыс. Ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиет-өнеге толы. Сондықтан да Абай мұрасы - ұрпаққа ұлағат, үлгі-өнеге, тәлім тәрбие, ғибрат-тағылым болмақ.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.[3]

Ақынның қай өлеңін, қай қара сөзін алсақ та, астарлы ойы мен идеясынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді (ар, ұят, намыс, иман, ақыл, білім, ғылым

және т.б.) бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынағанда оны жек көру тұрғысынан емес, керісінше адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды аңғартады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Жастарды жамандықтан жиреніп, жақсылықтан үйренуге, үлгі тұтып өсуге шақырады. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» [2] деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде балаларын оқытуды өзгелерге үлгі етіп ұсынады. Осында айтылатын ұстаз ойының бүкіл мақсаты бүгінгі заман жастарына да тікелей қатысы бар. Қазіргі нарық қыспағына қарамастан, «Интернатта оқып жүр» өлеңіндегідей, «жаңа өспірім, көп өрім», «талай қазақ баласының», жоғарғы оқу орнына түсуге талпынысы азайған жоқ. Бірақ көпшілігінің мамандық таңдаудағы ой-өрісі Абай заманындағы баяғы заң, баяғы сот, билік айтар тұстан аса алмай келеді. Оған енді келіп нарық заманының бизнесмен, маркетинг, менеджмент сияқты «модный» мамандықтары қосылады. Ал бүкіл ел экономикасының негізін құрайтын ауыр және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына қажет, материалдық дүние өндіретін салалардың инженер-технологтары мен агрономдарын «таңдауды» орташа оқығандардың үлесіне қалдырып отырған жоқпыз ба? Үміт артар жастарымыздың бәрі бірдей тойшы болса, қойшы кім болмақ?

«... Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!...» - деп болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырықтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті...

Ақын өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді», көңіл көзі қарақты, ойлы адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге талпынуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес жүйесінің бірі болды.

Абай жастарға пайдалы кәсіппен шұғылдануға кеңес береді, мұндай кәсіптің материалдық жағынан да, рухани жағынан да адамға берер игілігі көп деп біледі. Қастаншыл, жікшіл болма, бос белбеу іссіздіктен, қамсыздықтан

бойынды қашыр, ерінбей еңбек істе – міне ұлы ағартушының айтқандары осындай. Осы жөніндегі ойын ол «Сегіз аяқ» деген өлеңінде былай баяндайды:

...Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Ол жастардың надандық пен топастық, азғындық пен бойкүйездіктің мерезді мен уландырмай сақтап қалуда ата-ананың, отбасының, ерекше орын алатындығын айта келіп, өз баласын орынсыз ерке, қылжақпас етіп өсіретін аамдарға қатты наразылық білдіреді. Салғырт, бос буын, суайт, даңғой, дөрекі, ұстамсыз, есерсоқ болуды осындай кесір тәрбиенің салдары дейді ол. Бұл жөнінде өзінің «Оныншы сөзінде»: Баланың жақсысы- қызық, жаманы – күйік, өз күнәнді өзің көтергеніңмен тұрмай, баланың күнәсіне тағы да ортақ боласын.[5]

Әуелі балаңды өзін алдайсың: «Әне оны берем, міне, мұны берем»- деп. Басында балаңды алдағанына бір мез боласың. Соңында балаң алдамшы болса, кімнен көресің?

Ақын айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Абай жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Ақынның кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Абай адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген.

Ақын айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей»,

«Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек. Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» [1].

Ұлы Абай бар асыл ойын өз халқына, келер ұрпағына арнады. Ол келешек ұрпаққа ғибрат боларлық ой өрбітеді. Көреген ақынның педагогикалық-психологиялық пікірлеріне ой жүгіртіп, астарына терең үңілсек, оның бүгінгі заман талап-тілектерімен жан-жақты астасып жатқанын байқаймын. Абай ең алдымен жастардың алдында тұрған басты міндет-ғылым, білім үйрену жолы екенін атап көрсетті. Адам бойындағы қазынаны үлкен, әрбір жігерлі жастың талпынатын ғылым болуы керектігін ашып айтты. ”Дүниенің кілті өнер мен ғылымда тұр. Соны мақсат қылып ғылым табу керек өзіңе табылмаса балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз тұтқан ораза қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды дейді оныншы қара сөзінде”. “Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек” дей келе ақын. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз ғылым сол үшеуінің тілін білмек, - деп ғылымды аса жоғары бағалайды. Білім ғылым үйренбекке талап қылушыларға: Адам көңілі мейірленсе білім ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Ғылымды үйренгенде ақиқатты мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Басқасына бола үйренбе...” – деп ескерту жасайды. [5]. Абай адам бойындағы мінез-құлық, ақыл-парасат, білім-ғылымды бір-бірімен тығыз байланыстырады. “Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, німез, деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық”, -деген қорытынды жасайды. [1]. Бұл Абайдың айтып отырған педагогикалық ой толғамдары, келер ұрпаққа беріп отырған кеңесі болатын. Абай жастардың адам болу үшін жаман қылықтардан аулақ болуын қалайды. “Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп мал ізде” - деп ақыл береді. Ұлы ойшыл өзінің өмірден көрген білгенін, түйгенін екшей келіп”Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрседен асық бол,

Адам болам десеңіз ” , - деп санап шығады:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ-
Бес дұшпаның білсеңіз
Талап, еңбек, терең ой
Қанағат, рақым, ойлап қой-

Бес асыл іс, көнсеңіз...

Сөйтіп, Абай бес асыл іс пен бес дұшпанның ара жігін ажыратып, келешек ұрпағына тағылымы мол өсиет қалдырды. Абайдың ойынша тәрбиеге көнбейтін, тәртіпке бағынбайтын, түзелмейтін адам болмайды. “Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам адам мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім”, - дейді [1]. Абай Құнанбаевтың жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан, ғылым-білім, қанағат-инабат, әділет-шапағат, шынайы достық қай дәуірде болсын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз. Ұлы ақылгөйдің терең толғаныстарынан туған ғибратты ақыл-кеңестері ұрпақ тәрбиесінде өз құнын мәңгі жоймайды.

Ақын өлеңдерінің тәрбиелік бағытының бірі, әрі бірегейі—өзінді-өзің тәрбиелеу, яғни «әрбір жан өзіне үңілсін, өзін дамытсын!» деген ұран тастайды. «Ойға түстім толғандым» өлеңінде:

«Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес,
Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес»- деген жолдарында өзінің мінсіз еместігін, өзіне көңілі толмайтындығыны жеткізе отырып оқырманға «Кеудемсоқ болма, өзінді бақыла!» деген нұсқама беріп тұр. Абайдың өзінді-өзің тәрбиелеуге үндей отырып жазған «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде:

«Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» - дей отырып бос мақтан сүйгіштікке бой алдырмай, өзіннің бойындағы еңбек пен ақылды дамытып соған сүйену керектігін дәріптейді [6]. Яғни бойдағы жаман әдетіңнен жерініп, жақсы қасиеттерге ұмтылуға үндейді.

Пайданы көрсең ,бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма
Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.

Азапқа қалма езбеден,- деп, жастарға насихат айтады. Оларға күншілдіктен аулақ жүріп, бос мақтанға салынбау керектігін ұқтырады, пайданы ойлап ардан безу адамдықты аздыратын қылық екенін. Толық адам болғысы келген әрбір жастың алдына мақсат қойып, соған жету үшін талпынуы, ізденуі, ерінбей еңбек ету керектігін ескертеді. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе , болмаса жұмасына бір, не болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал»-дейді. Ұлы ғұлама надандықты, еріншектікті, зұлымдықты «күллі адам баласын қор қылатын кеселдер» деп есептейді. [1]

Қорытындылай келе, Абай өлеңдері оқырман үшін үлкен тәрбие, ұрпаққа ұлағат. Оны оқи отырып адамгершілік мінберіне көтерілесің, өзінді-өзің

тәрбиелейсің, әдемілік әлеміне шомасың. Абай өлеңдерінен тәлім алу, оны ұғынып бойына сіңіру – бүгінгі ұрпақ алдындағы міндет. Ұлы ақынның әрбір айтқан сөзі - есті адам үшін өсиет-өнегенің таптырмас үлгісі. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, таңырқа!» демекші, өмірге азық боларлық асыл ойлардың Абай жырларында тұнып тұрғаны баршаға мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Қарасөз. Поэмалары. Алматы 1993
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы 1994
3. Досым Омаров «Абайтану» Алматы 2002
4. Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Атамұра», 1995.
5. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: «Жазушы», 1995.
6. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. — Алматы, 1957.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

**Манашева Раушангул Есеевна,
арнайы пән оқытушысы**

Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі

Абай Құнанбайұлы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы екені баршаға мәлім. Оның шығармалары педагогикалық ой пікірлерге толы. Ұлы ағартушы Абай өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмыс жағдайын және надандығын, сонымен қатар қара басының қамын ойлайтын, рухани қажеттілікті керек етпейтін, біреуді алдап күн көретіндерді, жағымпаз басшыларды сынайды.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өз халқының

алдына жаңа мақсаттар мен тың талаптар қойып кеткендігі бәрімізге мәлім.

Кемеңгер ойшыл «атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, өмірдің мәні мен мақсатын Адам болу деп таныды. Оның шығармаларында адам бойындағы негізгі қасиеттер – адамгершілік, ар-ұят туралы айтқан асыл сөздері жетерлік, сонымен қатар еңбекке баулу және жастарды жастайынан оқып, ілім игермейінше, биіктің бағына қоймайтынын ұғындырады. Ақынның мына өлеңінде:

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
«Талапты ерге нұр жауар»,

Жүріп өмір сүруге,[1] -деп жастарды білім – ғылымды меңгеруге шақырды.

Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі-достық мәселесі. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол тіршілікте өзі көрген, халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды шын адамгершілік жолға, қиянатсыз, адал достыққы үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады.

Қазіргі жастардың тәрбиесі отбасынан басталатынын, ата-ананың рөлі маңызды, балаға білім беру парызы екендігі баршамызға аян. Абай атамыз тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. 25-қара сөзінде «Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең - оқыт, мал аяма! [2]– деп, ата-ананың жинаған мал-мүлкін баласының жастайынан білім алуына жұмсауын айтып, ата-ананы қатты сынға алды. Абай атамыздың «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөзіне мән бермей, өз кетігін таба алмау жатқан жастарымызда аз емес.

Ұлы ойшыл өзінің 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарына қосылады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді»[3] -деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді.

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу.

Еңбек етсең емерсің,

Ерінбесең жеңерсің демейме дана халқымыз. Абай атамызда жастарға еңбек ет -тек еңбек жастарды өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты - еңбек ғана биікке шығарады, психологиясын өзгертеді –деген болатын. Жастардың еңбек тәрбиесі, егер ол халықтың бүкіл көпшіліктің, түптеп келгенде, бүкіл қоғамның игілігіне айналғанда, оның молшылық қажетіне жараған жағдайда, білім алып, бақытты болған шағында ғана жүзеге асады. Ол еңбек тәрбиесі - басқа барлық тәрбиенің негізі екенін атап айтқан болатын.

Қорыта келе, қазақ халқының ұлы ақыны қазақ ғылымы мен мәдениетін, оқу-тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығын дәлелдеп отыр. Біз жастардың тәрбиесін, ұлтты Абайша сүюден, елдікті, мемлекетті қадірлеуден бастауымыз керек. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының ұлағатты ойлары, өнегелі сөздері мәңгілік жадымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Санат 1995ж.
2. Бітібаева Қ. Абай шығармашыларын оқыту. Алматы: Атамұра, 2003.
3. Майтанов Б. Абай. Тарих, тұлға, уақыт. Алматы: «Аруна» баспасы. 2010. 92 бет. «Шығыстың ұлылары» топтамасы

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Маркабаева Газиза Аманжоловна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты оқытушысы, магистр
М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі

ҚР Президенті—Елбасының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында: ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті:

компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру қажет делінген. Соған орай, қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және озық педагогикалық технологияларды

жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы және патриоттық сезімі жоғары маман болу керек екендігін атап көрсеткен.

Сондықтан да студенттердің білімін арттыру үшін, сабақта жаңа әдіс — тәсілдер, яғни заманауи технологияларды қолдана білу керек.

«Технология» гректің «*teche*»- өнер, шеберлік және «*logos*» - ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағнаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Өзім қызмет жасайтын колледжде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Колледж кабинеттерінде интербелсенді тақта орнатылған. Әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы студенттерді жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз. Енді нақты қазақ әдебиеті сабақтарына тоқталып өтейін. Мәселен, әдебиетпен танысу халық ауыз әдебиетімен басталады. Бұл блокта студенттер тұрмыс-салт жырлары, мақал-

мәтелдер, ертегілер сияқты ауыз әдебиет үлгілерімен танысады. Студенттердің мақалдарды түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында интербелсенді тақтаның көмегі зор.

Ақпараттық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы оқытушының да, студенттердің де мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ендеше ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны даусыз. Енді, поэзияға тоқтайтын болсақ, бұнда да ақпараттық технологиялардың алар орны зор. Студенттерді әуелі слайд, видеоролик көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, өлең мазмұнын түсіндіріп, содан соң студенттерге компьютер немесе теледидар арқылы өлеңді тыңдату студенттің жүрегінде әсер қалдыруы сөзсіз. Роман, әңгімелерді оқыту тіпті де үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан компьютерде көбірек отырғанын қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Мәселен, романды оқуға екі немесе үш сағат берілсе, оның бірінші сабағында оқытушы қысқаша роман кейіпкерлерімен, мазмұнымен слайд арқылы таныстырады. Екінші сабақта осы роман сюжеті бойынша түсірілген кинофильм көрсету, ал үшінші сабақта алған білімді бекіту мақсатында электрондық оқулық бойынша, немесе мұғалімнің өзінің құрастыруы бойынша тест және т.б. бақылау түрлерін өткізу, студенттермен пікірталас жүргізуге болады.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты — өркениетті елдердің қатарында болу, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Бүгінгі таңда электрондық оқыту жүйесіне (e-learning) көшкен.

Электрондық оқулықтың кітапханасынан барлық сыныптарға арналған, әр тақырыпқа жеке-жеке құрылған студенттің логикалық ойлауын дамыту мақсатында жасалған қызықты тапсырмалар, қызығушылығын арттыруда ойын арқылы берілген сұрақ-жауаптар, кесте-сызбалар тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер және сабақты қорытындылауға арналған музыкалық тест сұрақтар бойынша әр студент өзін-өзі бағалай алатыны өте маңызды тапсырмаларды алуға болады. Әр тоқсан сайын VIP тест алу, оқытушы уақытын үнемдейді. Бұл әр оқытушы үшін маңызды. Мен өз сабағымда интербелсенді тақтаны және электрондық оқулықты күнделікті пайдаланамын. Демек, студент білімді дайын күйінде алмай, өзінің тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікір қалыптасады және әр сабаққа қызығушылығы артады.

Қорыта айтқанда, мемлекетіміз білім кеңістігіне аяқ басқан кезеңде, ғылым – білімнің құндылығы, рухани маңыздылығы артып отырғаны белгілі. Сондықтан да ертеңгі ұрпақ жарқын болашақта өмір сүріп, дамыған елдермен иық тіресе қатар тұруы үшін, ең алдымен терең білім мен жан – жақты рухани сұраныс қажет. Бұл орайда студент бойында білімге деген құштарлықты, ғылымға деген сүйіспеншілікті оятуымыз қажет. Мұның өзі бала дарындылығын дамытып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға жол ашады.

Сонымен, жаңа ақпараттық технологияларды қазақ әдебиеті сабағында қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізеді:

1. Студенттерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Ақыл-ойын, тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.
6. Әр студенттің білімі деңгейін анықтауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә., Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж
2. Жұмажанова Т., Дүйсебаев С., Мамырова Ә., Көпбаева З., «Қазақ әдебиетінің» әдістемесі. Алматы «Білім», 2003.
3. Медешева А., Компьютерлік программаларды оқу-тәрбие жұмысында қолдану. Бастауыш мектеп, №1, 2001ж.
4. Нурахметов Н. Абайдың ұстаздық ұлағаты. //Абай, № 3, 1996, 66-72 бб

АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ – ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Нурмухамбетова Жулдыз Кусаиновна
қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы
КМҚК «Көлік колледжі», Семей қаласы

Барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат, адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылманы Абайдың дүниеге келгеніне 175 жыл. Өткеніміз бен кеткенімізді, жеткеніміз бен жетпегенімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдетімізге айналған. Соның әрқайсысында Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе – мерейі жаңа биікке көтерілумен келеді. Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық! Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі біз бастан кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуреннен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды сәлиқаландыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік. Абайдың сол заманда осылай толғанып, осылай жазбауы қандай мүмкін болмаса, біздің бұл заманда осылай қиналып, осылай әрекет етуіміз сондай мүмкін еместігін де түсінер едік. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған

адамзат нәсілі ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысаны, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем Абайдай тұлғаны әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Өйткені ақыл табылмай тұрып ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат, өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар шырғалаңында басы айналып, дағдарыс хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айрықша пейілі түсен перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да – дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарарының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерең құбылыс саналатындай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп рухымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байытады. Өйткені халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді. Абай да ақыл айтпас бұрын қилы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткеріп көрді. Жігерлі азамат билікті тастап, ақындықтың соңына біржола түсіп, қалған жиырма жыл ғұмырын тек қана оқып білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады. Ол еңбегі енді, міне, адамзат ақыл-ойының асқаралы тұлғасына айналдырып отыр.

Ақын Абай қазақтың суырыпсалма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырды. Бұрын сонды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын сонды үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріштеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін болмыстың тұңғыық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық – әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық Батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды. Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелдікке, суреткерлік саликалылыққа, стильдік әралуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұндас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі, шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді.

Түп бастауы осы кәусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жанрлы көркем әдебиетіміз ХХ ғасыр зобалаңдары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңестіктегі, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр тауып бере алды. Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына

қарыздармыз. Дүниенің көрінбеген сыры - ол рухани құндылықтар, мәдениет, тарих, адам факторына, моральға байланысты қағидалар. Әсіресе жастар іс болында үлкен биіктерге жетуі мүмкін. Сол жолда шетке, шайтан жолға шығып қалмауға – жастарды тек мораль ұстай алады. Мұны біз тағы да Абайдан табамыз...

Қорыта келсек, бүгінгі таңда бәріміз ұлықтап отырған ұлы ақылгөй осыдан бір жарым ғасыр бұрын, өз тұсындағы өркениеттен атымен шетқақпай жатқан аймақта жүріп-ақ, тек бүгінгі өркениет қана қамтамасыз ете алар, адамдар мен халықтардың бостандығы мен жарастығына негізделген, ізгілігі мен игілігі бірдей биік дамыған азат қоғамның қандай болмағы керек екендігін де дәл пайымдай алыпты.

Ал бүгін сол асыл жүрек, абзал ақыл дұрыс сипаттаған кемелділі қоғамын ойдағыдай жүзеге асырып шыға алатын моральдық мүмкіндік бізде бар. Ақын армандаған ғылым да, өнер де, кәсіп те, білім де баяғыдай таңсық емес. Халқымыз сауатты, мамандарымыз білікті. Еліміз тату. Қоғамның үштен бірі – отызға толмаған жастар. Тек сауатқа сәйкес қабілет, білімге сәйкес сана, жастыққа лайық жалын жігер, жасампаздық болса, Абайдың қолы түгілі аузын байлаған ізгі мақсаттарды іске асыруды уақыттың өзі талап етіп отыр.

Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп. Ол үйреткен тағылым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгендігіміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден-бір белгісі де осы болып табылады. Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе – білім.

Ендеше Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай!

Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне білейік!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ғ.Есім «Хақім Абай» «Фолиант» баспасы, 2012 жыл.
2. Абай №1,2,3,4. «Парыз» 2017жыл.

АБАЙ ОЙЛАРЫ ЕРМЕК ҮШІН ЕМЕС, КЕЙІНГІГЕ ӨНЕГЕ БІЛІМ БЕРМЕК ҮШІН...

Орынбасарқызы Жанбала,
арнайы пәндер оқытушысы
ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн,- деп жазды. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. [1]

Абай ілімі адам баласының ең жоғарғы мақсатын көрсетеді, ол мақсатқа жету жолын ашады және ол мақсатқа қалай жету керек екенін, яғни болмыс туралы білім береді. Ойшыл ілімі бүкіл болмыс негіздерін түгел қамтиды, сондықтан ол толық білім болып табылады. Абай өзінің өлең -жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады. Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай сана-сезімді тәрбиел еудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы -жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. [2]

Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді. Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге

толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», - дейді Абай.

Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу - жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды. Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын өзара бір -бірімен байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адамды қоршаған ортаның – табиғаттың ішкі сырын білімғылым арқылы білуге болады деп қарастырады.

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Абай: Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған мақсат емес, Өнердің бұдан өзге бәрі жалған. Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер -білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол: «Барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет... өнер де, ғылымда орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті оны білгенге дүние арзанға түседі» - деп, озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті. «Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы – Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап, Бұларды керек қылмас ешкім қалап... Терең ой, терең ғылым іздемейді Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. [3]

Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиеліктәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқтыбарды, ертегіні термек үшін», - деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы 15 ұдайы ой салды, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды. Абай өзінің өлеңдерінің бәрінде: «Қалың елім қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузына түсті мұртың, Жақсы мен жаманды айырмадың Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» – деген сөздері дәлел бола алады. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл

іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты. Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын -сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», - деп жағымсыз қасиеттерден жастарды жирендіреді.

Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. Тағы да «Әуелі бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек»- деп, ой тастайды. Ары қарай ақын: «Үш -ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді. «Толық адам» ұғымын талдай келіп, оның мәні үш сипатты (ғылым, рақым, әділет) болуға талаптану деп көрсеткен. Абай көтерген «Толық адам» қағидаты – ұлттық педагогикада «Сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиесінің қағидатымен үндестігін байқамау мүмкін емес. Ұлы гуманист адамды сүю туралы айта отырып, «Адамзаттың бәрін сүй» деп ақыл айта отырып, «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» деген анықтама береді. Қазіргі білім берудегі басты ұстаным болып отырған гуманистік педагогиканың негізі «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірімен ұштасады. Ақын адамды әкенің емес, адамның баласы болуға үгіттейді. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» - деп, ғибрат тастайды. Абай адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік екенін баса жырлайды. Адамшылықтың алды – «махаббат, ғаділет, сезім» дейді. Адамшылықтың тәрбие арқылы келетініне көз жеткізеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен адамды сүюге баулудан басталуы керек. Абай мұрасы, тағылымының өміршеңдігін бүгінгі тәрбие үрдісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады.

Жеке тұлғаға бағдарлап оқыту мәселесін жүзеге асыруда Абай шығармалары маңызды орын алады. Абай адамның адамдық қасиеті еңбекте, ғылым -білім үйренуде, адамгершілік мінез-құлықта деп түсіндірді. Елін еңбекке шақырып, өнерге үндеді, ескіше көзқарасқа, қазақ ортасының жағдайлары тудырған мінезқұлықтағы ұнамсыз көріністерге қарсы күресті. Абай өзі мұрат тұтқан толық адамдыққа жеткізетін ең басты қасиетке әділеттілікті жатқызады. Ақынның тікелей басшылығымен жазылған «Қарамола Ережесінің» заңдық, әділеттілік бағасымен қоса, жас жеткіншекке азаматтық-құқықтық тәрбие беру ісінде тәлімі зор шығарма болып табылады. Абай мұрасындағы рухани-тағылымдық тәрбие идеяларын жас жеткіншектердің өз бойларына біршама сіңіргеніне қарамастан, оның әдебишығармашылығына қажеттілікті арттыруда мұның өзі, біріншіден, Абай шығармаларын тұтас алғанда толыққанды оқыту мен пайымдауды қоғамдық

тұрғыдан қажет етсе, екіншіден, бүгінгі күнгі Абайдың тәрбие мен оқыту саласындағы көзқарастары мен пікірлерінің жас ұрпақты оқыту мәселесінде әлі де жеткіліксіз екендігі сезіледі. [4]

Абай шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі – өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі – ғақлия немесе қара сөз деп аталатын прозасы; үшіншісі – өзге тілдерден, әсіресе, орысшадан аударған өлеңдері. Абай ақындық жолға бет бұрғандағы алғашқы шығармаларын орыс мәдениеті мен білімнің маңызын насихаттауға арнады. Оның 1885 жылғы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі бұл тақырыптағы тұңғыш шығармасы болуымен қатар, ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісі де болып табылады. 1887 жылы жазған «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», Лермонтовтан аударған «Бородино» өлеңдері шын мәніндегі поэзиялық туындылар. 1986 жылы жазған «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдері – сол дәуірдің шындығын дәл беретін туындылар. Абай қазақ тіліне «Евгений Онегинді» аударып, өзі әнін шығарған. «Татьянаның хаты» халық аузында үлкен сүйіспеншілікке бөленді. Абай шығармаларының тағы бір қатарына тоқталар болсақ: 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі бұл тақырыптағы тұңғыш шығармасы болумен қатар, ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда, ең алдымен, жаңа үлгідегі ақынға керек ғылым жайын сөз етеді. Ғылым-білімді кезінде зерттей алмағанына өкініш білдіреді. Өз қателігін балаларын оқытумен түзеуге бет алғанын айтады. 1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдерін жазды. Мұның алғашқысы ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті түрінде жазылған. Абай «ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғалым болуы керектігін түсіндіреді. «Қалың елім, қазағым» деген өлеңінде өзі билеуші тап ортасынан шықса да, тарихи дамудың беталысы мен қоғамдық шындықты түсініген ол еңбекші шаруаға шындап бет бұрғанын байқатады. Оларды «елім», «жұртым», «халқым» деп, дос тұта сөйлейді. Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын? - деп, ол ел ішіндегі адамгершілік жағынан да, мінез-құлық жағынан да татымсыз топты бөліп көрсетеді. [2]

«Татулық пен тұрақтылық» өлеңінде халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі – достық мәселесі. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол тіршілікте өзі көрген, халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды шын адамгершілік жолына, қиянатсыз, адал достыққа үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады. Ақынның білім-ғылымға қатысты ақыл-ой тәрбиесі «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші қара сөзі» т.б., адамгершілік тәрбиесі «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы»,

«Адамның кейбір кездері», 7, 13, 17, 19 қара сөздері т.б., эстетикалық тәрбие «Жүрегім нені сезесің», «Не іздейсің көңілім, не іздейсің», «Жүрегім ойбай соқпа енді», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», т.б., еңбек, экология тәрбиелері «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Шегіртке мен құмырсқа», «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Жаз», «Жазғытұры», «Қыс», 2, 6 қара сөздері т.б., отбасы тәрбиесі «Тұтқындағы батыр», «Туғызатын ата-ана жоқ», «Адамның кейбір кездері», «Кешегі Оспан ағасы», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Қара қатынға», «Ата-анаға көз қуаныш» т.б. шығармаларында басты тәлім түрінде жырланған. Өмірін Абайды зерттеуге арнаған М.Әуезов: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ойтолғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олар үш нәрсе: «надандық, еріншектік, залымдық» - дейді. [5]

Қорыта келгенде, Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп-өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алары сөзсіз. Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі – адам, толық адам. Абай армандаған толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек.

Абайға баратын жол – ұзақ жол. Ол ешқашан таусылмайды. Заман өзгерген сайын, халықтың сана-сезіміне еркіндік самалы есіп, ақыл-есі желпінген сайын ұлы ақынның өлмес мұрасы да жаңа бір қырларынан ашылып, жарқырай түспек. Демек, өз жолында жаңа бір олжалар тауып, тың жемістер теруге ұмтылу Абайға қарай сапар шеккен әрбір зерттеушінің абыройлы борышы болса керек.

Абай мұрасы еліміздегі білім беру жүйесіндегі өзіндік мәні бар, ағартушылық маңызы зор, педагогикалық идеяларға толы, психологиялық ой-пікірлерге бай тәлімгерлік тағылымы баға жетпес өміршеңдігімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық қазынамыз бола береді. Абайдың адам тәрбиесі хақындағы педагогикалық көзқарастары аса үлкен мәнге жетіп, әлі де болашақ ұрпақтың көкірегін оятарын риясыз сеніммен айта аламын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы
2. ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Абайтану» курсының оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері
3. С.Калиев., Ж.Молдабеков., «Этнопедагогика» оқулығы
4. М.Мырзахметұлы «Абайтану» 1том 2014 жыл, Астана
5. Қайым Мұхамедханов «Абай Құнанбаев» 2009 жыл, Алматы

АБАЙ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ БАҒЫТ- БАҒДАРЫ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Сатқанбай Рахия Нәдірбайқызы,
жоғары санатты арнайы пән оқытушысы
ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі»**

Зерттеудің көкейтестілігі. Қоғамның тарихи даму кезеңінде өткен дәуірден бізге жеткен мәдени, әдеби мұралардың өсіп келе жатқан жас буынды оқыту мен тәрбиелеуге септігін тигізетін мүмкіндіктерін сарқа зерттеп, тәлім-тәрбие ісінде қолдану бүгінгі күн талабы. Өйткені, жан-жақтан қаулап арам шөптей басып келе жатқан құнсыз дүниелердің жастар өміріне дендеп еніп бара жатқанын көріп отырмыз.

Бұдан былайғы кезде осы мүмкіндікті кеңінен зерделеп, байыту арнайы ғылыми зерттеулердің үлесінде. Осындай мүмкіндігі мол, бай мұраның бірі Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармалары екені белгілі. Бұл ретте кейінгі кездерде орындалған теориялық, тарихи-педагогикалық зерттеулерді айтуға болады.

Қазіргі кезде оқыту теориясына қатысты, әсіресе, соның ішінде оқыту әдістеріне байланысты "жаңа технология", "белсенді әдістер" деген секілді бір қарағанда жаңа сипаттағы ұғымдар пайда болды. Ал, олардың көпшілігі, компьютерлік технология, аудио-видео технологияларынан басқалары, кәдімгі ертеден бері қарай қолданып келе жатқан әдістер мен тәсілдердің түрліше топтастырылуы мен талдануы. Бұл ретте, акын шығармаларындағы дидактикалық идеяларды да тың сипатта талдап, жаңаша көзқараспен зерделесек осы "жаңа технология мен белсенді әдістерді" байыта түспек.

Өлең, поэзия арқылы тәрбиелеу мен білім беру халқымыздың дәстүрге айналған жолы десек жаңылмаймыз.

Абай шығармаларында оның өмір тәжірибелерінен туындаған, кейінгілерге өнеге болатындай осындай дидактикалық мәндегі туындылар, пікірлер, тылсырымдар, ереже, қағидалар мол. Олар өлең түрінде берілгендіктен сөздердің ұйқасы, мазмұндылығы, меңгеруге қолайлы, шынайы өмірден алынғандықтан нанымды, кейбір өлең ырғақтары тіпті иландырып еліктетіп әкетеді.

Абай Құнанбаев шығармаларындағы педагогикалық ойлардың өзегін «біл», "оқы", "үйрен", "ізден", "ұқ" тұжырымдары құрайды және ол өлеңдерінен бастау алып, қара сөздерінде айқындала түседі. Ақынның "біл" тұжырымның басты идеясы "білген, білген-ақ сан қылса," – дегенге саяды. Осыдан барып "білген деген не?" сұрағы туындайды.

Осыған орай "Мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл.. біреу білмес сен білсең, білгеніңнің бәрі түл... шын сөз қайсы біле алмай, әр нәрседен құр қалма...", "Орыс тілі, жазуы-білсем деген таласы...аз білгенін көпсінсе... талап

кыл артық білуге" - мұндағы "біл" дидактиканың білім беру мақсатына меңзейді.

Ғұлама ақынның "біл" тұжырымы адамның өнері мен білімінің уәзіні, өлшеуіші, себебі ақын адамның бірінен бірінің артықшылығын өнері, білімінен байқауға болады...дейді. Ақынның "біл" тұжырымы жекелеген адамның дара қабілеті мен қасиетіне байланысты тағы бір қырынан "Сегіз аяқ" өлеңінде танылады, "сөйлеймін десең өзің біл...білгенге маржан, білмеске арзан" сөздің бағасы тындаушылардың білімі, ұғынып, түсінуіне байланысты, естіген сөздің байыбына бара алмаса "білмейді" деп бағаланады. Себебі, не істесе де, қалай істесе де білімді адам жолын табады деген сенімімен ақын "білгенге жол бос" деп түйіндейді.

Абайдың бұдан 100 жыл шамасы бұрын қазаққа айтқан ойларының тереңдігі бүгінгі егемендігін қолына алған Қазақстан Халқына, оның ішінде қазаққа айтылар ойларымен ұштасып жатқан жоқ па. Абай философиясының халық тағдырымен ұштасуының негізгі себебі халқына деген шексіз сүйіспеншілігінде, жан-тәнімен бар күш салып көмектесуінде, болашаққа жол сілтеуінде, жаны ауырып күйзелістен туындайтын философиялық ойлар, философиялық категориялар арқылы шешімін табуында.

Абай алтыншы сөзінде қазақтың «бірлік пен тірлікті» қалай түсінетінін көрсеткен. «Өнер алды – бірлік, ырыс алды — тірлік» деген мақалдың пәлсапалық мәні қандай? Оны дұрыс түсіне ала ма? «Қазақ ойлайды, — дейді Абай, — бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен» деп. Осы ортақтықты бірлік деп түсінеді. «Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік?» — деп Абай «бірлік» сөзінің мағынасын өзі ашып береді. «Жоқ,-дейді Абай, — бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса антұрғандықтың басы осы».

Абай өлеңдерінде халықты азғындаудан сақтандырады, жаман әдеттен жиренуге, адамгершілікке шақырады, өз шығармалары арқылы моральдық - этикалық нормаларды орнықтыруды көздейді. Сөйтіп Абай елдің ақылшысы, қамқор-шысына айналады. Бірақ көпшілік қауымның оның ұсынған асыл мұрасын қабылдап, түсінуге өрісі жетпеді. Ал елдің озбырлары болса, оған бөгет жасауға ұмтылып, аяғынан шала берді. Осыған налыған Абай былай деп ой тербейді:

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,

Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

(«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», 1898 ж.)

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары турасында сөз қозғағанда, алдымен ойға оралатын Абайдың өз басының адамгершілігі. Ақыл мен қайратты, білім мен адамгершілікті тең ұстаған ақын шығармаларына деген ілтипатымыз, құштарлығымыз бүгінгі күн санап артқандай болса, ал мынау нарықтық экономика қыспағында қысылып жүрген жағдайда ақын шығармаларына, оның терең мағыналы, күні бүгінге дейін

мәнін жоймаған ой-тұжырымдамаларына деген қажеттілік одан да артық. Оның кіршіксіз, таза, ақ жүрегінен тебірене туындаған жырларынан адам жанына әл қуат беретін, жанға жайлы, ыстық леп ескендей.

Бар асылын, ойын замана жастарына, келер ұрпаққа да арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет пен еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», — деген тұжырым ұсынады.

Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз...» — деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бе нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз...» — деп, кесімді, тұжырымды жауап береді.

Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар – адамдық, әділеттік, достық, махаббат, арнамыс, сабырлық, батырлық т.б. толып жатыр. Солардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері, «Бес асыл іс»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

«Бес дұшпан»—Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл» ісінде нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанында»:

«Адам болам десеңіз,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер, мал шашпақ –

Бес дұшпаның білсеңіз...»— деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат

жаман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, жылпостық, менмендік, қулық-сұмдық, пәлеқорлық т.б. толып жатыр.

Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әр түрлі кесапаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат пен бек көп нәрсе... бұл қуаттың ішінде артық қуат бар... ол жоғалса, адам баласы хайуан болды, адамшылықтан шықты». Ақын: «... ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» — деп, адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады.

«Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың,

Не түсер қу түлкіден жыртғың-жыртғың...», — деп тиянақтылық пен ұстамдылықты адам мінезінің жақсы қасиеттеріне жатқызады.

Адам болудың бір шарты – Ұят деген ұғымды бойға сіңдіру. Ұят дегеніміз – адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзінді-өзің сөгу, өзіңе-өзің ұрсу, өзінді-өзің дұрыс, әділ, адал жолға салу. Абай ұяттыларға мейірленсе, ұятсыздардан жиіркенеді де: «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», «Жігерлен сілкін, Қайраттан беркін!» деп насихат бергенде; «Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан» деп, ұятсыздарды сөгіп, «осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, ол істен, мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» — дейді. Ар, ұятпен қатар саналы қазақтың табиғатына сіңген бір ұғым – Намыс. Ақын бұл ұғымға да ерекше мән береді. «Бұрынғы ата-бабаларымыздан артық екі мінезі бар: соның екіншісі – намысқор келеді екен». Ар ұяттан айырылған, намыс дегенді білмейтін, білгісі де келмейтін болыстарды Абай мысқылдай кекетіп, өткір сатиралық тілмен түйреп:

«Сүйегім жасық, буын бос,

Біраз ғана айлам бар,

Айлам құрсын білемін –

Болыстықтың жолы тар

Қайтіп көмек болады,

Антұрған өңкей ұры-қар?

Көргенім әлгі ойлашы,

Ұят, намыс, қалды ма ар?...» — деп налиды. Не құдайшылыққа, не адамшылыққа жатпайтын, ардан бездіруге итермейлейтін «жарлы болсаң, арлы болма ма», жалқаулыққа, сұрампаздыққа, жыл-постыққа шақыратын «Қалауын тапсаң қар жанады, Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ», ұрлыққа, мейірімсіздікке бағыттайтын «Алтын көрсе періште жолдан таяр», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» дейтін, ата-анасын малға сатуға бейім тұрған опасыздардан, сатқындардан «бек сақ болу керектігін» қатты ескертеді.

Ақын адамгершілік, мораль мәселесін сөз еткенде жақсылыққа: адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық,, кісілік, қанағатшылдық, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабыр-лық, сертке беріктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік т.б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айлакерлік, парақорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сараңдық, алдампаздық, сайқал-дық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлеқорлық, паңдық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылық т.б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызады. Абайдың негізгі этика, адамгершілік, түсініктері әділдік пен әділетсіздіктің ұғымдық мәнін, арақаты-настарын түсінуге арналған.

Ақын білімді деген ұғымға өзінше ерекше мән береді. Абайдың түсінігіндегі білімді адам – адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды (әкелі-балалы, алыс-жақын, туыс-тума, үлкен-кіші, ерлі-байлы, жолдастық, достық) дұрыс түсіне білетін адам. Мектептен алған білімін адамгер-шілікпен ұштастыра білмейтіндерді Абай адамсымақтардың ең үлкен наданы, арамы екенін айта келіп:

«Осы жасқа келгенше
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам
Біздің сөзге ергенді,
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,

Шықтық міне белге енді...» —деп тоғыршылықтан адамдыққа, білімсіздіктен білімділікке қарай күрес жолында өткен өмірін баяндайды. Абайдың бұл ойлары «жақсылық ақиқатпен бірге болады, жамандық білімсіздіктің салдары», сондықтан да «өзіңді-өзің таны, өзіңді-өзің біл» деген этикалық принциптермен ұштасып жатыр.

Абайдың адамгершілік туралы, Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген, қазақ халқының басына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші пайхамбарымыз, рухани көсеміміз. Абай 19 ғасырдың ортасында дүниеге келіп, 20 ғасырдың басында бұл дүниеден кетіп қалған жоқ. Абай заттың адамы емес, рухтың адамы. Абайдың адамгершілік туралы этикалық ойлары, пікірлері өз халқының ұрпақтарына әрқашан қуат бере бермек.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді.

Қорытынды. Жалпы Абай шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлерді зерттей келе, төмендегідей тұжырым мен ұсыныстар жасауға болады:

1. Өлең, поэзия арқылы тәрбиелеу мен білім беру халқымыздың дәстүрге айналған жолы десек жаңылмаймыз. Ақын, жыраулардың ел аралап көпшілік алдында жыр дастандар орындауының өзі тәрбие мен білімді уағыздаудың ұрымтал түрлерінің бірі болғаны белгілі. Бұл үрдіс ертеден келе жатқан, әсіресе, көшпенділер арасында кең тараған тәсіл. Өлең түрінде халықтың танымдық өресін өсіру, білім ауқымын кеңейту ХІХ ғ. соңына дейін жақсы сақталып келсе, бүтінгі күні оның жұрнақтары ғана қалған.
2. Абай Құнанбаев шығармаларындағы педагогикалық ойлардың өзегі саналатын «біл» немесе «білу» тұжырымы тартымды тәлімдік пікірде айтылуымен оқыту теориясының мәнін ашып, мағынасын ұғынуға мүмкіндік береді.
3. Ақын шығармаларындағы дидактикалық тұжырымның тағы бірі "үйрен". Бұл оқытушы мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастың мәні мен мағынасын пайымдауға шарт түзеді.
4. Ақын шығармаларындағы басты дидактикалық тұжырым "оқы" болса, мұндағы мақсат білу, ой табу. Бұл қалай пайда болады? дегенде ақын кітаптан ерінбей оқу арқылы, ғылым іздеу арқылы келеді, сондықтан оқыған біледі, оқымаса ол надан.
5. Абай Құнанбаев шығармаларынан оның «іздеу» немесе «іздену» тұжырымы да дидактиканың аса қажетті машықтарының бірі деуге болады. Ол «іздеу» санатына жалпы шынайы дүниені танып-білуден жан дүниесін, рухани әлемін толықтыру, дамыту және одан күнделікті өмірге қажетгі іс-әрекетке дейінгі үрдістерді қарастырады.
6. Ғұлама ақынның 7, 12, 13, 15, 17, 19, 25, 27, 31, 32, 33, 38, 44, 45 қара сөздерін таным теориясы тұрғысынан талдай келе, оның дидактикалық пікірлерінің оқытуды ұйымдастырудағы оқушы мен оқытушының танымдық іс-әрекетінің кезеңдерінің мәнін ашып көрсету мүмкіндігіне ие болдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
2. Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. -А., 1992.
3. Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. -Алматы, 1973.
4. Дуйсенбинова Адамгершілік тәрбиесіне айқын бағыт //Қазақстан мектебі. 7-1991ж
5. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. - Алматы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі баспаханасы, 1992.
6. Сабақ беру тиімділігін арттыру/Құрастырған Б. Сманов. -А, 1989.
7. Төлеубеков А. Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. -Алматы, 1991 ж.
8. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. /Құрастырған Ж Нүржанова. -Алматы, 1991.
9. Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Атамұра», 1995.

10. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995.
11. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1984.
- 12.Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. — Алматы, 1957.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Сейдакова Айнұр Есенгелдіқызы

Жаңаөзен политехникалық колледжі

Ұлылар айтқан ұлағатты сөз - ұрпақтан - ұрпаққа жалғасын табатын – жоғалмайтын мәңгілік мұра. Абай мұрасы - алтын қазына. Абай мұрасы-халықтың рухани байлығы, рухани жаңғыру негізі. Жастар жүрегіне ізгілік нұрын, асқақ адамгершілікті, өнеге мен әдептілікті, мейірімділікті елжандылық пен ұлтжандылықты санасына сіңіретін басты құрал - Абай шығармашылығы.

Абай шығармаларының бастау бұлағы Жүсіп Баласағұннан, Махмуд Қашқариден, Яссауиден үндесе отырып - Абай жүрегінен жалғасын тапқан шығармалар екенін өскелең ұрпаққа насихаттау азаматтық парызым деп білемін. Әр өлеңде айтылған өсиет сөздерін, жақсы мінезбен жаман әдеттерден арылатын жолдарды шумақтарды таңдау және талдау орындау жолындағы ізденістерден туған осы туындыны көпшілік назарына ұсынып отырмын.

Адамзаттың Абайы

Жаздым "үлгі" жастарға бермек үшін

Абай

Қазақ елін бүкіл әлемге танытқан ұлы Абайдың әр сөзі – өскелең ұрпаққа даналықтың нұрындай. Қазақ зиялыларының өзі Абай мұрасына сүйене отырып, өз мұраларын қалдырғанын білеміз Абай бүкіл қазақ елінің – рухани бастау бұлағы болды. Елбасымыз-Н.Ә.Назарбаевтың өзі: Абай сөзі қазақтың бойтұмары дегенде халықтың Абай сөзіне қалай қастерлейтінін айтып тұрған жоқ па! Абай болмысын ұғынғанда оның халықты: адамгершілікке, ғылым-білімге, талаптылыққа, өнерге, кәсіпке жетелеп, өлеңдері мен жеткізе айтып насихаттады.

Абай жасаған кезең – оның өлеңдерін көзі ашық жандар ғана түсініп, жалпы халық ұғына бермеген кездер ~ Абай жанын күйзелтті.

Абайдың ұлы ақын екенін оның өлеңдерінің тұнып тұрған рухани – тәлім насихаттылығымен ерекшеленеді.

Оқу білімге шақыруға арналған өлеңдері:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім.

Білімдіден шыққан сөз,

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Ғылым таппай мақтанба-
бұл өлеңдерді мен дәстүрлі сабақ бағдарламаларында танысып, ұғынып,
үлгергендіктен енді мен мектеп оқулығына жарияланбаған, өскелең ұрпақ
тәрбиесіне арналған өлеңдерін талдаймын.

*Адам жанын тәрбиелеуден артық мамандық та бақыт та жоқ, болуы да
мүмкін емес*

Елена Рерих

Абайдың өлеңдерінің жастар тәрбиесіне арналғанын іздеп, саралап
отырмайсың, екі өлеңнің бірі жастар тәрбиесіне арналған.

Таңдап көрелік:

Ер ісі-ақылға ермек, бойды жеңбек
Өнерсіздің қылығы өле көрмек
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай
Еріншек ездiгiнен көпке ермей

Абай жастарға өнер иесі болуды, еріншек, ез болмауды өсиеттеп тұрған
жоқ па!

Тағы да сол өлеңде

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек
Ұрлық қулық қылдым деп, қағар көлбек
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек

Бір шумақ өлеңнің ішінде қаншама тәрбие бар! Жастарды ұрлық, қулық,
жамандықтан – аулақ болуға еңбек етуге шақырып тұрған жоқ па!

Абай өлеңінің өмір шеңдігін тағы да осы өлеңнің мына шумағына назар
салыңыз:

Наданға арам, - ақылды құлаққа ілмек
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек
Рас сөздің кім білер қасиетін
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек

Өлең шумағы дәл қазіргі таңдағы жастарға арналғандай. Абайды оқуға,
не көркем шығармаларды оқуға, төл әдебиеті мұраларын оқуға құлқы жоқ
кейбір жастардың шындыққа негізделмеген әлеуметтік желілердегі жел
сөздерді бас алмай оқитынын ащы болса да шындық екенін білеміз.

Тағы да сол өлеңде:

Сырттан сынбақ, қусынбақ, өршілденбек
Сыбырменен топ жасап, бөлек- бөлек

бұл да ел бірлігін бұзатын осындай адамдардың әлі күнге дейін барлығы аян:

Бас –басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки бұзған жоқ па, елдің сиқын - деп Абай ел тағдырын
осындайлардан сақтандырмақ болып

Жасы кісі үлкеннен ұялмай жүр,

Сұрамсақтар нәпсісін тыялмай жүр

Абай:

Көңілім қайтты достан да дұшпаннан да.

Адалдықты ту еткен Абай – елдегі жақсы, жаман қасиеттерді саралай келе, жаман қасиеттердің көптігіне күйзеле жыр жазған.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда

Ол тұрмас, бастан жыға қисайғанда

Қолыңда байлығың, билігің барда дос болып, кейін басыңнан бақ тайғанда қайрылмай кететін жандар.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,

Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.

Ала жылан, аш бақа күпілдетер

Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр.

Өлең жазылған сәті ерте болғанмен айтылған ой, дәл қазіргі кезең емес пе? Кейде ойлаймын Абай сол кезді емес «болашақты» жазбады ма екен – деп ойға қаламын. Себебі – әр өлеңіндегі оқиға дәл қазіргі кезеңді айтып тұрғандай. Жоғарыдағы екі шумақтағы құбылыс қазіргі таңдағы өмірге сай келмей ме?

Келесіде Абай:

Жастықта бір күлгенің бір қаралық

Күлкі баққан бір көрер – бишаралық.

Әуелі өнер іздейік, қолдан келсе

Ең болмаса еңбекпен мол табалық – осы өлеңді Абай бір ғасыр бұрын жазды деуге бола ма! Айтылған сөз, ойдағы идея – дәл қазіргі кезеңді айтып тұрғандай!

Тағы да сол өлеңде Абай:

Басында әке айтпаса ақыл жарлық

Ағайын табылмаса, ой саларлық

Қалжың бассып өткізген қайран дәурен

Түбінде тартқызбай ма, ол бір зарлық – деп Абай отбасы тәрбиесі, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі жайлы айтып отыр. Әкеден өсиет тыңдамаған баладан қасиет шықпайтынын, түбінде келеңсіздікке тап болатынын жазып кеткен.

Және жастарды ауызбірлікке, адамгершілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеген өлең жолдарын тыңдаңыз.

Келді күн, қызық дәурен, тату өткіз

Жетпесе, біріңдікін, бірің жеткіз

Күншілдіксіз тату бол, шын көңілмек

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз – деген өлең шумағынан алатын тәлім қандай! Тату болуды, біріңе – бірің көмек беруді, күншіл болмауды, қиянат ойламауды – бір шумаққа сыйғызған Абайға қалай тағзым етпессің!

Және де әдептілік тағылымын да осы өлеңде қалай жеткізген:

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,

Бірінің бірің сөйле, сөзің тосып.

Біріңді бірің ғиззат, құрмет еткіз

Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып – деп үлкенді құрметтеуді, достарың мен туыстарыңмен тату болуды бір шумақ өлеңде кестелеген.

Бұрынғы ескі биді тұрсаң барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қоспарлап.

Абай

Абай осыншама қазынаның бастауын бұлақ көзін қайдан алды. Кімнен үйренді, кімнен үлгі алды. Өлеңдері кімнің шығармашылығы мен үндесіп т Абай қазіргі тілмен айтқанда нағыз психолог.Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру бағдарламалық жолдауында: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып қалған, қанымызға сіңген, ізгі қасиеттерімізді қайта жаңғыртуымыз керек» - деген даналық сөзін Абайдың «Толық адам» ілімін қайта жаңғыртып кәсіптік колледж студенттеріне ұғындыруды мақсат еттім. Себебі бұл – ғылыми еңбек, қазіргі кезең болғанда докторлық диссертация қорғайтын дүние.

Мектеп жасындағы балалар Абай өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айтудан әрі аспайды. Себебі әлі толыққанды емес, балалықты ұмыта алмай жүрген жасөспірімдерге бұл ғылыми көзқарас ауырлау болуы мүмкін. Бұл ғылым еңбекті колледж студенттеріне ұсынып, ұғындырсақ жасы жеткен балалар тез ұғынады. Мектеп жасындағы балалар «Толық адам» дегенді дене мүшесінің толықтығы деп ойлайтыны да кездесті. Бұл ілімді де Абай көп оқып, көп білгендігінің арқасында жолға салған. «Толық адам» ілімі біздің арамызға дейінгі 620жылда бастау алған, осы күнге дейін жалғасын табуда.

Ізгілік тәлімі – мәңгілік тәлім. Ол адамның рухани азығы. Бұл ғылым ұрпақтан – ұрпаққа жалғаса беретін мәңгілік ғылым. Данышпан Абай бұл салаға да қалай тербеп, халықтың әр бір мүшесінің немесе әр адамның кемел тұлға болуын мақсат еткен оқу – білім жоқ кезде ақ, қазақ халқы балдарына өсиет – өнеге айтуды өздеріне парыз санаған.

Бала алдындағы парызы – оны дұрыс тәрбиелеу – деп ұстаным еткен әрбір ата-ана –Абайдың адам жаны, мінезі, құлқы, ойы, қабылдауы ерекшеліктері жайлы мәлімет беретін «Толық адам» жайлы пікірімен санасу қажет.

Адам баласының үстіне киім, аузына тамақ тауып бергенмен, бола алдындағы парызың шектелмейді. Балаға рухани азық беруіміз қажеттігін түсінетін кез келді.

Бұл ғылым әлемнің әр түкпірінде әр кезеңде дами бастаған.

Қазақ жерінде XI ғасыр, Яссауи XIII ғасырда, Абай XIX – ғасырда бізге қарай жалғастырған.

Ізгілік ғалымы – Абай ақынға емес, ғалым дәрежесіне көтерген сала. Оның 45 қара сөзінің өзі – ізгіліктің тамырлары іспетті.

Бұл жайлы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Көненің көзіндей болып жеткен осындай асыл қазынамызды халықтың игілігіне жаратуымыз, жаңа заманның жаңа адамдарын тәрбиелеуге қолдалуымыз қажет – деген болатын.

Ұсыныстар айтамын...

1. Мектеп оқушыларына, әр сыныптың жас ерекшелігіне қарай, орта арнаулы оқу орындарына, кәсіптік колледждерге және жоғары оқу орындарына арнап

«Абай тағылымы» айдарындағы оқулық негізі тәрбие мен білімді егіз қойып жасақталса.

2. Абайдың – адам бойындағы қасиеттері жайлы тақырыптар дұрыс таңдалса. Бағдарлама шығарылып, оқулық мектептерге жолданса Абай рухына ең үлкен сый болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елім менің тірегім. Н.Ә.Назарбаев 2006ж. Рауан баспасы
2. Қалың елім қазағым. Абай өлеңдері Атамұра баспасы
3. Абайдың қара сөздері MELOMAN-2018ж.
4. Толық адам ілімі Абай журналы Мекентас Мырзаахметұлы 2017 мақаласы
5. Абай журналы басылымдары әр жылғы

ТӘРБИЕ КӨЗІ ТАРИХЫМЫЗДА

Узақбаева К.Т.,

химия пәнінің оқытушысы

«Қайнар» колледжі оқытушысы

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

Ұлттық болмыстың үлгісі

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі».

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламамда және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы, кез-келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қаракеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Мемлекет ісінің мүдделері

Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек. Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал. Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.

Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек. Мұны Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты деп білемін.

Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады. «Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Кеңес формальды сипат алып кетпеуі үшін оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмысын жіті қадағалап отырмын.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген. Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор.

Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді.

Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазаға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл – кез-келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың

бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс.

Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық. Осындай саясат жүргізген кезде ғана барлық стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізіп, Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз.

Жаңа қоғамның жанашыры

Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беруіміз керек. Сондай-ақ, қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет.

Бүгінде дүние жүзінің бірқатар интеллектуалдары классикалық капитализм дағдарысқа тап болғанын ескертіп, оның болашағына күмәнмен қарайды. Себебі әлемде бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасы алшақтап кетті. Бұл үдерістің қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Бизнес тек пайда көздесе, білімділер бөлек орта қалыптастырды, әрқайсысы өздері үшін ғана жауапкершілік арқалайтын болды. Қалалар тез өсіп-өркендеп, шағын елді мекендердің дамуы тұралады. Ғалымдар мұның барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегенінен деп есептейді.

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы. Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған. Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта

зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Сонымен қатар, орынды әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Біз ата-аналарымыздың тылдағы ауыр еңбегі жеңіске жетелеген орасан күшке айналғанын ұмытқан жоқпыз. Қазір де қарапайым еңбек адамдарының үлгілі істері жетерлік. Жақында солардың біразы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», – деп тұжырым жасайды. Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Сондықтан біз бүгінгі таңда шикізатқа тәуелділік психологиясынан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз. Абай өз заманында жазып қалдырған баға жетпес мұрасы бүгінгі және келес таңымыздағы жастарға ақыл - өсиет, тәлім – тәрбие ретінде сабақ болады.

Менің ойымша осы таңдап алынған тақырыбымыздың өзектілігі – адамгершілік пен ар – ұят бар жерде шындық пен әділдік болады және тәрбиесі бар жас ұрпақ адамгершілік рухы жоғары болады.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»

Бауыржан Момышұлы

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Бәсекенің басы – білім. /Айқын, № 2008 - Б – 1.
2. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 325 б.
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 199 б.
4. Қозыбаев М.К. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. – 369 б.
5. Крымский С.Б. Контуры духовности: новые контексты индивидуальности. // Вопросы философии. 1992. №12. С. 213
6. Педагогика сөздігі. Құрастырушылар Кертәева Ғ.М., т.б. Павлодар. ЭКО ҒӨФ. 2006. – 482.
7. Майғаранова Ш.М. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 124 б.
8. Нұрмуратов С. Адам болмысының түп қазығы //Ақиқат. 2009. №1, 73-77б.
9. Педагогика. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздігі. – Алматы: ROND&A баспасы, 2007. – 248 б.

СЕКЦИЯ №3

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ (АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУ)

ПУТЕШЕСТВИЕ В МИР АБАЯ (АНАЛИЗ ПРОИЗВЕДЕНИЙ)

АБАЙ СӨЗІНІҢ СӘУЛЕСІ – ҰРПАҚҚА МӘНГІЛІК ҰЛАҒАТ

Джакаева Гульзира Баженовна
қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы
Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Абай Құнанбаев секілді ұлы тұлғаларымыздың тарих қойнауына ұзаған зерлі сөзі мен зерделі ісін «іші алтын, сырты күміс» қалпында ұрпаққа аманат ету - ұлт болашағы үшін аса қажет. Абай әлемі - мәңгілік мұра, қымбат қазыналар қатарына жататындықтан, ғасырдан астам уақыт бойы сөз етіліп, әр алуан бағытта зерттеулер жүйесіне айналып келеді. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан бастау алды. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Абай - қазақтың бас ақыны" атты мақаласында "Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" - деп Абайды аса жоғары бағаласа, 1914 жылы "Абай ... бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі"- деп жайдан - жай ескертпегендей. Өйткені Абайдың өзі "Ауыр ойды арқалап ауырған жан" болуы себепті шығармаларының ақындық қуаты мен ондағы ой қабаттарының оңайлықпен алынбайтынын сезгендей. Абай шығармаларының жазылу тілін сатылай талдап көрсек:

Біріншіден, халық шежіресі, ата-баба дәстүрі, көшпелі тұрмыс қалпы тудырған рухани дүниетанымымызды жастардың, оқырманның ұмыта бастауы;

Екіншіден, Абай Құнанбаев шығармаларында алты мыңнан астам сөз қоры бар, сол дәуірде оңай ұғынатын сөздер болғанмен, уақыттың көшіп, заманның өзгеруіне орай кейбірі ескіріп терминге айналып, мән-мағынасы да өзгеруінде;

Үшіншіден, ұлы ақынның әлеуметтік, философиялық ойлары, күрделі ой-толғаныстары өлеңдері мен қара сөздерінде сабақтасып, жалғасым табуында.

Ғалымдар, жазушылар мен журналистер заманалар керуенімен жеткен асыл мұраны жаңғыртуда зерттеулер жүргізді, талдады және әлі де зерделеуде. Әйтсе де, ұлы ақын мұрасына арқа тірек болған және «Абай» аспантауын алғаш бағындырған Мұхтар Әуезов екені - жұрт мойындаған шындық еді. Бұл туралы «Ақынның шығармашылық мұрасын жан-жақты әрі тиянақты ғылыми талдаудың, оның заманын табандылықпен зерттеудің арқасында Абайтану қазақ әдебиетінің дербес және мейлінше өміршең саласына айналды. Абайтанудың нағыз ғылыми пән ретінде қалыптасуында ақын шығармашылығының әлемдік мәдениеттің қазынасына үндесе қосылуына зор қажыр – қайрат жұмсаған жазушы – академик Әуезов Мұхтар Омарханұлы тарихи шешуші рөл атқарды» деп айтылған^[1]. Белгілі абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлының 2 томдық "Абайтану"

кітабында Абай мұрасының зерттелуі, Абайтану ғылымын қалыптастыру жолындағы ізденістер туралы ғалымдардың ой - пікірлері топтастырылған^[2]. Барлығы да тобықтай сөздің түйініне келгенде **"Абай сөзінің алтын өзегі – адамгершілік пен адам бақыты"** деген тоқтамға келеді.

Абайдың "Ескендір" дастанында данышпан Аристотель "Жан қызметі - бақыт қайнары" десе, ал ұлы ақын өзінің жетінші қара сөзінде "Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ біз олай қылмадық. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік" деп толғанады.

Адамзат қоғамында "бақыт" алғашқыда "қолайлы жағдай" немесе "жолы болғыштық" деп айтылса, ежелгі Грецияда "бақыт - мейірімді тағдыр" ретінде қабылданған. Ендеше, философиялық және психологиялық таным бойынша бақыт - адамның өз өмірінің қызығы мен қуанышына, яғни рақатына қанағаттану дәрежесін танытатын ең байырғы этикалық ұғымдардың бірі. Адамзаттық білім мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби адам бақытын "теориялық жағынан кемелдікке жету" деген тұжырым жасаған. Ол бақыт ұғымын әрбір адамның "Өмірде алған қойған мақсаты" ретінде түсіндіреді және "Адам бұ дүниеге бақытты болу үшін келген" деп дәріптейді. Ұлы Абайдың өлеңдері мен ғақлия сөздері қай тақырыпқа арналса да, олардың баршасының арқауы - адам мен оның мұң-мұқтажы, яғни адам бақыты. Ұлы ақын өлмес мұра қалдырды, оны алдымен өзіміз танып, өскелең ұрпаққа насихаттап, әр сөзінің мағынасына мұхит түбінен маржан іздегендей ой жүгіртіп, шығармаларын меңгертуде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану - әр педагогтың шәкірттер алдындағы парызы.

Ендеше, Абай әлеміне жаңартылған білімнің баспалдағымен бірге көтерілейік:

А.Құнанбаевтың "Он сегізінші қара сөзі" мен "Адасқанның алды - жөн, арты соқпақ" өлеңінің сабақтастығы мен пікір байланыстылығы

Оқыту мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша күрделену бағыты:

Білу	Адам баласының түрлі қылығы болатынын түсінеді. "Адасқанның алды - жөн, арты соқпақ" өлеңіне сипаттама береді. Негізгі мақсатын тұжырымдайды.
Түсіну	Мінез-құлықтың бірнеше түрі болатынын, оның түп негізін талдайды. Өлеңдегі элеуметтік маңызы бар мәселелерге сыншылдықпен қарауын болжайды. Термин сөздердің түсіндірмесін береді.
Қолдану	Адамның сырт келбетінің жағымды, бірақ жасанды болуының себебін өмірден мысал қолдану арқылы ашып береді. Қара сөз бен өлеңдегі идеяның байланыстылығын ажыратады.
Талдау	Он сегізінші қара сөз бен "Адасқанның алды - жөн, арты соқпақ" өлеңінің бір-бірімен сабақтастылығын анықтайды. Фактілерді ой-тұжырымдардан айырып таниды.
Жинақтау	"Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ" деген ұлы ақынның нақыл сөзін тереңнен ұғынуға қозғау салады. Сол дәуірдегі мал-мүліктің буына семірген байлар мен

	патша әкімдерінің сыналуының себебіне мәлімет жинақтайды. Қазіргі заманмен өзара байланыстылығын анықтайды, түйіндейді. Тақырыптарды түрлендіреді.
Бағалау	Абай шығармаларының жас ұрпақтың тәрбиеленуіне тигізер пайдасы туралы сыни талдау жасайды. Шығармаларының мазмұнын түйіндейді.

Сабақ блогтары

I. Ақпарат блогы

Тақырып жоспары

1. <https://bilimland.kz/kk/courses/audiochrestomathy/10-synyp/abajdyng-qarasozeri/lesson/18-abajdyng-on-segizinshi-qarasozi> - Он сегізінші қара сөзін




тыңдату

2. <https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/10-synyp/lesson/abaj-qunanbajuly-adasqannyng-aldy-zhon-arty-soqpaq-zhigitter-ojyn-arzan-kulki-gymbat-olengderi> - "Адасқанның алды - жөн, арты соқпақ" өлеңін тыңдату

3. Абайдың өмір сүрген дәуірі

4. Он сегізінші қара сөзі бен "Адасқанның алды жөн, арты соқпақ" өлеңінің сюжеті

Слайдтар

Слайд№1	<p>Он сегізінші қара сөзін және "Адасқанның алды - жөн, арты соқпақ" өлеңін тыңдату</p> <p>"Суреттер сөйлейді" әдісі</p> <p>- адам баласының түрлі қылықтарын суретке қарап ажыратындар.</p> <p>- Адасқанның алды - жөн, арты соқпақ па? Қалай?</p>	
Слайд№2	<p>1топ. Жалпы мінез-құлық дегеніміз не деген сауалға ақпарат жинау</p> <p>2топ. Абай өзі өмір сүрген ортаның жігіттерінің іс-әрекеттерін өлеңінде қалай әшкерелеген?</p> <p>3топ. Қара сөз бен өлеңді саралай отырып, адам бойындағы кемшіліктерді табады, сынайды.</p> <p>4топ. Қара сөз бен өлеңді саралай отырып, қоғамға қажетті ақпараттарды көрсетеді, алға қойға нақты мақсатпен байланыстырып талдайды.</p> <p>5топ. Абай шығармалары арқылы жасөспірімдерді тәрбиелеуде қызықты идеялар ұсынады.</p> <p>6топ. Барлық топтың жауабына қорытынды пікір айтады.</p>	<p>Ақылдың алты қалпағы (Де Боно)</p>  <ul style="list-style-type: none"> Әдеттегі орташа объективті ойларот (White hat) Эмоциялар болжандар, сезу, алдын ала сезу (Red hat) Сырт ақиқаттың, Логикалық, негатив (Black hat) Шуақты оптимизм, позитивтік, позитив (Yellow hat) Шығарманың өзге мүмкіндіктер, көзқарам (Green hat) Әйелдердің, қариялардың, әулеттік жолдары, өңдеу, шарту, ұйымдастырушы, қызым (Blue hat)
Слайд№3	<p>«Сана галереясы» әдісі</p> <p>1. Ұлы ақынның дәйек сөзін санадан өткізе отырып, жасанды мінездің тізімін жасаңдар.</p> <p>2. Адам бойынан жасанды мінезді қалай байқауға болады? Зерттендер</p> <p>2. "Кербез дегенді осындай "кер, кердең немеден безіңдер" деген сөзге ұқсатамын"-дейді ақын. Сіздің ойыңызша ол қай сөзден шыққан? Ұсынысыңыз.</p>	 <p>Дәйексөзді талдау</p> <p>«Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады.</p>

Слайд№4	<p>«Желпуіш» әдісі</p> <p>Он сегізінші қара сөзде: "Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп..."</p> <p>Өлеңде: Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ, Қалжындамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ, Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып, Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.</p> <p>Өмірде: Факті келтіріңіз.</p>	 <p>Әр топта А-4 түрлі түсті паракқа желпуіш жасалынып, әрбір бөлігіне кезекпен өмірде кездесетін фактілер жазылады, кейін талқыланады.</p>
Слайд№5	<p>1. Суреттерді құрастыру арқылы Абай Құнанбаевтың бүгінгі тақырыпқа байланысты нақыл сөзін тауып, өмірмен сабақтастығы бар ма, жоқ па екенін анықтандар.</p> <p>2. Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ, Бәрі де шаруаға келеді олақ. Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп, Бар өнері - қу борбай, сымпыс шолақ- осы өлеңдегі жігіттер қазіргі заманда бар ма?</p> <p>3. Сол дәуірдің байлары неге сынға ұшырайды?</p> 	
Слайд№6	<p>«Сұрақ ілмегі» әдісі</p> <p>1. Он сегізінші қара сөздері не туралы</p> <p>2. "Олардың жоқ ойында малын бақпақ" - олар кімдер?</p> <p>3. "Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ"- жалпы адам баласына ұнау немесе жағу міндетті ме?</p> <p>4. "Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып, Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ" - бұл адамның бойындағы қандай қасиеттің белгісі?</p> <p>5. Абай жастарға нені ұғындырғысы келеді немесе меңзейді?</p>	

2. Операциялық кезең

I. Деңгейлік тапсырмалар

1. «Адасқанның алды - жөн, арты - соқпақ» өлеңіндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерге Абай сыншылдықпен қалай қарайды?
2. Адамның сыртқы келбетінің ішкі мазмұнын қарастырады дегенді қалай түсінесіңдер.

II. Деңгейлік тапсырмалар

1. Абайдың сәнқойлық немесе кербездік жайында айтылған ойлары
2. "Адасқанның алды-жөн, арты соқпақ" өлеңінде ақын сынаған мінездерді белгілеңіз.

III. Деңгейлік тапсырмалар

1. Абайдың бұл қара сөзіндегі айтар ойын түйінін жазыңдар.
2. Өлеңде бүкіл қоғамға зардабын тигізетін зиянды құбылыс не?

Қорытынды. (5 мин)

Студенттер шеңберді айналдыра тұрып, бүгінгі сабақтың түйінді идеяларын еске түсіреді. Осы сабақта не үйренгендерін айтып, сөйлемдерін «Неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, жауабын «Неге?» деген сұрақпен аяқтауы тиіс. *Үлгі:*

Оқытушы: *адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ Неге?*

1-студент: ----- ----- ----- Неге?

2-студент: ----- ----- ----- Неге?

3-студент: ----- ----- ----- Неге?

6-студент: ----- ----- ----- (қорытынды пікір)

Әдебиет - сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адамның жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ал Абай Құнанбаевтың шығармаларының ғажайыптығы осында. Ғасырлар өтсе де өзектілігі жоғалмайды, ой-тұжырымдары баршаға қашанда рухани азық бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Мырзахметұлы. Восхождение Мухтара Ауезова к Абая. Алматы. Санат-1994 ^[1].
2. М. Мырзахметұлы. Абайтану. 1-2 том. Астана: "Interaktiv Kazakhstan", 2014 ^[2].
3. Қазақстан Республикасында педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған үлестірме материал. Астана "Педагогикалық шеберлік орталығы" ЖМ. 2018.
4. Е. Б. Нұрланов, А. Қ. Қисымова. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ жоспарының үлгісі. Астана, 2019.

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Ермуханова Раушан Кенжебаевна

Жаңаөзен политехникалық колледжі

Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Атын әлемге танытқан Абайдың өзі ғылым нұрына қамбадым деп өкініпті... Данышпан, хакім Абай өкінгенмен, біз өкінеміз бе? Ғылым түбі шексіз мұхит болса да, оған терең байламайтынымыз, ащы да болса шындық...

Жасымда, ғылым бар деп ескермедім

Пайдасын көре тұра тексермедім

Ер жеткен соң, түспеді уысыма

Қолымды мезгілінен кеш сермедім –

деп өкінген Абайды тыңдап қазір жастар өкінер ме екен деп ойға қаламын...

«Ғылым таппай мақтанба» - бұл сөзді және осы өлеңді әр ата – ана бала жүрегіне құйса екен деп армандаймын. Бұл өлеңде жастар үшін, өскелең ұрпақ үшін «өмір сүру ережесі».

Ғылым таппай мақтанба – деп жастарды оқу білімге шақырған Абай:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай, щаттанба,
Ойнап босқа күлуге
Бес нәрсеге қашық бол
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз

Осы өлеңді – тозған, уақыты кеткен деуге бола ма? – жоқ! Бұл өлең жас ұрпаққа айтыла берер – «мәңгілік өлең», «мәңгілік өшпес» сол үшін де ұлы Абай:

Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған

-деген Абай өлеңі-«Өлмейтін сөз» –деген неше жылдар өтсе де, неше ғасыр өтсе де – адам игілігіне жарай беретін сөз!

Өсек өтірік мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз –

Осы өсиетті «заманы өткен» деп айта аламыз ба?

Адам мен бірге – жаман мінез де жақсы мінез де, жақсы қасиет те, жаман қасиет те бірге келе жатыр...

Өсек, өтірік, еріншек, бекермас шашпақ- өмірде күнде кездесетін келеңсіз құбылыстар емес пе.

Тағы да Абай осы өлеңде:

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой-

-дәл колледж студенттеріне арналғандай!

Талап істе, іскер бол, кәсіпкер бол, еңбек етіп жемісін көр, байып кетсеңде терең ойлы бол, құнықпа барына қанағат ете біл, қайырымды жүрек пен рақымшылық жаса деп тұрған жоқ па бұл өлең! Осы өлеңді жазылғанына ғасырдан астам жыл өткен деп айта аласың ба? Дәл қазір айтылғандай! Дәл қазіргі колледж жастарына арналғандай!

Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең
Ашыларсың жылма жыл - осы сөзді

айтып Абай дәл жаныңда тұрғандай!

Қалың елім, қазағым қайран жұртым,

Абай:

Елім қазағым – деп, сөз бастайтын бар жырының, өлеңінің өзегі елім, жерім халқым- деп толғанатын Абай –бар қайғысы мұңы халқының қамы болған,

Абай жырларына тағы көз салайық, данышпан Абай елін қалай сүйді екен, қалай айтқан шындықты!?

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың
Жақсы менен жаманды айырмадың
Бірі қан, бірі май боп екі ұртың

-деп халықтың сауатсыз , өркениеттен кенде қалып жатқанына күйіне сөйлеген, мұнайа жыр жазған...

Бас –басына би болған, өңкей халқым,
Мінеки бұзған жоқ па, елдің сиқын
Өздеріңді түзелер дей алмаймын
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың

-ақын өлең ішіне бүркемелеп нені айтып тұр, елдің еркіндігін өз қолыңнан кеткені – өзгенің қолына қарап, бодан болдың-дегені.

Туғаннан дүние есігін- ашады өлең...

Абай

Қазақтың асыл мұрасы- салт дәстүрі. Ғасырдан – ғасырға келе жатқан бай мұра – әдет-ғұрпымыз, салт дәстүріміздің насихатшысы болған Абай «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» -өлеңінде

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең
Дүниедегі қызықтың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай, елең- селең

дейді...

Салт- дәстүрін жоғалтпай сақтаған біздің ел- оны былай таныстырады...

«туғанда дүние есігін – Әлди» Бесік жыры

«өлеңмен жер қойнына – жоқтау»

Осы екеуінің арасы – адамның тұтас өмірі емес пе?!

Оны Абай былай түсіндіреді:

Бала туса күзеттер- шілдеhana

Одан әрі қарай:

«күйеу келтір» , «қыз ұзату» - тойыңдықыл, қынаменде, «жар-жар» мен «бет ашар» бар. Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл – тұнып тұрған салт салт – дәстүрге толы ел өмірі бір өлеңге сыйып кеткен.

Күні кешегі Елбасы айтқан Рухани жаңғырудың бастау сәтіне,

Шындықты бетке айтатын Абай елдегі өресек ел Мінез-құлық қа айтарын жасқанбай – айтқан Абай кейде өзінің бетке айтатын мінезін өлеңмен жеткізген.

Ызалы жүрек, долы қол,
Ұлы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе жайы сол
Жек көрсендер өзің біл-

деген қайран Абай күйзелген сәтінде.

Қара сөздер - дана сөздер

Ақырын ойладым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, кімде кім – өзіне керекті сөз тапса жазып алсын, оқысын, керегі жоқ десе – өз сөзім өзімдікі.

Абайдың бірінші қара сөзі

Абайдың қара сөздері – өз алдына даналық кітабындай Ұлы ойшылдарға үндестіріп жазған елімен, болашақ ұрпақтарға пайдам тие ме деген – оймен қолына қалам алған Абай – бір сөзімді ұғынса, бір қателікке жоламас деген үмітпен қырық бес қара сөзді жазудағы мақсаты елімнің тағдыры, жастардың қателікке ұрынбауы, адал, ақылды, ойшыл, мейірімді, бауырмал болуын армандап, сол мақсатта қалам тербеген. Елімнің кемшілігін бетіне айтуы сыншылдығы болса екіншіден батылдығы, үшіншіден елім осы келеңсіз әрекеттерден тазаланса деген тілек.

Абай 37 қарасөз

Дүние – үлкен көл, заман соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен бөлінер, баяғыдай көрінер. Бұл – Абайдың өмір жайлы айтқан философиялық сөзі, Абайдың дәл осы сөзін Мағжан ақын өлең жолдарымен берген. Ақындар – ақындарға сарқыт бергені болар, үндесуі болар ол үшін зерттеу жұмыстарын тереңдету керек.

Себебі Абайдың Өзінде де: Түркмен ақыны Мақтымқұлының насихат өлең үлгілері көп кездеседі. Махмұт Қашқаридың, Жүсіп Баласағұнның шығармаларының – қайталаулары ма әлде үндестіре, үйлестіре жазулары кездеседі.

Баласағұнның Тұрсын бектер бес нәрсеге ғашық боп
Абайда: Ғылым таппай мақтанба өлеңінде

«Бес нәрседен қашық бол

Бес нәрсеге асық бол» деп үйлесіп тұр

Түсінбегендер көшірме деуі мүмкін.

Данышпан Абай:

халқым, даналар айтқан асыл сөзді естісін, ұғынып жөнделсін деген оймен жазғаны болар – ендеше ұлылар ұлағатын санамызға сіңірейік
Отыз жетінші сөзде:

Көңілден шыққан көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады

Абай

Дәл осы даналық ой – Мұқағали өлеңдерінде бар, Абайдан бір ғасыр бұрын жасаған Мақтымқұлы Пырағының «Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа» өлеңі Абайда да бар. Демек бұл көшірме емес аударма. Абайдың орыс классиктерінен аударғандары зерттелген де Шығыс классикасынан түркі дәуірінен туған аудармалары зерттелмей Абайдың өлеңі аталып кеткен болар.

Баласағұнның «Құтты білік» сөздері Абайда қайталануы Абайдың аудармалары әлі толық зерттелмеген дегенге ой жібердім.

«Елім» - деп, елімнің болашақ ұрпағына деп «асыл сөз» жеткізген Абайға – оқырман қауым да бүкіл қазақ халқы дән риза.

Абайды оқымаған қазақ – қазақ емес –деген сөз бекерге айтылмаған болар. Қазақ – деген атымызға сай болайық, Тәуелсіз, еркін еліміз бен мақтайық, Абайымызбен мақтанайық. Абайы бар – халықпыз деп мақтанайық, Абайды барлық пән ұстаздары жанұя мүшелерімізбен түгел оқиық. Абайдан тәлім алайық, әр өлеңіндегі, қара сөздеріндегі тәрбие мен тәлімді ұрпақтарымыз бен шәкірттеріміздің санасына сіңірейік.

Ақындардың туған жылы болады, өлген жылы болмайды...

Абай біздің әр сыныбымызда, үйімізде, жүрегімізде.

Абай мәңгілік мұра.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елім менің тірегім. Н.Ә.Назарбаев 2006ж. Рауан баспасы
2. Қалың елім қазағым. Абай өлеңдері Атамұра баспасы
3. Абайдың қара сөздері MELOMAN-2018ж.
4. Толық адам ілімі Абай журналы Мекентас Мырзаахметұлы 2017 мақаласы
5. Абай журналы басылымдары әр жылғы

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ

Калдибаева Маржан Абдикаримовна

Жаңаөзен политехникалық колледжі

Абай ұлылығы мен дүние танымы бір ғана халықтың шеңберіне сыймайды, данышпан ақынның дана ой тұжырымдары мен шығармалары бүкіләлемдік мәдениетке қосылған алтын қор екенін назарға алсақ, біздің де негізгі мақсат-міндетіміз Абай әлемінің бар құдіретін, болмыс- құпиясын төрткүл дүниеге барынша жан-жақты таныту, сол арқылы халқымыздың мәдени даму айшықтарын, ұлттық ерекшеліктері мен рухани жетістіктерін әлемге әйгілеу.

Данышпан Абай өз заманындағы қазақ әдебиетінің екі жағдайын көрді:

1. Қазақ әдебиетінің салмағын фольклорда. Қазақ фольклоры бай екені рас, сол байлықтан Абай сурылды да. Бірақ, фольклормен ғана қазақтың ұлттық әдебиетін жасауға болмайды. Әдебиеттің ұлттық дәнін толық пісіретін жазаба әдебиет.
2. Жазба әдебиет қазақта Абайға дейін де болды. Бірақ ислам дінінің салдарынан Абайға дейінгі қазақ жазба әдебиетінің тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланып, халыққа түсініксіз халге көшті.

Халықты прогрестік жолға бастауда әдебиетті қажетті құрал деп ұққан Абай әдебиеттегі ақындық қызметін қазақтың әдеби тілін халыққа түсініксіз сөздерден аршудан, өз өлеңдерін халық түсінетін тілмен жазудан бастады.

Абай өзінің шығармаларында тілінің халқына түсініктілігімен ғана қанағаттанған жоқ. Кәдімгі қазақ тілімен өлең жазғанда не мақсат қолданылатынын ол былайша баяндады:

Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста- ақ.

Халық әдебиетіндегі осы екі түрді де Абай өз шығармаларында толық пайдаланумен қатар, қазақ өлең мәдениетіне жаңадан 11 түрлі өлең техникасын қосты.

Қазақ поэзисына өлеңінің жаңа техникаларын қосқанда, Абай өз заманындағы орыс өлеңінің қазақтың өлең құрау заңына қайшы келмейтін техникасын, әсіресе, үйлестерін пайдаланады.

Қазақтың ұлттық тілін өркендетуде, ұлттық жазба әдебиетін жасауда Абайдың еңбегі осындай.

Абайдан кейінгі елу жылдың ішінде қазақ халқының жазба әдебиеті XIX ғасырда арман ете алмайтын биікке көтерілді. Оның аты- қазақ әдебиеті, ол- ұлы дәуіріміздің жемісі, өскен ойдан туған, өзінің әлеуметтік асыл құрал екенін таныған әдебиет. Біздің осы табыстарымызда қазақ халқының барлық болашағын ұлы орыс халқымен біріктіруге өшпейтін еңбек еткен ұлы ақынымыз Абайдың да үлкен еншісі бар. Оның тарихтан алар орны да осында, ол қазақ халқының ұлы орыс халқымен достастыруға сіңірген еңбегі арқылы, барлық рухани өмірімізге жөн сілтеді.

Жазу өнерінің қарапайымдылығы мен табиғилығын Абай қазақ поэзиясының ұлттық сипатына айналдырады. Оның ұғымы, танымы, бейнелеу жүйесі түгелдей ұлттық шындықтан өрбіп, біртіндеп тереңдейді. Жаңа ой, жаңа сөзге лайық стильде жаңарып, өзгеше көркемдік қуатқа ие болады. Ондағы тіл байлығы, суреттеу құралдарының әр алуан түрлері теңдеулер мен метафоралар, күштеусіз, төгіліп, ұқсасып тұрған тармақтар, ішкі үйлесімдер қазақтың сөз өнерін әсемдік әлемнің биігіне көтереді. Осымен Абай қазақ сөзін ұстартып, әдеби тілдің негізін салды.

Қазақстан территориясындағы қалалардың жойылуымен бірге жазба мәдениеті толық өшіп, жоғалып кеткен жоқ. Ол өзге күйге, өзге формаға ауысты. Сөйтіп, халық рухы, тарихы сергелдеңдері заманынында өшіп жойылмай, көркем санның ерекше формасы фольклорда сақталып қалды. Фольклордың одан кейінгі басты әлеуметтік қызметті ұлттық, этникалық факторына айналу. Әсіресе, ол әдеби тілді сақтап, жетілдіру арқылы көрінді. Тіл мөлдірлігін сақтады. Халық тіл мәдениетін жоғары дәрежеге көтерді. Рухани мәдениет көп жанрлар болып дамыды. Билер сөзі, шешендік сөзер, нақылдар, жұмбақтар, дастандар, тұрмыс салт өлеңдері т.б толып жатқан үлгілері болды.

Абай нәр алған қайнардың бірі- ауыз әдебиеті дегенде, осы жайлардың бәрін еске алған жөн. Ақынның шығармашылығы ауыз әдебиеті негізінде өсіп жетілген. Шортанбай, Дулат, Бұқарлар шығармашылығындағы Абай көрген

кемшілік, тек осы ардагер ақындарға ғана тән есем, халықтың ауыз әдебиетіндегі орын алған жайлар. Фольклор жазба әдебиетке ұласқанда, бойындағы көшпелі тұрмысқа сай ерекшеліктерінен арылып, жаңа мәнге ие болатын анық. Абайдың өзінен бұрынғы ақындарға қойып отырған талабы - заң талабы. Мәселе дәстүрге қатысты өлеңге Шортанбайлар дәстүрі Абай шығармашылығы арқылы енген поэзия дәстүріне кереғар. Абай поэзияға жаңа принцип ұсынып отыр.

Абай өзіне дейінгі ақындарды қатаң сынға алғанда, поэзияны жетілдіру үшін мақсат қойған. Диалектика заңы бойынша бұл ескі мен жаңа арасындағы терістеуді, ескіні жоққа шығара, терістей отырып, оның өнін үзбей жаңаға ұластыру, өрбіті. Абай халық мұрасына да, өзіне дейінгі ақындарға да диалектикалық терістеу арқылы келген.

Жалпы әдеби тіл әдебиетінен, одан қалды поэзия тілінен орын алмауға тиіс мұндай қолданыстар көрсетілген өлеңдерде дәл орнымен келген, уәзжді элементтер. Бұл да өлеңнің мазмұны мен түрінің үйлесімінен туған, ақын шығармашылығын әр қырынан көрсеткен құбылыс. Демек, Абай ауызекі сөйлеу тәжірибесінен әдейі алынған сөз таңдаудың тағы бір үлгісін көрсеткен.

Ауызекі сөйлеу нормасының қарым- қатынасында кітаби тілдік сөз ұсыну көп кездеседі. Абай тұсындағы «кітаби тіл» дегеніміз- жоғарыда айтылған, қазақтың ескі жазба дәстүрінің жалғасы, ол тіл «шағатай тілі» немесе «түркі» деп аталатын орта азиялық ортақ жазба дәстүрдің негізінде қалыптасқан тіл болғандықтан, мұның қазақ төл әдеби тілінен өзгешеленетін белгілері болды. Ол белгілердің бірі- халық тіліне енбеген, көбінесе діни мазмұнды немес абстракт ұғым атауы болып келетін араб сөздерінің едәуір мол болатындығы байқатты. Абай өлең тіліне, әсіресе прозаның тіліне бұл элементтерді де таңдай білген.

Қазақ халқы үшін ағартушылық идеясын ұсыну- Ыбырай Алтынсарин мен Абайдан жүйелі түрде басталса, кейін оны ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұсынов пен Міржақып Дулатовтар жалғастырып әкеткені белгілі. Демек, ағартушылықты уағыздау – Абайдың да басты мұраты. **Білім, ғылым, оқу** сөздерінің ақын тіліне ең жиі оралғандығы- тақырып пен тілдің үндесуі болып табылады. Ал мазмұн мен түрдің сәйкес келуі- Абайдың сөз таңдауда ұстаған басты принциптердің бірі.

Сонымен қатар, Абай атамыз таңдап алып, жиі жұмсағанда, тағы да айтпақ идеясының тілдік көрінесін танытады. Бұл қатарда **қайғы** мен **қызық** сөздерінің жиілігі көзге түседі. Әр адамның тіршілігінде жиі кездесетін үлкенді-кішілі уайым-қайғының үстіне, заманын, айналасын ойлаған күйініш сезімі қосылғанын білсек, «бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды» деп шынын айтқан Абайдың бір басында қайғы- қасіреттің аз болмағанын көреміз. Сондықтан оның тілінде қайғы жеу, қайғы басу сияқты үш- төрттен келген тіркестерден өзге, жеке тұрып қолданылған **қайғы** сөзін көп рет кездестіреміз.

Көп сәтте **қайғы** сөзіне антоним болып келетін **қызық** сөзі де Абай атамыздың қаламына 72 рет іліккен. Тегінде Абай Құнанбаевтің сөздерінде

жақсы сөзі 130 рет, **жаман** сөзі 46 рет, **жақсылық** сөзі 33 рет, **жаманшылық** сөзі 18 рет, **дос** сөзі 60 рет, **дұшпан** сөзі 18-ақ рет, **өмір** сөзі 113 рет, **өлім** сөзі 26 рет жазылған. Әрине, бұл- сырттай қарағанда көзге түсетін сандық өлшем бойынша топшалағанмыз. Сөз қолданыстың өзге де факторларын есепке алсақ, бұл тұжырымымыздың жібі бастау көрінер, дегенмен статистика мәліметінің де маңызы барын ескеу қажет.

Статистиканың мәліметі Абай кезеңіндегі қазақ әдеби тілі нормасынан хабар береді. Мысалы, Абайда әйел сөзі 8 рет, қатын сөзі 41 реттен қолданылған екен. Демек, күні кешеге дейін Абай заманында әдеби норма ретінде көрінетін вариант **қатын** сөзі екен, арабтың әйел сөзі әдеби нормаға енді-енді ене бастағанға ұқсайды. Абай- әлеумет, халық, ұлт мүлдесін кеңінен сөз еткен ақын. Оның әлеуметтік тақырыптарға баруы өзіне дейінгі барлық ақындардан асып түседі. Өз заманын, заманындағы қазақ қоғамын, сол қоғамдағы саяси-әкімшілік, заң-сот құрылысына, экономикалық тұрмыс-тіршілігін тарихшыларша баяндамайды, ақын болып суреттейді. Суреттеу арқылы жаманына күйінеді, жақсысына сүйінеді. Сондықтан ақын заманының әлеуметтік картинасын беретін, сол кездегі жалпыхалықтық тілде архив қолданылған сөздер Абай тілінен де кең орын алған.

Абай тілінің өз заманындағы лексикалық нормадан шығатындығын мынадай фактілер дәлелдейді. Бұл күнде әдеби норма болып саналатын немес жарыспалы тұлғалардың ішінде жиірек қолданылатын сөздер Абайда жоқ болып шығады. Мысалы, қазірде терминдік дәрежеге көтеріліп, активтенген **адамгершілік** сөзі Абайда жоқ, оның орнында **адамдық, адамшылық** варианттары қолданылған.

Абай мағынасы күңгірт сөздерге аса үйір болмаған. Қазір де көп қолданылмайтын этнографизмдердің тобы жүз жылғы өткен ескілік киімі туралы жазылған өлеңінде кездеседі. Олар: **дәндәку, шидем, шекпен, жарғақ, шалбар, мықшиған етік, құрысқақ, пыстан**. Бұл тұста біз үшін маңызды нәрсе- Абай атамыздың ескілік киімдері мен түрлеріне, олардың атауларына назар аударған. Сөйтіп, Абай қазақтың ауызша тарған көркем сөзін ұлттық жазба дүние дәрежесіне жеткізді, поэтикалық тіліне жаңа сапа енгізді. Бұл- Абайдың жаңашыл әрі классик қаламгер деп танытты.

Қорытындылай келе, өзіне дейінгі де, кейінгі де сөз зергерлерінен Абайдың шоқтығы биік тұруының негізгі- себептері көп болса, солардың бірі- Абайдың жеке суретке қолтаңбасы немесе шығармашылық контекст дегенді айқын көрсетуі болды, яғни ол өзінің ақындық қуатын, сөзтану қабілетін сөз жұмсау талантын жаңаша, өзінше көрсетті, өз қолтаңбасын танытты.

Абай сөзі мәңгілік өшпес мұрамыз. Оны болашақ ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз.

Өлді деуге бола ма айтындаршы

Өлмейтұғын артынан сөз қалдырған ұлы Абай мәңгі бізбен бірге.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұлы дала тұлғалары Абай, Алматы 2013 жыл
2. Абайтану дәрістер, Алматы Рауан
3. М.Әуезовтің рухани әлемі және классикалық әдебиет, Алматы «Ғылым»2000
4. «Өркен» газеті, 16.05.2001 жыл
5. «Жас алаш» газеті, №34 21.03.2002

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТАЛДАУ «ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ»

**Күзембаева Айгүл Қуанышқызы,
арнайы пән оқытушысы**

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі

«Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді.

Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.[1]

Өнер-білім жолындағы ізденісін Абай өз бетімен үйрену арқылы дамытады, орысша кітаптарды көп оқиды.

1880-жылдардың орта кезінен бастап, Абай ақындық жолға біржола бет бұрды. Бұл кездегі оның өлеңдерінің қай-қайсысы болсын-толысқан ой-сананың жемісі. Бұған дейін жазған өлеңін өз замандасы Көкпай атынан таратып жүрген Абай 1886 жылдан бастап өз атына көшірген. Осы жылдардан бастап Абай өлеңді үзбей жазуға тырысқан. Бірақ ел арасындағы шиленіскен тертыстар оның әдебиетпен бірыңғай шұғылдануына мүмкіндік бере бермеген. [4]

Қазақ елінің ұлы ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай (Ибрахим) Құнанбайұлының «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіне талдау. Көлемі 30 жолдан құралған бұл өлең 1886 жылы жазылған. Бұл кезде жазған өлеңдерінде Абай озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік, азаматтық санасы өскен халықтың үлкен қайраткері дәрежесінде көрінеді. Оның өлеңдерінен еңбекші халық мүддесін қорғаған азаматтың үні естіледі. Шығармада тұтас халыққа арнап айтылған терең күрделі ойлар, шерлі

жүректен шамырқанып, толқып шыққан. Қайраткерлік адамгершілік, білімділік биікке көтерілген ақын үні бірде кекті, бірде айбарлы, берде мұңлы келеді. Қазақ халқын алаламай, түгел қамтып, тұтас шолып, баршасына бағыштап айтылған өлеңнің әлеуметтік салмағы орасан зор. Ақын алдымен көз алдыңызға мұрты аузына түскен, бір ұрты май, бір ұрты қан, алғашқыда шырайы сартша жылтырап тұрған қазақтың кескінін бейнелейді. Өзі билеуші тап ортасынан шықса да, тарихи дамудың беталысы мен қоғамдық шындықты түсінген ол еңбекші шаруаға шындап бет бұрғанын байқатады. Оларды «елім», «жұртым», «халқым» деп, дос тұта сөйлейді. Осы бетбұрыста Абай сол халықты жүдетіп, шаршатып отырған ұнамсыз әрекет-мінездерді, олардың ішкі сырын үлкен шеберлікпен ашатын психолог ақын ретінде танылады. Заманы мен өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшілік-қайшылықтарын өткір және әділ мінеп-сынайды. Бұл сарын, Абай өлеңдеріндегі «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп аталатын өлеңінде анық байқалады. Бұл өлеңде өз елінің басындағы қайғы-мұңды көріп дерттеніп, «Қалың елі-қазағының» қазіргі халіне қинала сөйлеген ақын бар. Ел ұйытқысын бұзған, оның берекесін кетірген әкімсымақтарға деген оның ызасы да мол. [3]

Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,

Аузымен орақ орған өңкей қыртың, - деген жолдары біздің қоғамның ащы шындығын аша түскендей. Әрбір сөзде үлкен мағына мен мән бере отырып терең ойлау керек екендігін осы өлеңнен аңғарамыз.

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,

Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың, бұл өзі түкте іске жоқ, қу сөздің ғана адамы, өзі сөйлесе болды, өзгенің сөзін тыңдауды білмейді, мылжың, қырт, бөспе. Күндіз күлкінің, түнде ұйқысының бұзылуының себебі - өз малына өзі ие емес сорлы болғандығында.

Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,

Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?- деп, ол ел ішіндегі адамгершілік жағынан да, мінез-құлық жағынан да татымсыз топты бөліп көрсетеді

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Байлауы жоқ көрсе қызардың әлеуметтік қалпы тіпті тұтастық, сиықсыз, ірілік жетіспегендіктен, әрқайсысы шолтандап жеке қамшы үйіріп, би болғансып, қиқымданып кеткен жерде елдің күйті кеткен, бірлік жоқтықтан, береке жоқтықтан дәулеті шайқалып, байлық шашылған. Жыртың-жыртың мағынасыз күлкіге малданған тиянақсыз, байлаусыздың түбіне жеткен елдің сори биліктен айрылып өзгенің табанына түсіп құл болатынын ақын ашына зар етеді.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,

Оның да алған жоқ па құдай құлқын?

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,

Сапырылды байлығың, баққан жылқың.

Баста ми, қолда малға талас қылған,

Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

Ұлттың бойындағы сордың үлкені-күндестік, бірін- бірі көре алмау, етектен тарту, пыш-пыш халқымызды сан рет орға жығып, өртке қамаған алауыздық. Зығырданы қайнаған қаһарлы ақын өз халқын түзеудің амалын карап, тығырықтан шығар соқпақ іздеп, басын тауға, тасқа соқса да, жол таба алмай, ақыры елінің ырқынан айрылып, өзгеге бодан болатынына бармағын шайнайды.

Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,

Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?

Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,

Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?

Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,

Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.

Ұғындырар кісіге кез келгенде,

Пыш-пыш демей келе ма ол да астыртын?

Өз халқының бойындағы қаны сорғалаған жараларды аша отырып, ақын жүрегі жасқа толса да, сесті, кекесінді күйінде қалады. Жеңіл-желпі басу айта отырып, оңай өріс нұсқау жоқ. Ары шырығып, намысы қайнаған ақын халқының барлық буын, барлық нәсілін өзі күйдіріп айтқан кесел-кесепаттардан, сор-сұмдықтардан арыл, тазар, сонда ғана белге шығасың деп тұрғандай.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Материалы по киргизскому землепользованию. // Семипалатинская область. Семипалатинский уезд. Том X. СПб, 1909. -146-153-бб.
2. Дәулет Сейсенұлы. Оразбайдың Медеуін білеміз бе? // Егемен Қазақстан. 24 шілде, 2013 ж.
3. Молдабек Жанболатұлы. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. 520 б.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. 720 б.
5. Семипалатинские областные ведомости. – 1887. – 17 января.
6. Бөкейханов С. Әлекеңнің өмірі. // Жұлдыз, 1996. № 3. – 100-111 бб.
7. С. Бөкейханов. Өткен күнде белгі бар: мемуарлар жинағы. – Алматы, 2016. – 2016. 336 б.
8. Шығыс Қазақстан олыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы. 74 қор, 1а тізім, 26 іс.
9. А. Омаров. Шәкерімнің өмірбаяны. Алматы. 2007. – 250 б.
10. Оразбеков Қ. Ақтанбұлақ аты берілсе. // Семей таңы. 1992. № 2 -3-4 бб.
11. Омарбеков. Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы: «Қазақпарат», 2001 – 404 б., 196 б.

12. Мемориал. Жертвы политического террора в СССР // lists.memo.ru/index.htm

13. Ұ. Ұмітқалиев. Қазақ археологиясындағы Ә.М. Оразбаев тұлғасы. Монография. – Алматы: Эверо, 2015. – 224 б.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Нұрғазиева Ғ., МНПП-19-1 тобының магистранты

Ғылыми жетекшісі: профессор Көкшеева З.Т

Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Аңдатпа: мақалада Абайдың қара сөздерін тәрбие құралы ретінде бала жанына жақсылық ұрықтарын егіп, игі сезімдерге, адамгершілікке тәрбиелеуге болатындығы, қара сөздердің психологиялық мәні мен тәлім-тәрбиелік маңызы жайлы баяндалады.

Тірек сөздер: Абай мұралары, бала психологиясы, Абайдың қара сөздері, бала тәрбиесі

Ғылым Академиясы тарапынан шығарылған “Абайдың дүниетанымы мен философиясы” деген еңбекте, авторлар ақынның өз басын тұтас тұлға ретінде қарастыру мен бірге, оның басқа адамдарды да тұтас тұлға ретінде тексергендігін қара сөздеріне сүйене отырып дәлелдеген[1]. Абай шығармаларына сүйенсек тұлға тұтастығы оның рухани тұтастығынан туындайды. Рухани тұтастық-адамның сана, сезімі, мінез-құлқы, іс-әрекетінің тұтастығы, немесе бір жерден шығуы.

И.Р.Халитова өз зерттеулерінде мынандай бір тұтас бес түрлі ой тұжырымдайды: соның біріншісі, біртұтас тұлға туралы ұғым қалыптастыру[2]. Абай мұрасына сүйенсек, біртұтас тұлға-мұрат адам Абайша айтсақ-толық адам. Абай шығармаларының барлығы теориялық жақтан талдау, оның бүкіл өмір бойы, тоқтаусыз ізденулерінің түпкі мақсаты-адам болмысы, оның ішінде мұрат адам болмысы екендігін көрсетеді. Оның көптеген шығармалары осындай біртұтас тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Абай бала мінезінің қалыптасуы жөргектен басталатынын айта келіп, бұл жөнінде «**Жетінші сөзінде**» былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі - білсем екен демекілік ... Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» тұжырымнан жақсы байқалады.

Абай бала психологиясының басты ерекшелігі – білуге құштарлық деп есептейді. Өсе, ержете келе, тәрбие құралдары арқылы бала жанына жақсылық ұрықтарын егіп, игі сезімдерге, адамгершілікке тәрбиелеуге

болады. Ақын бала мінезін қалыптастыруда ата-анасының, ұстаздарының құрдастары мен достарының үлгі - өнегелері мен тәрбиесінің маңызы зор деп дұрыс түйіндейді. Осы айтылғандар және жеке басының ерекшеліктері жайлы айтқан психологиялық пайымдаулары өзінің ғылыми тереңдігімен ерекше бағалы.

Ақын бала тәрбиесі жөніндегі ой толғамдарын өзінің **“оныншы”** қара сөзінде жалғастырады. Мәселен, “Әуел балаңды өзің алдайсың: “Әне, оны берем, міне, мұны берем” деп. Баста балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көрерсің? “Боқта!” деп, біреуді боқтатып, “кәпірқиянқы, осыған тимендерші” деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, “пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді” деп, тірі жанға сендірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе? “Баланы жастан” деген қазақ халқының бала тәрбиесіндегі ежелгі дәстүрді естен шығармауды меңзейді. Баланың мінез –құлқындағы қалыптасқан жағымды, жағымсыз әдеттер жанұялық жағдайда біртіндеп оның бойына сіңетінін тілге тиек ете отыра, бала тәрбиесінде ересектердің қарым-қатынас әрекетінде өздерінің іс-әрекетімен үлгі боларлықтай, өнегелі, сыпайы, әр іске адалдықпен, таза көңілмен қарау керектігін ескертеді[3].

Абай қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығы туралы: «Ақыл, ғылым – бұлар кәсіби», - дейді. – Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», - деп, Абай адамның ішкі жан – дүниесінің ақыл, сезім және қайрат секілді қуаттарын біртұтас етіп алады.

«Он жетінші сөзінде» (қайрат, ақыл, жүректің сөз таластыруы) тек бірлесіп, ынтымақтасқан жағдайда ғана күш алатын үш түрлі жан құбылысын әдеби-публицистикалық тұрғыдан көрсетпек болады. Ойшыл ақын негізгі үш бастау – ақыл, сезім және қайрат арасындағы тартыс арқылы адам мінезінің карама-қайшылықтарын дұрыс түсіндіреді. Осы сұхбаттың логикалық үйлесімі, дәлелдері, терминдік сөздердің байлығы (мақсат, кішіпейілділік, әділдік, қайырымдылық, елгезектік, қатыгездік, реніш, аброй, қайрат, жауыздық, қулық т.б.) оқырманды қайран қалдырады.

“Он жетінші сөзінде” қайрат, ақыл-ой, жүрек –осы үшеуінің бір кісінің бойынан табылса, онда адам жаны таза, әр істі адалдықпен, ақылмен шешіп, қандай жағдайда да қайраттылық танытып, бойкүйездікке салынбай жігерлі көрінеді деп ой түйіндейді.

Ақынның ес туралы пікірлері де қызғылықты. Абай естің мәнін ашу үшін ерекше «ұмытпастық себептер» деген психологиялық атау енгізген. Ол осыған орай **«Отыз бірінші сөзінде»:** «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек: екінші – сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен

бірнеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, иә бір қайғыға салыну, иә бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер», - деп жазды. Бір нәрсені есте сақтау, ренішті, қуанышты көңіл күйлерін тану барысындағы естің маңызы жайлы айта келіп, адам «...сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып, не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек», - деп түйіндейді[4].

Ашу – Абай түсінігінде негізінен жағымсыз сезім. Ол ашуды екі тұрғыдан қарастырады: біреуі – оқыс қимылдар мен ащы сөздер арқылы сырттай айқын көрінгенімен, дүмпуі әлсіз, кісінің көңілінде дақ қалдырмай таз тарқап кетеді де, екіншісі - сыртқа шықпай, жасырын қуатын ішке бүгеді. Ашу туралы ойларын ақын: «Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болған. Егер де ауызынан қан ағызса, домбыт, мақтаншақ, иә қорқақ», - деген қанатты сөздермен түйіндейді. Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі –ар ұят, арлылық, ождандалық. Абайдың түсіндіруінше ар-ұят адамның іс-әрекетімен тығыз байланысты.

«Отыз алтыншы сөзінде» адамның осы секілді қастерді сезімін ол былайша сипаттайды: «олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар надандылықтың ұяты... ұялмас нәрседен... ұялу –ақымақтық, жамандық. Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, иә ақылға теріс, иә абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі - ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің... Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, иә ақылға теріс, иә абиұрлы бойға теріс, иә адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады». Абайдың пікірінше, өзіне-өзі сын көзімен қарап, өзін тізгіндей білген адам келеңсіз қылықтардан аулақ жүріп, әр қадамын ұят таразысына сала алады.

“Отыз жетінші” қара сөзінде Абай жеке тұлғаның бойындағы психологиялық қасиеттерге тоқталады. Онда ғибрат сөздердің мәні, мағынасы адамның күнделікті ісінде әр кез есінде тұтатын ұлағаты мол, тағылымды сөздер. Мәселен:

- Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес;
- Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады;
- Әкесінің баласы - адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың;
- Дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды;
- Жамандықты кім көрмейді. Үмітін үзбек -қайратсыздық;

- Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де ауызынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ я қорқақ;
- Биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады.
- Жаман дос - көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса іздеп таба алмайсың т.б[5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М.О.«А. Құнанбаев».Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Алматы.1995
2. Халитова И.Р. А.Құнанбаев мұрасын оқу процесіне ендіру мәселелері.Алматы. 2005
3. Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар Алматы. 1993
4. Құнанбаев А. Өлеңдер мен поэмалар, шығармаларының II т.жинағы: Алматы, 1977
5. Қарасаев Ғ. Абайдың қара сөздері //Қазақстан мектебі 1995ж

ОТРАЖЕНИЕ В ТВОРЧЕСТВА АБАЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX В.

**Сумская В.П.,преподаватель
«Прикаспийского колледжа «Болашак»**

Вторая половина XIX в. была переломной в социально-экономической, политической и правовой истории Казахстана. В 1860-е гг. завершился процесс присоединения всех казахских земель к Российской империи. Для целенаправленной колонизации края царское правительство создает в казахских землях административное управление, приближенное к российской системе и максимально отвечающее интересам метрополии. По реформам 1867-1868 гг. территория казахских жузов делится на шесть областей в составе трех генерал-губернаторств. Высшая власть в губернаторстве принадлежала генерал-губернатору. Генерал-губернаторства делились на области, области – на уезды, во главе которых назначались чиновники из числа офицеров российской армии. И лишь на низших ступенях управления - волости и аула – царское правительство создавало местную администрацию в лице волостного султана и волостного управления, аульного старшины. Эти должности были выборные.

Абай сам был несколько раз избран волостным управителем, и поэтому лично знал закулисные дела такого избрания. Он с сожалением замечал, что волостные правители достигают власти хитростью и обманом, а получив власть, заботятся лишь о собственном благополучии, ищут поддержки у таких же «увертливых и ухватистых» как сами, большую часть сил тратят на борьбу

с соперниками и сохранение власти. «Волостные, - отмечал мыслитель, - избираются на три года. Первый год их правления проходит в выслушивании обид и упреков: «Не мы ли тебя выдвигали?» Второй год уходит на борьбу с будущими соперниками. И третий - в предвыборных хлопотах, чтобы снова быть избранным. Что остается?». [1]

Наконец, волостным я стал,
Все добро на взятки спустив;
Без горбов верблюды мои,
У коней не осталось грив.
Но я волостью управлять
Не могу, а вроде ретив...
Если сильные позовут -
Оборачиваюсь на призыв;
Если слабые говорят -
Еле слушаю их, сонлив... [2]

Казахское общество абаевской эпохи - это колония со всеми атрибутами имперской и колониальной психологии - массовой коррупцией, чванством, самодурством, подхалимством, наглостью, внутренней ущербностью.

Волосной, ты напрасно так рад,
Что чиновник стал ласков, как брат,
Что накинул на плечи твои
Он за рвение расшитый халат.
Ты не думай, что это навек.
Эта радость – на день лишь всего.
Возместит ли халат с галуном
Унижения твои за него?!
Ты не девушка, чтобы сомлеть
От безделки блестящей в руках.
... Пусть поверят другие в тебя,
Я не верю, твой чувствуя крах». [3]

«Положениями» 1867-1868 гг. царское правительство изменяло в казахских землях и судебное устройство, введя судебные учреждения, работавшие на основе законов Российской империи. В модифицированном виде сохранялись суды биев и казиев, функционировавшие на уровне аула. Теперь бии, как и волостные правители, избирались на три года. Новая судебная система не содействовала установлению справедливости в казахском обществе, Система выборности судей, вместо прежнего традиционного естественного отбора биев, открыла путь для развития взяточничества и подкупам. По этому поводу Абай писал: «Когда каждый сам по себе бий, не ужиться и на бескрайних просторах, когда есть глава общины, не сгореть и в огне. ...Люди, признав эту истину, приносили жертву святым духам, и помолясь, отдавали бразды правления всеобщему избраннику и впредь старались поддерживать во всем, скрывая его недостатки и славя достоинства. Относились к нему с должным почтением, слушались и неукоснительно

повиновались, тогда и влиятельные лица не переступали пределов благоразумия. Как им было не заботиться о людях, когда все были братьями, и достояние у них было общее. ...А биям и старшинам, купившим свои места, нет основания требовать к себе уважения». [1]

Сам он много лет занимал должность не только волостного управителя, но и судьи (бия). И среди народа Абай пользовался уважением и доверием, за то, что, рассматривая дела, в качестве бия, Абай проявлял глубокое знание правовых обычаев, стремился тщательно разобраться в деле и справедливо его разрешить. Об авторитете Абая-бия свидетельствует и то, что он неоднократно избирался посредником-примирителем (Тюбе-бием) при спорах представителей разных уездов.

Реформами 1868 и 1881 гг. права биев значительно ограничивались, но в их руках ещё находилась значительная судебная власть, решавшая гражданские и имущественные вопросы простого народа. Зачастую бии приобретали свое место благодаря взяткам и подкупам. И поэтому их решения по многим вопросам полностью соответствовали интересам царских колонизаторов.

Перед начальством русским бий.

Юлит и гнется, как лоза. [4]

Пользуясь неграмотностью народа, его забитостью и невежеством, Бии всячески стремились извлечь свою пользу.

Всмотрелся я в биев седой старины,

Для них поговорки в реченьях важны.

Акыны и вовсе в невежестве темном

Несут чепуху, ни на что не годны.

В толпе, завывая с кобызом, домброй,

Восхвалят любого, кто виден собой.

Продажностью жалкой унизили слово.

С домброю шатаясь в округе любой. [3]

Абай считал, что обстоятельства жизни, отношения, сложившиеся в степи в результате колониальной политики, обычаи подчиняют людей существующей системе, вынуждают их поступать определенным образом. «Так и живут: вельможный - помогая баю и пособляя вору, бедняк - подыгрывая власть имущим, поддерживая их в спорах, примыкая то к одной, то к другой партии, за здорово живешь, поступаясь собственной честью, продавая жену, детей, сородичей», - писал Абай. [5]

Колониальная политика царизма и, прежде всего, изъятие у кочевого населения плодородных пастбищ, усиление гнета со стороны родоплеменной верхушки казахского общества во второй половине XIX в. привели к чрезвычайному ухудшению положения народных масс и разорению казахских шаруа. Казахи лишались скота и пополняли толпы людей, не имеющих определенных занятий.

У бая много пастухов и юрта хороша,

А бедный мёрзнет сам в степи, скотину сторожа,

Он квасит кожи и дубит их в ледяном чану,
Жена, бедняга, ткёт чекмень, от холода дрожа.
И для ребёнка нет костра, и в юрте натекло,
И улетучилось давно последнее тепло.
А старикам - совсем беда, ложись и помирай:
И пищи нет, и солнца нет, и ветер воет зло.
(«Ноябрь - преддверие зимы») [3]

Улучшение жизни трудящегося народа Абай видел в переходе казахов к более прогрессивному ведению хозяйства, которое он связывал с развитием земледелия, ремесла и торговли. Именно земледелие могло обеспечить надежную основу благополучия казахского шаруа и сторицей возвратить затраченный труд:

Тяжел труд земледельческий - вспашка, посев,
Но земля все же сторицей воздаст под конец. [4]

Абай Кунанбаев был не только новатором казахской письменной литературы, поэтом-просветителем, но и одним из известнейших общественных и политических деятелей своего времени. Поэтому в его творчестве максимально отражены традиции народного творчества и осмысление проблем общества на рубеже конца XIX века – начала XX века, выпукло показана политическая ситуация в Казахстане и события его эпохи.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Критические политические и правовые идеи Абая. Vuzlit.ru
2. Абай – Кулембаю. bibliotekar.kz>Хрестоматия>abai-kulembayu.html
3. Стихи Абая. vkosbng.kz>ru/menu-abay
4. Абай Кунанбаев и его вклад в развитие политической мысли в Казахстане. studwood.ru/1058685/politologiya/abay_kunanbaev
5. Абай. Книга слов. // В кн.: Абай. Книга слов. Шакарим. Записки забытого. Алма-Ата, 1992. С. 24.

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ. АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ АФОРИЗІМДЕРІН ТАЛДАУ

Тастемирова Динара Бақытқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушы
Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Нақыл сөздер (афоризмдер) - күрделі мәселелерді терең дәл жеткізетін ой ауқымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол - көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың көзінен, ой көзі айқын керінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші - алтын, сырты - күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған кезден

бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Әдетте, бұл нақыл сөздер ел аузында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу нақыл сөздердің бірден-бір өзіндік ерекшелігі болып табылады. Жазба әдебиетімізде нақыл сөздердің бай негізін өзінің дидактикалық шығармалары арқылы Абай жасады. Шын мәнінде, Абайдың нақыл сөздері көздейсоқ, жәй бір құбылыстар емес, заңды, тарихи қажеттіліктер негізінде туған тұтас дүние. Дидактикалық поэзияны шығыс әдебиеті ертеден бастаған. Бұл Таяу Шығыстың Ұлы ойшыл ақындары Фирдаусидың, Низамидың, Сағдидың, Науаидың, Жәмидың шығармаларында бастау алып туды. Тіпті ислам дінін насихаттаушылардың нақыл сөздерге құрылған шығармалары да Таяу Шығыста кең келемде тарады. Олардың діни білімі де, заң, право негіздері де т. б. кітаптары да өсиет, үгіт сарынында, шешен тіл тапқан поэзия үлгісінде жазылды. Қазақ әдебиетіне келсек, оның жазба әдебиеті басталған 19 ғасырдың 2-жартысында қазақ халқының мәдени дәрежесі яғни әдебиеттің мәдени дәрежесі өзіне әдебиеттің қызмет етуінің дидактикалық үлгісін біршама керек еткен кезеңде туды. Сол тұста әдебиетке қоғамдық сипат беріп, сол арқылы күреске түскен Ы.Алтынсаринның да, А.Құнанбаевтың да шығармаларында бұл заңдылық көрінбей қалған жоқ.

Алтынсаринның әдебиеттік еңбектері өзінің педагогтығымен бір сипатта дидактика үлгісіне құрылды. Әдебиетте өз тұтастарынан бір дәуір ілгері кеткен Абай қазақ топырағында шын мәніндегі нағыз көркем поэзияны жасай отырып, бұл заңды талапқа кең бетбұрыс жасады. Сол бір көздегі қазақ халқының өміріне еншілес болған қараңғылық пен надандық ақын қаламын поэзияның үлгілі нұсқаларын жасау жолынан әр көз қақпайлап, ондай дүниелікке бойы даяр күйіндегі аудитория, оқушы бола алмайтынын танытып отырды. Данышпан ақын осы бір тарихи шындықтың шегінен асып кете алмады. Басқа емес, дәл осы тарихи шындық Ұлы ақынды поэзияның озық үлгілерін жасауға үнемі бой ұрғыза отырып, заманның өресі жеткен әдеби үлгіні қару етіп, тар өрістің негізгі тамыры - надандыққа соққы беруге бастап әкелді. Мәдениетте, ой-санада, жалпы қоғамда артта қалған халықтың ұзақ ғасырлық кері тартқан, өмірдің басқа да жақтары, жолдары бар деп білмеген түсінігіне қозғау салу үшін, құлақ түбінен дауыстап, таза ақыл күйінде үгітші, насихатшы, өнеге үйретуші болуға бой ұрды. Осы тұрғыда Абайдың нақыл сөздері ақынның арман еткен білім-тәрбие, еңбек, бірлік, адамгершілік т. б. сан алуан тақырыптардағы өлмес пікірлерінің бұзылмас формасы, айнымас мазмұн тапқан үлгілеріне айналды. Абай нақыл сөздернің тақырыбы - оның тұтас шығармасына тән дүниелер. Олар ақынның өз шығармасында берген асыл ойларының, пікір түйіндерінің сығынды нәрлерінен құралған. Ақын шығармаларындағы нақыл сөздерді: өнер-білім, тәрбие, еңбек туралы; достық, адамгершілік, сүйіспеншілік туралы; адам мінездері туралы; философиялық; өнер туралы деп жіктеп, топтастыруға болады. Абай Құнанбайұлының қара сөздері 19 ғасырда жазылса да заман көшінен қалмаған талай өскелең ұрпаққа шамшырақ болатын бұл туындының бағасы жылдар

өткен сайын артпаса кеміген емес. Абай Құнанбайұлы адам баласының қажеттілігін терең бағдарлай отырып, айтса «менің сөзім» деп айтатын, «тындаса маған арнап тұр» дейтін, естісе «мен туралы айтып отыр» дейтіндей әркімнің көкейкесті тілегін дәл әрі нақты жеткізе білді.

Ақынның қарасөздері мен нақылдары-ақын творчествосының елеулі саласы, өлеңдері мен мұңдас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары.

Абайдың қарасөздерін негізінен прозаның шағын түрі деп атау керек.

Абай: адамның ақылды, білімді болуы оның тумысынан емес, айналадағы дүниені сезіп-біліп, үйренуінен, еңбек етуінен деп қарайды. «Біз жанымыздан ғылым шағара алмаймыз, - дейді Абай. - Жаралып, жасалып қойған нәрселердеі көзбен көріп, ақылмен біліп сезбекпіз». Демек, Абай білудің сезімдік және ақылдық таным арқылы болатынын құптаған. Бірақ ол ақиқатты анықтаудың өлшемі ақыл деп есептейді : «Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз, ақсақал айтты, бай айтты, кім болса, мейлі сол айтты, ақылменен жеңсеңіз». «Ақыл мизаң, өлшеу қыл» деп танымдағы ақылдың рөлін көтермелеп, рационалистердің позициясына жақындайды.

Абайдың он сегізінші сөзінде: «...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой дегеннің бәрі де ақымақтық». Адамның сыртқы келбеті жөнінде жақсы пікір айтады. «Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап, әуре болмақ» - деп, ақын адамның сұлулығын сыртқы құбылыспен өлшемі ішкі мәнмен тұтастықта алып бағалап көрсетеді.

Абайдың он тоғызыншы қара сөзінде адамның қандай болуы керектігін және есті болуға қалай жетуге болатынын айқын да анық көрсеткен. Біздің есті немесе ессіз болуымыз- күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Яғни, қандай екеніміз көбінесе ортаға қатысты болса, естілікке қалай жететініміз өзімізге байланысты екен. Абай айтқандай «Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.» Бізге Алла Тағала сана берді, жақсы мен жаман нәрсені ажырататын көкірегімізге сәуле түсірді. Ары қарай жолды таңдаймыз ба,. Әлде бұралаң жолға түсіп өмірімізді шырғалаңға айналдырамыз ба – бәрі өз қолымызда. Абай сөз танымайтұғын елге сөз айтудың бекершілік екенін айтып өз өмір жолын да бір шола кетеді. Қалай есті адам боламын, ақыл мен білімнің қос тізгінін қалай игеремін деп жүреген біз сияқты жастарға Абай сөзі «толық адам» болудың алғышарты тәрізді. Естігенді, көргенді, оқығанды көңілге түйіп, жақсы-жаманын ой елегінен өткізіп, әр нәрсеге сын көзімен қарау- адам деген ардақты атқа лайық іс.Ішкі рухани қазынамыздың толығыуы тікелей өзіміздің қолымызда.

Ақын «Отыз екінші сөзінде» ғылым-білімді күн көріс үшін ғана іздемеу керек, «ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін, үйренбек керек», «әрбір ақиқатқа тырысып, ижтиһатымен көзің жетсе соны

тұт», - дейді, ол 34-38- сөздерінде діннің тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, Алланың ақ жолында халықты имандылыққа тәрбиелеуді көздейді. ...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі надандық, екіншісі-еріншектік, үшіншісі-залымдық деп білесің.

- ✓ Надандық, білім, ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік-хайуандық болады.
- ✓ Еріншектік-күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік-бәрі осыдан шығады. Залымдық-адам баласының дұшпаны.
- ✓ Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады. (отыз сегізінші сөзінен).

Абай өзінің “Қырқыншы сөзінде” жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алу керек деп есептейді.

Оқыту жұмысы нәтижесінде пайдалы болу үшін Абай, орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский айтқандай балаларды әуелі ана тілінде оқытуды, оларға шын ғылыми білімдер беруді, одан кейін барып шетел тілдеріне, мәселен араб, парсы тілдеріне үйретуге көшуді ұсынды.

Абай оқыту үрдісінде ақыл-ойды дамыту керек екендігін, онсыз білім алуға болмайтындығын өте дұрыс көрсетеді. Ойлау мен қиялдауды дамыту айналадағы дүниені, құбылыстар мен заттарды жан-жақты терең танып білуге мүмкіндік береді.

Ақылменен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.

Ақыл-ойды жетілдіру, оқыта білу мен оқуға байланысты. Талапты білмей, іздегенмен табылмас, - деп Абай білімді меңгеру жолдарын, әдістерін түсіндіріп, талап етті.

Абай түсінігінде адамның ең жақсы қасиеттері - ерлік, табандылық, тұрақтылық, әділеттілік және шыншылдық, сыпайыгершілік, еңбек сүйгіштік, білімге құштарлық пен ақылдылық.

Ақынның ойынша, еңбек арқылы бойдағы бір қасиретті жоюға болады. Ұлы Абай еңбектің өзіндік ерекшеліктерін ашып, жастарға үлгі-өнеге етіп, адамның талапты, белсенді болуын, өзінен басқаның жақсы істерін көріп, біліп, олардан үлгі - өнеге алуын қалайды. Шәкіртті білім жолындағы еңбекке үйретіп баулуда, алдымен еңбекке деген сүйіспеншілікті өркендету, еңбектің нәтижесіне қол жеткізу сезімін әдетке айналдыруды дәріптейді.

Абай өз кезегінде қазақ қоғамының болмысына үңіле қарап, адамгершілік мінез-құлық түрін ұсынады; «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз... Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ-бес дұшпанның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз. Жамандық көрсең нәпрәтілі, суытып, көңіл тыйсаңыз, жақсылық көрсең ғибратылы, оны ойға жисаңыз» деп әдептілік пен

қайырымдылықты дәріптейді: «Ғадалат пен мархамат-көп азығы, қайда көрсен болып бақ соған көмек» дейді.

Абайдың айтуынша, адамгершілігі мол адам, батыл, ержүрек болуға, қорқыныш дегенді білмеуге тиіс, қайткен күнде алдына қойған мақсатқа жете білуге тиіс. Абай жастарды тәрбиелеудің әртүрлі жолдарын, ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлі өте зор екендігін ескере отырып, Абай балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері жақсы тәрбиеленген болуы керек екендігін ескертеді.

Ақын қараңғы түндегі жарық жұлдыз тәрізді, надандыққа, түнекке және мәдениетсіздікке қарсы күресті. Оның арманы - орыс халқы мен қазақ халқының арасындағы достық қатынасты күшейту, қазақ жастарын орыс тіліне, мәдениетіне үйрету ақынның бұл сөздерінің маңызы бүгінгі заманымызда да айрықша зор.

Ұлы ақынның осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтылған ойлары қазіргі заманның өзекті мәселелерімен үндесіп жатқандығы айқын. Отанымыздың өсіп - өркендеуі үшін, елдегі саяси тұрақтылықты сақтау, ұлттар арасындағы бірлікті сақтау қажеттігі керек. Сонымен қатар, тек экономикалық дамыған елдер ғана келешекте әлемдік қауымдастықта өз орынын таба алады. Ал оған қол жеткізудің бірден бір жолы - ғылым мен білім дамуына баса назар аудару. Тек білімді халықтың ғана болшағы болатынын ескеруіміз керек. Демек, А.Құнанбаевтың педагогикалық мұралары ұлттық педагогика ғылымының алтын қорына қосылған елеулі үлес болып табылады.

Қорыта айтқанда, Абай қазақтың демократ ақыны, ұлы ойшыл, философы. Ол қазақ тілінің мәйегінен көптеген өлеңдер мен дастандар сондай-ақ, басқа да философиялық шығармалар жазды. Абай өзінің қара сөздерін әңгіме-сұхбат түрінде адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім мен ғылымды қатар игеру, қоғамдағы әртүрлі топтардың жасап жүрген адамгершілік, имандылық мәселелерін кеңінен ашып толғап көрсете білді. Жалынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай «жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен» деп ерік-жігерді тізгіндеп тура жолға, білім мен өнерге бағыттау да өз еркімізде. Ендеше бүгінгі мүмкіндіктер заманында жан құмарлығын қандырып, дүниенің тылысым сырын терең танып Абай Құнанбайұлы атап көрсеткен межеге ұмтылу- әрбір жастың асыл парызы деп білемін. Абай айтқандай «сөз танымайтұғын ел емеспіз ғой, өсер елдің өскелең ұрпағымыз ғой» деп сөзімді мына өлең жолдарымен түйіндегім келеді:

Дүниенің жақсысы да, жаманы да,
Ілігер бәлкім өмір қадамыңа
Ұлы Абай мұраларын ойға түйіп,
Айналсам деймін «толық адамыңа».

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,
2. Абай. Қара сөздер. Поэмалар.- Алматы: Ел, 1992.
3. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея.- Алматы: Жеті жарғы, 1997.-
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,
5. Абай. Нақыл сөздер. - Алматы: Көшпенділер, 2007
6. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. - Алматы: Мектеп, 2007
7. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997
8. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Тулешова Н.К., арнайы пәні оқытушысы

Каспий өңірі «Болашақ» колледжі,

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес
 Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
 Қарадан хакім болған сендей жанның
 Әлемнің құлағынан әні кетпес! .
 ..Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
 Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
 Көз ашып, жұртын ояу болған сайын,
 Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.
 Мағжан Жұмабаев

Қазақ халқының данышпан ұлы, ойшыл, Абай Құнанбайұлының әлем мен туған ел тағдырына алаңдауынан туындаған ұлы сезімдері мен асыл ойларын жастарымыздың рухани тәрбиесіне пайдалану мақсатында осы «Абай әлеміне саяхат» тақырыбын ұсынып отырмын.

Абайды әлем жұртшылығы Мұхтар Әуезовтің романы арқылы таныды. Қазақ даласына ХІХ ғасырда жұлдыздай жарқ еткен Абайдай алып тұлғаны Тәңірі халқымыздың бағына тудырған.

Абай әндерінің сөздері салмақты, ойы терең.

«Бойы бұлғаң» әнінде:

Бойы бұлғаң,
 Сөзі жылмаң,
 Кімді көрсем мен сонан,
 Тұра қаштым,
 Қатты састым,
 Бетті бастым жалма-жан, –

Абай надандық қамытын киген айналасынан түңіледі:

Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
 Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
 Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.
Асаған, ұрттағанға ез жұбанар, Секілді дәулет емес сен қуанар.
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы секілді тез суалар.

Абайдың парасат биігінен жазған есті өлеңі қазіргі қоғамның да жан айқайымен дөп келеді. Қиын-қыстау өтпелі кезеңде ел ырзығын еншілеп, ойына келгенін істеп жүргендер болған. Олар әлі де бар. Жемқорлықпен күрес тоқтамай жатқаны соның дәлелі.

Абайдың ұлылығына сенгендер қазақ халқының ұлылығына сене алады. Абай сөздерінің нәріне тамсанғандар қазақ халқының данышпандылығы мен ойлылығына, қазақ тілінің күші мен құдіретіне сене бастайды.

Абай сөздері бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып жататын болса, онда құлақтың ол адамға пайдалы мүше екендігіне күмән келтіруге болар... Абай бір өлеңінде: «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» – деген екен.

Білімдіден шыққан сөз –
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз...

Абай – білімдіден шыққан сөзді түсінуге тырысқан талаптының міндетті түрде көкірегінде көзі болғанын қалап отыр.

Аллатағала өз құдіретімен кейбір пенделеріне үшінші көз, «көкірек көзін» береді екен.

Біз, көкірек көзі анық байқалып тұрмайтындарды да талапты болуға шақырамыз.

Көкірек көзі жарқырып тұрмаса да маңдайдағы екі көзбен Абай сөздерін көкірекке тоқып, тәннен өткізе, жанға жеткізсе, содан барып жан сезімін тән пайдаланса дейміз...

Осы мақсатпен біз Абай поэзиясына көз сала отырып, Абайдың қара сөздерін оқып, оны студенттер жатқа айтты.

Ана тілімізде сөйлейтін қазақ тілді ойшылдарды ғана емес, әлем философтарын да терең ойға батырып келе жатқан Абайдың заты асыл, жаны жұмбақ сөздерін «қара сөз» деп атау қалыптасқан.

Мен тек қазіргі жас ұрпақты ақылды, талапты, намысты, тәрбиелі, таза, ұлт жанды, міндеттерін анық білуге тәрбиелеу мақсатында осы «қара сөздерге» мән беруге шақырдым.

Бірінші сөз – адам міндетін анықтау;

Жетінші сөз – талпыныс;

Тоғызыншы сөз – ұлт жандылық;

Оныншы сөз – ұрпақ;

Он бірінші сөз – кәсіп;

Он бесінші сөз – ақыл;

Он жетінші сөз – бірлік;

Жиырма үшінші сөз – қуаныш пен жұбаныш;

Отыз бірінші сөз – ойлылық;
Отыз екінші сөз – талап;
Отыз үшінші сөз – өнер;
Отыз тоғызыншы сөз – намыс;
Қырықыншы сөз – мінез;
Қырық бірінші сөз – тәрбие;
Қырық төртінші сөз –тазалық;
Қырық бесінші сөз – адам болмысы.

Абай бірінші сөзімен өзінің саналы тіршілік алға тартар көп нәрселер туралы ойланатын жан екенін танытады. Болашақ оқушыларымен әңгімедүкен құра отырып, өз ойларын, болашақ айтылмақ сөздерін, көздеген мақсатын соншалықты түсінікті, талас тудырмайтындай етіп, түсіндіріп береді.

Ал соңғы сөз – ол дәл соңғы сөз. Абай сөздерінің қортындысы секілді қырық бесінші сөзінде шексіздікті, шексіз әлемді жаратушының бар екендігі айтылады. Бар әлем бір заңға бағынып, бір құдірет бұйрығын бұлжытпай орындап жатады. Абай, тірілер жаратқанның адам пенделеріне, жан-жануарына берген сезімдері арқылы тіршілік заңдылықтарын мойындайды, өз тірліктерін жалғастыруға құштар болады дейді. Абай өз еркімен ешкім еш нәрсе жасай алмайтынын, тек қана Жаратқанның жаратқандарын жаратқан сыйлаған сезімдер арқылы сезе алатындығын әңгіме еткен. Егер ондай сезім аз болса, онда кісінің кісілігінің де жобасы төмендей бермек.

Қырық бесінші сөз – соңғы сөз!..

Біз Абай сөздерін: тірі, жаратылысы ұлы, болмысы ақыл, көзге көрінбейтін қасиет ретінде елестетеміз. Абай сөздерінің тірі екеніне, жаны бар екеніне сенеміз.

Осындай бір-біріне қарама-қарсы ой тұлпарларына мініп алып, мен де біраз саяхат жасауға шықтым.

Абайтанушы ғалымдар:

Абайтану қазақ әдебиеттану ғылымының саласы.

Абайтану Абайдың өмірі мен шығармашылық өнері, философиясы, қоғамдық, эстететикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерін қамтиды. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп Абайды аса жоғары бағалады. Абай шығармаларын жинап, қағазға түсіріп, реттеп баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болған соң ұзамай-ақ қолға алынғанын дәлелдейтін нақтылы деректер жетерлік. Жарық көруінен бірнеше жыл бұрын құрастырылып, 1909 ж. Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі (аударма өлеңдерін қосып

санағанда) мен «Ескендір», «Масғұт» поэмалары басылғаны, яғни осы күнгі белгілі поэзиялық шығармаларының көрнектілері түгелге жуық қамтылды



АБАЙ ҰРПАҒЫМЕН ЖҮЗДЕСУ



АБАЙ ЕЛІ ҚАЙРАТКЕР АЗАМАТЫМЕН ҚИМАЙ ҚОШТАСТЫ



АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ



«АЛАШТЫ ӘНІМЕН ТЕРБЕГЕН ӘСЕТ АҚЫН»



- **Әбділда ТӘЖІБАЕВ: БІРІНШІ АҚЫН**



Жанғара Дәдебаев: АБАЙДЫҢ «СЕГІЗ АЯҒЫ»: МӘН МЕН МАҒЫНА ПОЭТИКАСЫ



**Бейсембай КЕНЖЕБАЕВ: АБАЙ
ҚҰНАНБАЙҰЛЫ**

«Абай әлеміне саяхатты» Әбділда Тәжібаевтың жазған қорытындысымен аяқтаймын:

Шабыт процесін бұдан артық көрсету қиын. Дерексіз - абстракциялық ұғымдарды да бұдан артық жандандыруға, көзбен көріп, қолмен ұстағандай ету мүмкін емес шығар. Ақын кеудесі әлемнің өзі сияқты: кұрсаған бұлты тарап, алаңы басылғанда, кіршіксіз аспаны ашылады, шабыт күні жарқырап, көңіл ұйқыдан көзін ашады. Томағасы сыпырылған қырандай қаранады. Ол кезде әділет иесіне айналған ақын жүрек кірін жуынған, дүниелік доңыздықтардың бәрінен жоғары, ол - ақ таразы, әділет қолындағы семсер. Жақсылық, күнәны әділ өлшейді, надандықты, зұлымдықты қандата жазалайды, долы қол, ызалы жүрек әмірін орындайды. Пайғамбар ақын жалпақ қауымның күткенін сөйлейді. Ақын кәзір тас бұлақтың суындай сылдырлаған әсем келісімге (гармония) ғана ғашық. Сұлу келісім оның көзінде ерке жардай ең қымбаты. Оның аты - идея. Сол идея қозғау салғанда, қуатты ойдан бас құраған еркін сөздер де еркелене шығады. Сонда жанды күйге айналған мазмұн мен форма дегеніміз осы сөздердің қуатты ойдан толғағы пісіп шығуына, әлемге бояулы, дыбысты өмір ала келуіне байланысты.

Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың көп бақпасаң.
Көленкесі түседі көкейіңе
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.

Абай әділ айтады. Бұдан шығатын қорытынды: әрбір шын мәніндегі ақындық шығарма - пафостың жемісі. Пафоссыз жазылған жырдан ойға жылылық, бойға қуат боларлық ештеңе іздеуге болмайды. Өйткені онда жанды да, жарқын идея жоқ, одан қорғасындай бірге құйылған поэзиялық мазмұн, түр күтудің де қажеті аз.

Ал шабытсыз, күшпен қосылған жалаң идея - жансыз идея. Ол шығарманың өлі дүние екенін ғана танытады. Мұндайлардан көркемдік құн іздеушілер я қателескендіктен, я эстетикалық қабілеттен жұрдай болғандықтан ғана іздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұхтар Әуезов. «Абай Құнанбаев», Монографиялық зерттеулер: 1995 жыл Алматы
2. Қайым Мұхамедханов. «Абай Құнанбаев». Ғылыми түсініктер, 2009 жыл. Алматы
3. Ханғали Сүйіншәлиев. «Абайдың қара сөздері». Әдеби зерттеулер, 1956 жыл. Алматы
4. Мекемтас Мырзахметұлы. «Абайтану» Зерттеу еңбегі Астана, 2014ж.
5. abai.kz ақпараттық порталы

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗІ

Узакбаева Дина Тулепбергеновна арнайы пән оқытушысы
ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Абай Құнанбаевтың табиғат туралы өлең жолдары мен шығармалары қара сөздері қазақ даласында кең орын алған. Абай Құнанбаевтың Жетінші қара сөзіне талдау. Жас бала анадан туғанда екі түрлі болып туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, хәм өзі өспейді; қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, даусына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенінде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен; үйренсем екен деген.

Бұл жерде Абай жалпы адам баласы өмірге түрліше келетінін сонымен қатар адам да тән мен жан құмарының болатынын сипаттайды. Тән құмары деп отырған жалқаулық, еріншектікті сипаттайтын іспетті. Демек бұл қатардағы адамдар ішсем, жесем, ұйықтасам дейді екен. Сонымен қатар ішпесе жемесе адам қуатталмайды яғни жан мен тән егіз дегендей. Екіншісі жан құмары бұл өмірде білсем, көрсем деп көрінгенге қызушылығы. Яғни адам өмірінде жақсыны көрмек, жақсылыққа ұмтыл дегенге саяды. Адамды жаратқанда бар және жоқ дүниеге қызу соған ұмтылу бұл адамның адамдық белгісі. Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдылықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жан болмай, хайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп, жаратқаннасы. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын

құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Егер үйренуге білуге ұмтылмаған адам жаны адам емес хайуанмен тең қылады. Бұл деген адам өмірде адам болып қалыптасу үшін алдымен талпыныс, ізденіс керек. Хайуаннан адам артылықшылығы осы тән емес жан құмарлығының жоғарылығы. Бірақ бұл жас сәби мен жас балалық шақта орын алатын жан құмарлығы адамның өмірге құштарлығы. Әлбетте адамды барлық заттан ірі жаратты сондада адам да қанағат кетіп, жан емес тән биледі. Барлық істеген еңбек нәтижесі құмарлана жиған қазына түбі тән құмарлығы. Бір хадисте бар екен ей пендем қарекет етсең берекет берем деп сол айтқандай еңбекке білімге ізденіске құштарлық. Абайдың бұл қара сөзінде адамның ғылымға ғылымға құштарлығының болуында насихаттайды. Яки адам баласы өсіп жетілгеннен кейін біреудің ақылына құлақ аспаймыз бұл дегеніміз не? Құлақ аспай өз білгенімізге салу бұл адамшылық қасиеттен аластау.

Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Адам болып қалу адамның басты шарты яғни білімге ғылымға құштар бола отырып адам өзінің адамгершілігін сақтау бұл адамдықтың белгісі

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандылығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер - тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз. Демек адамның артықшылығы сол барлық тіршілік иесінен иманға сауаттылыққа тәрбиелеп тұр. Бұл қара сөзі арқылы Абай атамыз адам өзінің тән құмарлығын емес жан құмарлығын жоғары ұстау керек екендігі оның ішінде білдім, толдым деп емес әрине әрдайым білімге, дүниеге құштар болу керек екендігін айтады. Сонымен қатар өзін білмесең үлкеннен сұра үлкен жоқ болса кішіден сұра. Адам өзін ақылды санауда пасықтық тән құмарлығы деп отыр ғой. Және де адамдардың білмесе білем деп ақылгөйсіндерін де тілге тиек еткен.

Абай ақын тойлануда бүгін міне мерекен

Елге берер ғылым білім қазынаңыз көп екен

Қара сөзі қақ жарады кеудедегі жүректі

Сөзіңізде иман, ғылым қасиеттер кең екен.

Абай ақынның жетінші қара сөзін талдай келе ақынның философиялық, психологиялық ақылы өте күрделі екенін түсіндім. Абай ол осы қара сөздерді жазу арқылы қазақ қоғамына дұрыс тәрбие беру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзахметов М. Ақын творчествосындағы нәзирагөйлік дәстүр //Жетісу. 1985. 10 тамыз. 31 б.
2. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959.144 б.

3. Дербісәлин Ә. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Құраст: Қожакеев Т. Алматы: Ғылым, 117 б.
4. Сұлтанбеков М. Ақын поэмаларының жазылу тарихынан //Семей таңы. 1970. 6 қаңтар.4 б
5. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Алматы: Жазушы, 1995. 33 б.
6. М.О.Әуезов Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (Монография) Шығ. 12томдық, 12-том А. «Жазушы» 1969 жыл. 382 б.

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ (АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУ)

Усенов Сарсен Сандибаевич

арнайы пән оқытушысы

Бейнеу политехникалық колледжі

Абай атамыз - халықты білімге, ілімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Абай атамыздың өмірлік асыл мұраты – елді түзету, жастардың көзін ашу, ұлтын тәрбиелеу болатын. Ғылымды ол әлеуметтік жағдайларды жақсартудың құралы ғана емес бүкіл прогреске апаратын жол деп түсінді. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.

«Ақыл, қайрат, жүректі, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек»,- деп ақылды тереңдетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді.

Абай атамыз - ғылымның әлеуметтік рөлін терең таңдап, қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де ғылымға жүгіндіреді. Ғылым жүректің әділеттілік, ұят, рахымшылық, мейірбандық қасиеттерінің артықшылығын қолдайды. Бұдан Абай атамыздың топшылауынша, әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы, әділеттің орнауы адамдардың ұятына, рахымшылдығына, мейірбандылығына, әділдігіне байланысты болады. Ғылымды оны бақталастық үшін емес, ақиқатты білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады, өйткені, бақталастық адамды бұзады, «жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі, бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін», - деп қорытады атамыз. Ақын бірқатар шығармаларында еңбекке немқұрайлы қараушылықтың, жалқаулықтың, еріншектіктің қоғамды жұтатып, тоқыраушылыққа ұшыратып отырғанын, соның нәтижесінде

әлеуметтік жүдеуліктің орын алып отырғанын сынайды, еңбек етуге шақырады. Мына өлең жолдарында...

«Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей,

Тамақ аңдып қайтеді тентіремей...» - деп еңбексіздік пен қарекетсіздікті ашына шенейді. Өз тұсында қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен мал тапсам деген әлеуметтік топтың қалыптасқанын сипаттай келе, ақын:

«Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал мал жиылмас,

Сұм нәпсің үйір болса тез тыйылмас...

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

Қардың суы сықылды тез суалар...» - деп еңбексіз тапқан олжаның құтсыздығын, пайдасыздығын ескертеді.

Абай адал еңбекпен мал тап, ереншек болма деп үйретеді.

«Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,

Малың болса сыйламай тұра алмас ел

Қаруыңның басында қайрат, қылмай ,

Қаңғып өткен өмірдің бәрі де - жел ...» - дейді ақын.

Жалқаулықтың пайдасыздығын, зияндылығымен қатар рухани жағынан да адамды аздыратын данышпан - Абай көре білді. Ол үшінші сөзінде: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз болады; әрбір қайрасыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» - деп әлгі тұлғаның басында кездесетін кертартпа, келеңсіз сыйпаттарын ашып көрсетті. Абай дәулеттінің ішінде біраз мал бітсе байлығы міндетпен молайта көбейтіп, әлеуметтік жағдайды жақсарта түсіудің орнына арам тамақтықпен өмір кешетін топтардың бар екенін көре білді. Олар мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сылуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ:

«Тамағы тоқтық ,

Жұмысы жоқтық ,

Аздырар адам баласын...» – деген өткір жолдармен еңбексіздікті талапсыздықты сынап, одан сақтандырады. «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып екінші қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» - деп еңбекті құдайдан кейінгі екінші орынға қояды. Сонымен қатар Абай еңбектің әлеуметтік жағдайларына, сипатына және мазмұнына да ерекше мән берген. Еңбектің сипаты мен мазмұнын көрсеткенде Атамыз баянды еңбек – егін салушылық, білім алушылық деген қортындыға келеді. Ол:

«Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып білім алған ...» - деп тұжырымдайды.

Абай атамыздың бұл ойынан оның тағы бір әлеуметтік көргендігін көреміз. Ол бірыңғай мал шаруашылығымен айналысып келген қазақтың қарапайым мамандығын сипаты мен мазмұны жағынан өзгертуді қалады. Осыған байланысты адамдардың әлеуметтік өмірдегі өмірдің алатын орынына да

лайықты бағасын береді. Оның да еңбекпен келетін ырысын түсіндіре келіп, «алдау қоспай адал еңбегін сауған қол өнері – қазақтың әулиесі сол» - деп адал еңбек етіп, қол өнермен айналысқан кісіні өте жоғары бағалайды. Өйткені қол өнері қызметінің жемісі сол адамның өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай көпшіліктің кәдесіне жарайды, олардың бір-бірімен қатынас жасау факторына айналады, қоғамдық тілекті қанағаттандырады. Сонымен қатар қол өнерін игеру еңбек мазмұнының әлеум, қырын да өзгереді. Қол өнерінің осындай мәнін түсінген және өз халқының мінез-құлқын, еңбекке деген ықыласын табиғатынан аз нәрсені қанағат ететін пиғылын терең білетін кемеңгер. Абай атамыз құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады, олар бұл ісімді ол ісімен арттырайын, түзден өнер іздеп, өнермді асыра түсейін деп талғанбайды деп қауыптенеді. Ондай еңбектің кертартпалық сипатын көрсете отырып, оның талапсыздықтан туатын себебін да ашады. Сондықтан еңбектің қай түрі болмасын, әсіресе адамның шеберлігін қажет ететін өнер сыияқты түрімен ерінбей-жалықпай айналысу қажеттігін нықтап айтады. Өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік мінін қатал сынап отырып, Абай атамыз оны жөндеудің жолдарын да көрсетіп отырады. Ол еңбек адамының өзіне ғана емес, басқаға да пайдалы, өйткені индивид өз тілегін қанағаттандыра отырып, басқалардың да талабын қанағаттандыруға қатысады деп қорытындылайды. Оның мінез – құлқына, жеке басындағы қасиеттеріне кісінің шығармашылық күшіне зор мән беріп, оның оңды қасиеттеріне жаңа әлеуметтік нормаларын белгілейді. «Ғылым таппай мақтанба...», «Интернатта оқып жүр...», «Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат...», «Бір дәурен келді күнге боз балалық...» - деген өлеңдері мен он бесінші, он сегізінші, он тоғызыншы, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз тоғызыншы т.б. ғақлия сөздерінде әлеуметтік өмірде қандай нәрседен қашық болып, қандай мінез-құлық, адамдық қасиеттерге асық болу қажеттігін ескертеді. «Ғылым таппай мақтап ба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншаақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой -

Бес асыл іс көнсеңіз..» - деп адамның әлеуметтік қасиеттерін жинақтап көрсетеді. Кісінің адамшылық қасиетін бірінші орынға қояды. Адам болам десең, байлық пен озбай ақыл, әлеуметтік, ғылым, ар, жақсы мінезбен оз дейді. Абай қазақ қоғамында жан-жақ ты жетілген адамды арман ете отырып, оның мінезді болуына, мінездің әлеуметтік өміріндегі қызметіне айрықша мән береді. Абай – демократ қызметіне, халықтың шығармашылық, күшіне сенеді. Туған халқын барынша сүйгендіктен оның әлеуметтік, өміріндегі кемшілігін мініп, соны жоюға күш салады. Өз мінін

көре алмаған халықтың прогреске ұмытылмайтынын түсінді. Сондықтан ол кертартпа дәстүрлерге қатал да батыл қарсы күресті, әлеуметтік өмірдің жаңа да озық өлшемдерін уағыздады. Өз шығармаларында прогресшіл әлеуметтік күштердің мүддесін қорғады. Кемеңгер Абай атамыздың әлеуметтік ойлары – әлеуметтік іліміне қосылған баға жетпес үлес деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов, Л. М. Әуезова, Б. Г. Ерзакович т. б.). Алматы: 1995. – 720 бет.
2. Abai.kz ақпараттық порталы.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

№1 АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ	4
АБАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ	
Мырзабай А.	5
А. ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР	
Өтеген З.Б.	8
№2 АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ	12
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ	
Ағатаева Б.Ж.	13
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ	
Алтыбаева Н.Б.	18
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ	
Андалиева Г.С.	21
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ ЖАСТАРҒА ҮГІТ	
Арсланбаева А.А.	23
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАҒАТЫ	
Басшықызы Д.	26
АБАЙ МҰРАСЫ – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ҚАЗЫНАСЫ	
Бекқали М.Қ.	28
ЭКОНОМИКА САЛАСЫН АБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК АРНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ	
Капаева Г.Б.	33
АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗАРАСТАРЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫНА ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ	
Көкшеева З.Т.	35
АБАЙ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ	
Құрманғазыева М.Қ.	38
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ	
Манашева Р.Е.	43
АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	
Марқабаетова Г.А.	45
АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ – ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ	
Нурмухамбетова Ж.К.	47
АБАЙ ОЙЛАРЫ ЕРМЕК ҮШІН ЕМЕС, КЕЙІНГІГЕ ӨНЕГЕ БІЛІМ БЕРМЕК ҮШІН...	

Орынбасарқызы Ж	50
АБАЙ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	
Сатқанбай Р.Н	55
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ	
Сейдакова А.Е	61
ТӘРБИЕ КӨЗІ ТАРИХЫМЫЗДА	
Узақбаева К.Т	65
№3 АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ (АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУ)	
АБАЙ СӨЗІНІҢ СӨУЛЕСІ – ҰРПАҚҚА МӘҢГІЛІК ҰЛАҒАТ	72
Джақаева Г.Б	73
АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ	
Ермуханова Р.К	77
АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ	
Калдибаева М.А	81
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТАЛДАУ «ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ»	
Күзембаева А.Қ	85
АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ	
Нұрғазиева Ғ	88
ОТРАЖЕНИЕ В ТВОРЧЕСТВА АБАЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX В.	
Сумская В.П	91
АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ. АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ АФОРИЗМДЕРІН ТАЛДАУ	
Тастемирова Д.Б	94
АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ	
Тулешова Н.К	99
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗІ	
Узақбаева Д.Т	104
АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ (АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУ)	
Усенов С.С	106

Көлемі 112 бет
ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі
Мекен жайы: Ақтау қаласы, 27 ш/а, 36 ғимарат

www.college.bolashak.org сайты

Объем 112 стр.
ТОО «Прикаспийский колледж «Болашақ»
Адрес: г.Ақтау, 27 мкр., 36 здание